


А.Ж.Ақбасова, Г.Ә.Саинова



ЭКОЛОГИЯ ПРАКТИКУМЫ

А. Ж. Акбасова, Г. Э. Саинова

Экология практикумы

Оқу күралы

Алматы 2014

УДК 502/504 (075.8)

ББК 20.1 я 73

А 37

*КР Білім жөнене ғылым министрлігі
Коңы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркік
университетіндегі 2012-2013 оку жылындағы № 6 Сенат мажелсіндегі
(ғылыми көзесінде) қаралып, макулданған*

*Оқу құралы 2013 жылғы «ЖОО үздік оқытуышысы»
мемлекеттік ғрантының қаржысының басылды*

Пікір жазғандар: **М. Дүйсебаев**, техника ғылымдарының докторы,
профессор;
М. Жараспаев, техника ғылымдарының докторы,
профессор.

А 37 АҚБАСОВА А.Ж., САИНОВА Г.Ә.

Экология практикумы. Оқу құралы.—Алматы: «Нұрлы Әлем»,
2014. – 236 б.

ISBN 978-601-205-415-6

Оқу құралында экология және тіршілік қауіпсіздігі мәселелерінс көзісты теория негіздері мен қоршаған ортаға ластагыштардың молшері мен ластану дәрежесін табу, техникалық өндірістік нормативтерді анықтау, жылды антропогендік әсерлердің темендету, қоршаған ортаға ластагыш көздердің әсерін бағалау және таты басқада экологиялық жағдайларды сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу арқылы айқындау жолдары берілген.

Оқу құралы республика жөнінде оқу орындарындағы экология мамандықтары бойынша студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, оқытушыларға сондай-ақ оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 502/504 (075.8)
ББК 20.1 я 73

ISBN 978-601-205-415-6

Ақбасова А.Ж., 2014 ж.



АЛҒЫ СӨЗ

XXI ғасырдың басында ең шиелінісден жағдайдың бірі экологиялық мәселелер. Ғылыми-техникалық прогрессін жедел дамуы адамзат өмірін жақсартуға тікелей иті ықпал етумен катар, қоршаған орта нысандары бұрын соңды болмаган экологиялық дагдарыска ұшырауда, атап айтқанда, көптеген құнарлы жерлеріміз техногендік факторлар әсерінен шөлейттену үдерісіне шалдыруды, топырагымыз, езендеріміз, көлдеріміз, теніздеріміз, ауамыз өздігінен тазалау қабілеттіліктерінен айрылууда, осының салдарынан биота екілдерінің тіршілігіне де айтарлыктай қауіптілік төнуде. Осыған байланысты минералды ресурстарды тиімді пайдалану, есімдік пен жануарлар алемін сактау және қорғау, тіршілік ортаның сапасын жақсарту адамзат алдында тұрған манызды мәселелердің бірі. Осы мәселелерді шешуге тікелей көзісіп, атсалысатын бірінші ретте қоршаған ортанды қорғаудың мамандары – экологтар, биологтар, метеорологтар, гидрологтар, океанологтар, топырақтанушылар, т.б.

Ұсынылып отырған оқулыктың басты мақсаты мен алға койған міндетті оқу орындарында оқытын келешек мамандарды өнеркәсіп өндірістерінде орын алатын негізгі экологиялық мәселелері бойынша теориялық және тәжрибелік біліммен қамтамасызданыру жатады. Сонымен катар әр алуан өнеркәсіп салаларында (таукен, металлургия, машина жасау, мұнай мен газ, химия, отыненергетика, көлік, т.б.) табигатты қорғау шараларын жүргізе білуге үйрету. Бұл енбекте келтірілген

есептеу материалдары өндіріс ошагының қоршаган ортага әсерін багалай білуіне комектеседі; қоршаган ортаны көргау әдістері туралы кезкарас қалыптастырады; техникалық шешім кабылдауда экологиялық тиімді бағалау әдістерін жасауга комектеседі.

Экология практикумында қоршаган ортаны көргаудын, табигатты тиімді пайдаланудың, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және оны тұрақты дамытудың қазіргі заманың талаптары ескеріле отырып, халық шаруашылыгының барлық салалары бойынша мамандар дайындауға қажетті материалдар берілген.

Оқулық дайындау барысында еліміздің, жақын және алыс шет елдердің экология, қоршаган ортаны көргау, табигат байлыктарын тиімді пайдалану жоніндегі оқулықтар, оку куралдары, ғылыми еңбектері, нормативтік күжаттары және т.б. материалдары да кеңінен қамтылды.

«Экология практикумы» слімізде алғаш рет шығарылуына байланысты, авторлар ұжымы оқырмандар тарапынан бұзғалықтарынан жақсартуға бағытталған үсіншістар күтеді және оған алдын ала ризашылық білдіреді.

Авторлар

БІРІНШІ БӨЛІМ

1 ТАРАУ

АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАЙТИН ӨНДІРІСТІК ШЫГАРЫНДЫЛАР

1.1 Атмосфералық ауаның құрамы мен құрылышы

Экологиялық ресурстардың ішінде ең маңыздысының бірі – ауа болып есептелінеді. Таза күйінде біздің тіршілігімізге өте қажетті айырбасқа жатпайтын ресурс. Сондықтан бұл сарқылмайды деп есептелінетін ресурсты тиімді пайдаланып, көркей білуіміз қажет. Ауаның тазалығы өсімдіктер мей жапуарлар әлеміне де, бізді қоршаган басқа да нысандарға қажет. Мысалы, ауа таза болмаса металдардан және басқа материалдардан жасалған конструкциялар, үйлер, ғимараттар коррозия тағы басқа үдерістерге ұшырап закымдалады, тез ескіріп істен шыгады. Осыған байланысты атмосфераның барлық қабаттарындағы энергия мен ауаның химиялық құрамын сақтауды қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асырып, қорғап отыру әр өндірістің міндеті. Себебі адамзат тіршілік ететін ортаның жағдайы атмосфералық ауаның физикалық-химиялық қасиеттеріне, оның газдық құрамына, ылғалдылығы мен электрлік қасиетіне тәуелді.

Ауаның физикалық қасиеттерінің ішінде әсіресе температураға ерікшес назар аударған дұрыс. Құн саулесінін ауа арқылы өтіп, Жер бетін қыздыруы және одан ауага қайтарылған жылу атмосфераның ластануымен тікелей байланысты. Осы фактордың өзгеруіне қарай бірката экологиялық тұргыдан қолайсыз мәселелер туындаиды. Мысалы, жылу эффектісі (парникті эффект), жылу инверсиясы, ауа ылғалдылығының

өзгеруі, зиянды заттектер аэрозолдарының пайда болуы, ластанған жауын-шашының түзілуі және т.б.

Теменде келтірілген 1.1-ші кестеде 400-500 км биіктікке дейін атмосфера құрамын сипаттайтын көрсеткіштер берілген. Атмосфералық ауаның құрамында кездесетін басқа заттектер негізінде ластаңыстар болып саналады. Осыған орай адамзаттың алдына койылған ең негізгі міндеттің бірі осы шамадан кеп ауытқылық орын алуға жол бермеу болып саналады.

Кесте 1.1. Атмосфераның химиялық құрамын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

Атмосфераның томенгі қабатындағы құраудың түрлері	Молшері, %		Атмосфера-ның томенгі қабатындағы құраудың түрлері	Молшері, %	
	массалық	колемдік		массалық	колемдік
Азот	75,52	78,09	Азот оксиді	$2,5 \cdot 10^{-3}$	$2,5 \cdot 10^{-4}$
Оттек	23,15	20,94	Сутек	$3,5 \cdot 10^{-6}$	$5 \cdot 10^{-5}$
Аргон	1,28	0,93	Метан	$0,8 \cdot 10^{-4}$	$1,5 \cdot 10^{-4}$
Көміртек диоксиді	0,046	0,033	Азот диоксиді	$8 \cdot 10^{-5}$	$1,5 \cdot 10^{-4}$
Неон	$1,2 \cdot 10^{-3}$	$1,8 \cdot 10^{-3}$	Озон	$10^{-6} \dots 10^{-5}$	$2 \cdot 10^{-6}$
Гелий	$7,2 \cdot 10^{-5}$	$5,2 \cdot 10^{-4}$	Күкірт диоксиді		$2 \cdot 10^{-8}$
Криптон	$7,2 \cdot 10^{-5}$	$1 \cdot 10^{-4}$	Көміртек оксиді		$1 \cdot 10^{-5}$
Ксенон	$7,2 \cdot 10^{-5}$	$8 \cdot 10^{-6}$	Аммиак		$1 \cdot 10^{-6}$


Атмосфера негізінде бірнеше қабаттарға бөлінеді. Оның құрамындағы заттектер күн сәулесінің әсерінен әртүрлі физикалық-химиялық өзгерістерге ұшырап отырады.

Кесте 1.2-де және сурет 1.1-де атмосфераның негізгі қабаттары мен оларда орын алғатын кейбір үдерістерге сипаттама берілген.

Кесте 1.2. Атмосфераның негізгі қабаттарына сипаттама

Атмосфера қабаттары	Температура, °C		Температура-лық градиент, град/км	Теніз деңгейінен жоғары және томенгі шекара, км
	қабаттың томенгі шегі	қабаттың жоғары шегі		
Тропосфера	15	-56	-6,45	0-11
Стратосфера	-56	-2	+1,38	11-50
Мезосфера	-2	-92	+2,56	50-85
Термосфера	-92	1200	+3,11	85-500

Ауа қабаттарының ішінде адамзат тіршілігіне катастыры ең маңызды қабаттың бірі ауаның 80%-на дейін жинақталатын, әрі ең тығыз қабат болып саналатын тропосфера, сонымен катар ультракүлтін сәулелерден сактайтын озон қабаты орналаскан стратосфераны да атап кетуге болады.



Сурет 1.1 – Атмосфера құрылышы

1.1.1 Аудағы коспалардың мөлшерлерін сипаттайтын бірліктер және олардың көлемдерін есептеу жолдары

Ауа құрауыштарының мөлшерлік көлемдерін есептеуге % көлем, млн⁻¹ және млрд⁻¹ немесе шет елдерде, сәйкесінше ppm және ppb колданылады (ppm = млн⁻¹, ppb = млрд⁻¹).

Жоғарыда көлтірілген мөлшер бірліктерінің арасындағы байланыс келесідей:

$$1\% = 0,01 \text{ көлемдік үлес} = 10^4 \text{ млн}^{-1} (\text{ppm}) = 10^7 \text{ млрд}^{-1} (\text{ppb}).$$

Коспалардың массалық мөлшері белгілі көлемдегі газ коспасындағы олардың массасын сипаттайты. Негізінде көбіне осы массалық мөлшерді көрсету үшін mg/m³ немесе мкг/m³ пайдаланылады. Бұл жағдайда бір бірліктен екіншіге өту келесі тендеу арқылы жүргізіледі:

$$C' = \frac{C'' M \cdot 273 \cdot P}{22.4 T \cdot 101,3},$$

бұл жерде:

C' және C'' - газ мөлшері, сәйкесінше mg/m³ және млн⁻¹ берілген;

M – газдың молярлық массасы;

P – кысым, кПа;

T – қарастырылған жағдайдагы ауа температурасы, K;

22,4 – Авогадро саны N_A , ол қалыпты жағдайдагы ($T_0 = 273 \text{ K}$, $P_0 = 101,3 \text{ кПа}$) 1 моль газдың көлемі, дм³.

Аудағы коспалардың мөлшерін 1 см³ немесе 1 м³ ауда болатын газ молекуларының санымен де көрсетуге болады.

Қалыпты жағдайда 1 м³ ауда болатын идеалды газ молекуларының саны түркіті шамага жатады. Бұл шаманы Лошмидт (N) саны деп айтады. 1 см³ көлемде болатын идеалды газ молекулаларының санын анықтайтын формула:

$$N = \frac{N_A}{V_M} = \frac{6,02 \cdot 10^{23}}{22,4 \cdot 10^3} = 2,69 \cdot 10^{19} \text{ молекула} \cdot \text{см}^{-3}$$

Қалыпты жағдайда 1 см³ идеалды газдар коспасындағы әр құрауыштың молекулаларының саны төмендегі формуламен анықталады:

$$N_i = 2,69 \cdot 10^{19} \cdot a_i;$$

бұл жерде:

$2,69 \cdot 10^{19}$, см³ - Лошмидт саны;

a_i - коспадағы i – құрауыштың көлемдік үлесі (бірліктік үлес).

Егерде газдың температурасы мен кысымы қалыпты жағдайға сәйкес болмаса. Лошмидт саны есептеу коэффициентіне көбейтіледі, бұл коэффициентте накты жағдайда идеалды газдың 1 моліне тиісті көлемнің өзгеруі ескерілген. Осы жағдайда коспаның 1 см³ көлеміндегі құрауыш молекулаларының саны келесі тендеумен айқындалады:

$$N_i = \frac{2,69 \cdot 10^{19} \cdot a_i \cdot 273 P}{T \cdot 101,3}$$

бұл жерде:

T – температура, K;

P – қарастырылған жағдайдагы ауа кысымы, кПа.

Аудағы газ бен будын мөлшерлерін парциялдық кысым арқылы да $P_i = P_{\text{жаты}} \cdot A_i$ табуға болады, бұл жағдайда кысым Па немесе кПа-мен ешленеді.

Коспадағы газдың мөлшерін анықтауға Клайперон – Менделеевтің тендеуін колдануға болады:

$$C = \frac{n}{V} = \frac{P}{RT}.$$

бұл жерде:

С – газдың мөлшері, моль / л;

п – V көлеміндегі газ мөлшері, моль;

Р – парциалдық қысым, кПа;

R – универсалды газдық тұрақты шама. Дж / моль · К.

T – ауа температурасы, К.

Тапсырма 1. 1. Егерде аммиактың ісі сезілетін мөлшер 46,6 ррт тен болса, ол $\text{ШРМ}_{\text{м.б.}} = 0,2 \text{ мг}/\text{м}^3$ неше есе аскан болады. Атмосфералық қысым – 100 кПа, T – 25°C.

Есептеу. ШРМ_{м.б.} мағынасы мен ісі сезілетін мөлшерді бірдей елшем бірлігіне келтіру қажет.

Аммиактың мөлшерін $\text{мг}/\text{м}^3$ көрсетуге төменгі тәндеу қолданылады:

$$C' = \frac{C'' M T_0 P}{22,4 T P_0},$$

бұл жерде:

C' және C'' – аммиактың мөлшері, сәйкесінше $\text{мг}/\text{м}^3$ және ррт ;

M – аммиактың молярлық массасы (17 г / моль);

22,4 – Авогадро саны N_A , ол қалыпты жағдайдағы ($T_0 = 273 \text{ K}$, $P_0 = 101,3 \text{ кПа}$) 1 моль газдың көлемі, dm^3 ;

T және P – қарастырылған жағдайдағы температура, K, және ауа қысымы, кПа,

$$C' = \frac{46,6 \cdot 17 \cdot 273 \cdot 100}{22,4 \cdot 298 \cdot 101,3} = 32,0 \text{ мг}/\text{м}^3$$

Енді аммиактың ісі шыққанда оның мөлшері ШРМ_{м.б.} неше есе жоғары болатыны есептелінеді:

$$\alpha = \frac{C'}{\text{ШРМ}_{\text{м.б.}}} = \frac{32,0}{0,2} = 160.$$

Алынған нәтижеге сүйенсек, аммиактың ісі пайда болғанда оның мөлшері нормативтік мөлшерден 160 есе жоғары болған.

Тапсырма 1. 2. Қалыпты жағдайда ауаның 1 см^3 - де формальдегидтің неше молекуласы болады, егерде формальдегидтің мөлшері ШРМ_{м.б.} = 0,035 $\text{мг}/\text{м}^3$ жеткен жағдайда?

Есептеу. 1 м^3 аудадағы формальдегидтің мөлшерін мольмен табу үшін төмендегі формула қолданылады:

$$C = \frac{C'}{M \cdot 10^3},$$

бұл жерде:

C және C' – аудадағы формальдегидтің мөлшері, сәйкесінше, $\text{моль}/\text{м}^3$ және $\text{мг}/\text{м}^3$;

M – формальдегидтің молярлық массасы (30 г/моль);

10^3 – молярлық массаны г/моль–ден мг/моль–ге айналдыру коэффициенті.

ШРМ_{м.б.} тен формальдегидтің мольдік мөлшері:

$$C = \frac{0,035}{30 \cdot 10^3} \text{ моль}/\text{м}^3 = 1,17 \cdot 10^{-6} \text{ моль}/\text{м}^3$$

1 см^3 аудадағы молекулалардың саны, молекула / см^3 ,

$$N = C \cdot 10^6 \cdot N_A,$$

бұл жерде:

C – формальдегидтің мөлшері, $\text{моль}/\text{м}^3$;

10^{-6} – м^3 -тен см^3 айналдыру коэффициенті:

N_A – Авогадро саны, молекулалар / моль:

$$N = 1,17 \cdot 10^{-6} \cdot 10^{-6} \cdot 6,02 \cdot 10^{23} = 7,0 \cdot 10^{11}$$

$$\text{молекулалар / см}^3 = 7,0 \cdot 10^{11} \text{ см}^3.$$

Формальдегидтің мөлшері ШРМ_{м.о.} тенелгендегі, ауаның әрбір 1 см³ 7,0 · 10¹¹ молекула болады.

Тапсырма 1.3. Жазды күні сағат 12-де ауаның температурасы 30⁰ С-ге тең болған, ал кешке карай 15⁰ С-ге дейін төмендеген. Егерде түсте ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $\phi = 40\%$ шамасында болса кешке таман шык тусуі мүмкін бе?

Есептеу. 30⁰ С $P_{abc} = 0,04187$ атм; 15⁰ С $P_{abc} = 0,01683$ атм. Түс кезіндегі су буының парциялдық қысымы анықталады:

$$P(H_2O; 30^0 C) = P(30^0 C)_{abc} \quad \phi = \frac{0,04187 \cdot 40}{100} =$$

$$0,01675 \text{ атм.}$$

Енді осы мағынаны 15⁰ С су буының парциялдық қысымымен салыстырамыз:

$$P(H_2O; 30^0 C) = 0,01675 < 0,01683 = P(15^0 C)_{abc}$$

Сонымен, су буы жинақталып сұйық түрге айналмайды, яғни шық болмайды.

Тапсырма 1.4. Атмосфераның жалпы массасы $5 \cdot 10^{15}$ тонна. Ол тек азоттан, оттектен, аргоннан тұрады деп санап, олардың белгілі көлемдік мөлшерлерін алып, атмосфералық аудағы оттектің мөлшерін анықтау қажет.

Есептеу. Бірінші ретте газ қоспасының молярлық массасы, немесе ауаның орташа молярлық массасы төмөнгі формуламен анықталады:

$$M_{ayu} = M_{azot} \cdot \alpha_{azot} + M_{ottek} \cdot \alpha_{ottek} + M_{argon} \cdot \alpha_{argon},$$

бұл жерде:

M_{azot} , M_{ottek} , M_{argon} – сәйкесінше, газдардың орташа молярлық массалары, г/моль;

α – аудағы әр газдың көлемдік үлестері.

$$M_{ayu} = 28,01 \cdot 0,7810 + 32,0 \cdot 0,2095 + 39,0 \cdot 0,0095 = 28,96$$

$$\text{г/моль.}$$

Ауаның жалпы массасын (Q, g) және орташа молярлық массасын (M_{ayu} , г/моль) біле отырып, атмосферадағы ауаның жалпы мөлшерін, яғни молінің саны (N_{ayu}) төмөндеңі қатынас арқылы табылады:

$$N_{ayu} = \frac{Q}{M_{ayu}};$$

$$N_{ayu} = \frac{5,0 \cdot 10^{15} \cdot 10^6}{28,96} = 1,7 \cdot 10^{20} \text{ моль,}$$

бұл жерде 10^6 – тоннаны грамга айналдыру коэффициенті.

Көспадағы газдардың мольдік және көлемдік үлестері бір-біrine тең болғандықтан, атмосферадағы оттек молінің санын табуга болады:

$$N_{ottek} = N_{ayu} \cdot \alpha_{ottek} = 1,7 \cdot 10^{20} \cdot 0,2095 = 3,6 \cdot 10^{19} \text{ моль.}$$

Енді атмосферадағы оттектің массасы (кг) табылады:

$$Q_{ottek} = N_{ottek} \cdot M_{ottek} = 3,6 \cdot 10^{19} \cdot 32,00 = 11,5 \cdot 10^{20} \text{ г} = 11,5 \cdot 10^{17} \text{ кг}$$

Тапсырма 1.5. Жермен жаңаскан аудағы азот молекулаларының орта квадраттық жылжуын жылдамдығын анықтау.

Есептеу. Газдар молекулаларының жылжуын сипаттайтын орта квадраттық жылдамдық (m/s) келесі формуламен есептелінеді:

$$\omega = \frac{3RT^{1/2}}{M},$$

бұл жерде:

$$R - \text{универсалды газдық тұрақты шама, } R = \frac{8,314 \text{ Дж}}{\text{холе} \cdot \text{К}};$$

T – газдың температурасы, K;

M – газдың молярлық массасы, г/моль.

Ауа температурасының орташа магынасы 15°C -ке тән деп алымады. Осы ауа қабаты үшін азот газына қатысты орта квадраттық жылдамдық:

$$\omega = \sqrt{\frac{3 \cdot 8,314 \cdot 287}{28,0 \cdot 10^{-3}}} = 505 \text{ m/s} \text{ тен болады.}$$

Тапсырма 1.6. Атмосферага түскен заттектердің, әсіресе ластағыштардың сакталу уақыты мен ауа кеңістігінде жойылуы экологиялық тұргыдан өте маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Тропосферада қоспалардың сакталу уақытын бағалай отырып, олардың жылжуы арқылы ауда таралуына сипаттама беруге болады.

Мамандардың бағалаудың сүйенсек, атмосфералық аудағы су буының көлемі 12900 km^3 -дей, ал оның атмосфералық жауын-шашын ретінде жер беті мен мұхиттарға оралатын мөлшері жылына $577 \cdot 10^{12} \text{ m}^3$ құрайды.

Есептеу. Динамикалық тепе-тендік орнаган жағдайда атмосферада құрауыштардың болатын орташа мерзімі (τ):

$$\tau = \frac{A}{Q},$$

бұл жерде:

τ – заттектің атмосферада болатын уақыты;

A - атмосферадағы заттектің мөлшері;

Q – заттектің атмосфераға түсетін немесе одан шығатын жылдамдығы.

$$\tau = \frac{12900 \cdot 10^9}{577 \cdot 10^{12}},$$

бұл жерде $10^9 - \text{km}^3$ -ті m^3 айналдыру коэффициенті.

$$\tau = 2,23 \cdot 10^2 \text{ жыл} = 8,16 \text{ күн}$$

Сонымен су буы атмосферада орташа 8 күн болады.

Тапсырма 1.7. Жер бетінен атмосферага 550 млн. т метан түседі дейік. Орта есептеп 90% аудаң тұратын атмосфера қабатында $1,7 \text{ млн}^{-1}$ метан болады. Осы атмосфера қабатында метан қанша уақытқа дейін болатынын анықтау кажет, ол атмосфералық басқа бөлігінде болмаған жағдайда.

Есептеу. Жалпы атмосферадағы ауаңың мөлшерін $1,7 \cdot 10^{20}$ моль деп алғатын болсак, 90% атмосфера қабатындағы мольдік мөлшер.

$$n_{\text{мет}} = 1,7 \cdot 10^{20} \cdot \frac{90}{100} = 1,53 \cdot 10^{20} \text{ тен болады.}$$

Ал бұл атмосфера қабатындағы метанның мольдік мөлшері томенгі формула арқылы айқындалады:

$$n_{\text{хетак}} = n_{\text{мет}} \cdot C_{\text{хетан}}.$$

бұл жерде $C_{\text{метан}}^*$ – аудағы метан молекулаларының көлемдік үлесі, берілген есеп бойынша $C_{\text{метан}}^* = 1,7 \text{ млн}^{-1} = 1,7 \cdot 10^{-6}$.

Сонда

$$n_{\text{метан}} = 1,53 \cdot 10^{20} \cdot 1,7 \cdot 10^{-6} = 2,6 \cdot 10^{14} \text{ моль.}$$

Ал қарастырылып отырған атмосфера қабатында метанның массасы

$$Q_{\text{метан}} = n_{\text{метан}} \cdot M_{\text{метан}},$$

бұл жерде:

$M_{\text{метан}}$ – метанның молярлық массасы (16 г/моль);

$$Q_{\text{метан}} = 2,6 \cdot 10^{14} \cdot 16 = 41,6 \cdot 10^{14} \text{ г} = 41,6 \cdot 10^8 \text{ т.}$$

Метанның атмосферада болатын уақыты

$$\tau = \frac{41,6 \cdot 10^8}{550 \cdot 10^6} = 7,56 \text{ жылды құрайды.}$$

Тапсырма 1.8. Азот оксиді (NO) аудағы оттек молекуласымен және озонмен реакцияга түсіп тотығатыны белгілі. Жермен жанасқан атмосфералық ауда азот оксидінің жарты мөлшерге дейін азаюына қанша уақыт қажет екенін анықтал, осы үдеріске, яғни азот оксидінің тотығуына, қайсысының оттектің бе немесе озонның бағлары екенін айқындау қажет. Аудағы азот оксидінің молекулалар мөлшері $2 \cdot 10^9 \text{ см}^{-3}$, ал озонның мөлшері $15 \text{ млрд}^{-1} \text{ тен} \text{ деп алынады.}$

Азот оксидінің тотығуына қатысты реакциялар жылдамдықтарының константалары оттек пен озон үшін

$$K_{\text{оттек}} = \frac{1,93 \cdot 10^{-28} \text{ см}^6}{\text{молекула} \cdot \text{с}} \quad \text{және}$$

$$K_{\text{оzon}} = \frac{1,9 \cdot 10^{-12} \text{ см}^3}{\text{молекула} \cdot \text{с}} \text{ тен.}$$

Ауа температурасы – 288 K, кысым – 101,3 кПа

Есептеу. Азот оксидінің жартылай мөлшері молекулалық оттекпен реакцияға түсіп, аудан шығуына қанша уақыт қажет екені анықталады.

Тотығу үдерісі келесі тендеу негізінде отеді:



NO-ның тотығу үдерісінің жылдамдығы, $\text{см}^3 \cdot \text{с}^{-1}$,

$$V_{\text{NO}} = K_{\text{оттек}} [O_2] [NO]^2,$$

бұл жерде:

$K_{\text{оттек}}$ – үшінші реттік реакция жылдамдығының константасы, $\text{см}^3 \cdot \text{с}^{-1}$;
 $[O_2]$, $[NO]$ – аудағы оттек пен азот оксидінің мөлшерлері, см^{-3} .

Жермен жанасқан ауа қабатындағы оттек молекулаларының мөлшері 20,95%-та тен, онда

$$[O_2] = \frac{2,55 \cdot 10^{19} \cdot 20,95}{100} = 5,34 \cdot 10^{18} \text{ см}^{-3},$$

бұл жерде: $2,55 \cdot 10^{19} - 1 \text{ см}^{-3}$ аудағы молекулалар саны ($T = 288 \text{ K}$).

Аудағы оттек молекулаларының мөлшері азот оксидінің молекулаларынан анағұрлым жоғары болғандықтан, азот оксиді NO тотықканда O_2 мөлшері өзгермейді деп қарастыруға болады. Сондықтан азот оксидінің тотығу үдерісінің жылдамдығын келесі тендеумен көрсетуге болады:

$$V_{NO} = K_{\text{оттек}} \cdot [NO]^2,$$

бұл жерде $K_{\text{оттек}}$ – екінші реттік реакция жылдамдығының константасы:

$$\begin{aligned} K_{\text{оттек}} &= K_{\text{отт.к.}} \cdot [O_2] = 1,93 \cdot 10^{-38} \cdot 5,34 \cdot 10^{18} = \\ &= 10,31 \cdot 10^{-20} \text{ см}^3 \text{ с}^{-1}. \end{aligned}$$

Жартылай мөлшерде көлемнің азауына қажетті уақыт немесе мерзім екінші реттік реакциялар үшін келесі тәңдеу арқылы анықталады:

$$t_{1/2} = \frac{1}{K \cdot C},$$

бұл жерде:


K – екінші реттік реакция жылдамдығының константасы, $\text{см}^3 \text{ с}^{-1}$;

C – бастапқы реагенттің мөлшері, см^3 .

Карастырылып отырған жағдайда

$$t_{1/2} = \frac{1}{K_{\text{оттек}} \cdot [NO]} = \frac{1}{10,31 \cdot 10^{-20} \cdot 2 \cdot 10^8} = 4,85 \cdot 10^7 \text{ с} = 1,5 \text{ жыл.}$$

Енді азот оксиді озонмен реакцияға түскенде оның мөлшерінің жартысы жермен жаңасқан аудан шығуына қажетті уақыт анықталады. Бұл жағдайда жүретін реакция:



Реакция жылдамдығы:

$$V_{NO} = K_o \cdot [NO] \cdot [O_3],$$

бұл жерде:

V_{NO} – азот оксидінің озонмен тотығу үдерісінің жылдамдығы, $\text{см}^{-3}/\text{с}$;

K_o – екінші реттік реакция жылдамдығының константасы (тұрақты шамасы), $\text{см}^{-3}/\text{с}$;

$[NO]$ және $[O_3]$ – сәйкесінше, азот оксиді мен озонның аудағы мөлшерлері, см^{-3} .

Есептің шарты бойынша жермен жаңасқан аудағы озон молекулаларының мөлшері 15 млрд⁻¹, бұл шама см^{-3} -ке айналдырылса, онда:

$$[O_3] = 2,55 \cdot 10^{19} \cdot 15 \cdot 10^{-9} = 3,82 \cdot 10^{11} \text{ см}^{-3}-\text{ке} \text{ тен болады},$$

бұл жерде 10^{-9} – млрд⁻¹ шамадан көлемдік үлеске ауыстыруға колданылатын коэффициент.

Озонаның мөлшері азот оксидінен 100 есендегі үстінде жоғары болғандықтан азот оксидіне жұмысалған озонаның мөлшері айтарлықтай өзгермейді, яғни оның мөлшері өзгермейді деуге болады. Осы жағдайда жалған бірінші реттік реакцияның жылдамдығын келесі формуламен көрсетуге болады:

$$V_{NO} = K_o \cdot [NO],$$

бұл жерде K_o – жалған бірінші реттік реакцияның жылдамдылық константасы:

$$K_o = K_o \cdot [O_3] = 1,8 \cdot 10^{-14} \cdot 3,825 \cdot 10^{11} = 6,88 \cdot 10^{-3} \text{ с}^{-1}$$

Бірінші реттік реакция үшін реагенттің жартылай жойылуын анықтауға колданылатын формула:


$$t_{1/2} = \frac{0,693}{K}$$

бұл жерде K – бірінші реттік реакцияның жылдамдылығының константасы:

$$t_{1/2} = \frac{0,693}{6,88 \cdot 10^{-3}} = 100,7 \text{ с} = 1,7 \text{ минут.}$$

Сонымен азот оксидінің оттекпен және озонмен тотыгу кезінде жартылай мөлшерінің төмөндеуін озонға қатысты деуге болады.

Тапсырма 1.9. Тропосферадағы күкірт диоксидінің өзгеру үдерісінің жылдамдығын бағалау үшін SO_2 қатысты газфазалы және сұйық фазалы жағдайда жүретін тотыгу үдеріс жылдамдықтарының қатынасын анықтау қажет, бұл үдерістерге негізгі үлес қосатын келесі тәмемде келтірілген реакциялар деп қарастырсақ:



Тотыгу реакциялар жылдамдықтарының константалары:

$$K_1 = 9 \cdot 10^{-13} \text{ см}^3 / (\text{молекула} \cdot \text{с}); K_2 = 1 \cdot 10^3 \text{ л} / (\text{моль} \cdot \text{с}).$$

Газды фазадағы қоспалардың мөлшерлері:

$$[\text{OH}] = 5 \cdot 10^6 \text{ см}^{-3}; [\text{SO}_2] = 10^{-4} \% \text{ көлемдік};$$

$$[\text{H}_2\text{O}_2] = 10^{-7} \% \text{ көлемдік.}$$

Температурасы 25°C -қа тең және кұрамында әр ауа л-не келетін бос судың мөлшері а) 0; б) 0,0001; в) 0,01г болатын жағдайдағы атмосфералық ауаға қатысты есептеуді жүргізу. Суда ерігенде газды фазадағы SO_2 мөлшері өзгермейді деп санau қажет. Газдарды Генри заңына бағынышты идеалды деп қарастыру керек. Қысым 1 атм. тең деп алынады.

Есептеу: Газды фазадағы SO_2 тотыгу жылдамдығы

$$V_i = K_i \cdot [\text{OH}] \cdot [\text{SO}_2],$$

бұл жерде:

K_i – реакция жылдамдығының константасы;

$[\text{OH}]$ және $[\text{SO}_2]$ – газды фазадағы реагенттер мөлшерлерінің мәні.

Реакция жылдамдығын анықтау үшін SO_2 мөлшерінің көлемдік үлеспен (пайызбен) берілген мәнін cm^{-3} ауыстырамыз:

$$[\text{SO}_2] = \frac{\text{SO}_2 N_A T_O}{100 V_M T_i} = \frac{10^{-4} \cdot 6,02 \cdot 10^{23} \cdot 273}{(100 \cdot 22,4 \cdot 10^3 \cdot 298)} = 2,46 \cdot 10^{13} \text{ см}^{-3}$$

Газды фазада жүретін тотыгу үдерісінің жылдамдығы:

$$V_i = 9 \cdot 10^{-13} \cdot 5 \cdot 10^6 \cdot 2,46 \cdot 10^{13} = 1,1 \cdot 10^8 \text{ молекулалар}/(\text{см}^3 \cdot \text{с})$$

Атмосферада бос (сұйықтамшы) су болмаған жағдайда сұйық фазада тотыгу үдерісінің журуі мүмкін емес, сондыктан үдеріс жылдамдығы толығымен газды фазада жүретін тотыгу үдерісінің жылдамдығымен анықталады. Ауада сұйықтамшы су болса сұйық фазадағы тотығудан бұрын газдардың суда еруі жүреді.

Генри заңына сәйкес ерітіндідегі құрауыштардың мөлшерлері тәмендегі формуламен анықталады:

$$C_i = K_{ri} \cdot P_i,$$

бұл жерде:

K_{ri} – i-құрауышына қатысты Генри константасының мәні;

P_i – газды фазадағы құрауыштардың парциалдық қысымы.

SO_2 сұйық фазада тотығуының алдында SO_2 және H_2O_2 суда ериді. Бұл газдар үшін температура 25°C кезінде Генри константаларының магыналары келесідей болады:

$$K_r \text{SO}_2 = 5,4 \text{ моль/(л·атм)}; \\ K_r \text{H}_2\text{O}_2 = 1 \cdot 10^5 \text{ моль/(л·атм)}.$$

Жалпы ауа қысымы және газды фазадагы құрауыштардың көлемдік үлестері белгілі болса, парциалды қысымды оңай табуға болады:

$$P_{\text{SO}_2} = 10^{-4} \cdot 10^{-2} \cdot 1 = 10^{-6} \text{ атм}; \\ P_{\text{H}_2\text{O}_2} = 10^{-7} \cdot 10^{-2} \cdot 1 = 10^{-9} \text{ атм}$$

Ерітіндідегі құрауыштардың мөлшерлері:

$$C_{\text{SO}_2} = 5,4 \cdot 10^{-6} \text{ моль/л} \\ C_{\text{H}_2\text{O}_2} = 1 \cdot 10^5 \cdot 10^{-9} = 10^{-4} \text{ моль/л}$$

Сұйық фазада SO_2 тотығуының жылдамдығы

$$V_2 = K_2 \cdot C_{\text{SO}_2} \cdot C_{\text{H}_2\text{O}_2} = 1 \cdot 10^3 \cdot 5,4 \cdot 10^{-6} \cdot 10^{-4} = \\ = 5,4 \cdot 10^{-7} \text{ моль/(л·с)}.$$

Сұйық фазада анықталған SO_2 тотығу жылдамдығының мәні ерітіндінің әр литрінде секунд сайын SO_2 $5,4 \cdot 10^{-7}$ молі тотығатынын көрсетеді. Бұл магнитаны жоғарыда есептеу арқылы алған құқіртті газдың газалық фазада тотығу жылдамдығымен салыстыру киындау, себебі ол әр cm^3 ауда секундына тотығатын молекулалар санын көрсетеді. Сондыктan, ауадағы ылғалдың мөлшері белгілі болса және ерітіндінің тығыздығын судың тығыздығына тең деп алып, сұйық фазадағы SO_2 тотығу жылдамдығының мәнін салыстырмалы өлшем бірліктеріне келтіреміз:

$$V_2 = \frac{V_2 \cdot n \cdot N_A}{\rho},$$

Бұл жерде V_2 -нің өлшем бірлігі $\text{молекула}/(\text{см}^3 \cdot \text{с})$, ал V_2 -нің моль/л.

n – ауадағы сұйықтамшы суының мөлшері, $\text{г(судың)}/\text{см}^3$ (ауданы);

N_A – Авогадро саны;

ρ – судың тығыздығы, г/л .

Сандық мәндерді тиісінше кою арқылы ауадағы ылғалдылық мөлшері мен тотығу жылдамдығының арасындағы тәуелділікте табамыз:

$$V_2 = \frac{5,4 \cdot 10^{-7} \cdot n \cdot 6,03 \cdot 10^{23}}{1000} = 32,5 \cdot 10^{13} n$$

Ауадағы судың мөлшері $n = 0,0001 \text{ г/л}$ тең болған жағдайда (вариант б), сұйық және газды фазаларда SO_2 тотығу жылдамдығының катынасы

$$\alpha = \frac{V_1}{V_2} = \frac{1,1 \cdot 10^8}{(3,25 \cdot 10^{14} \cdot 0,0001 \cdot 10^{-3})} = 3,4$$

$n = 0,01 \text{ г/л}$ болған жағдайда (вариант в)

$$\alpha = \frac{V_1}{V_2} = \frac{1,1 \cdot 10^8}{(3,25 \cdot 10^{14} \cdot 0,01 \cdot 10^{-3})} = 0,034$$

Сонымен а) ауада сұйықтамшы су болмаған жағдайда құқірт диоксидінің тотығу жылдамдығы газды фазадағы тотығу үдерісімен анықталады; б) ауадағы ылғалдылық мөлшері 0,0001 г/л тең болған жағдайда, SO_2 тотығу жылдамдығы газды фазада сұйық фазадағы тотығу жылдамдығынан 3 есе артады; в) ауадағы ылғалдылық мөлшері 0,01 г/л тең болған жағдайда, сұйық фазадағы тотығу үдерісі үлкен жылдамдықпен жүреді. Бұл жағдайда SO_2 тотығу жылдамдықтарының катынасы сұйық және газды фазада 0,03 тең болады.

Тапсырма 1.10. Аудағы аэрозольдердің массалық мөлшерлерін анықтағанда қолданылатын өшім бірліктерге mg/m^3 , g/m^3 немесе қөлемге көтүстү cm^{-3} , m^{-3} жатады. Сонымен ката аэрозольдардың шамалық мөлшерін бағалау үшін, ете тиімді жағдайдаң бірі, бөлшектердің қанша беттік қабат қолеміндегі монокабат түрінде орналасатынын да білген орынды. Сол себебтен келесі есептеу жолдары қарастырылады.

Жұмыс орнындағы ауаның ар кубометрінде шамның мөлшері шектік рауалы мөлшер деңгейімен $\text{ШРМ}_{ж,0} = 6 \text{ mg/m}^3$ сәйкес жағдайда, шамның қанша бөлшектері осы ауа қолеміндегі болуы мүмкін? Шам бөлшектерінің пішіндері бірінгай сфералық, диаметрлері $d = 0,5 \text{ мкм}$, тығыздығы $\rho = 4 \text{ g/cm}^3$.

Есептеу. Есептеуге беріліп отырған жағдай бойынша ауаның бір кубометрінде 6 mg шам бар және шам бөлшектері бірқалыпты сфералық пішінде. Осыған байланысты есепті шешу үшін 1m^3 аудағы жалпы шамның массасын жалғыз бөлшектің массасына белу арқылы шам бөлшектерінің санын онай табуға болады. Бір бөлшектің массасын табу үшін оның қолемі V мен тығыздығы ρ жеткілікті, себебі келесі формула қолданылады:

$$m_b = V \cdot \rho.$$

Сфералық пішінді бөлшектер үшін

$$V = \frac{\pi \cdot d^3}{6}$$

Онда

$$m_b = \frac{3,14 \cdot (0,5 \cdot 10^{-6})^3 \cdot 4}{6} = 0,26 \cdot 10^{-12} \text{ g} = 0,26 \cdot 10^{-9} \text{ mg}$$

1m^3 аудағы бөлшектердің саны

$$n_b = \frac{C}{m_b},$$

бұл жерде:

C – бөлшектердің саны, mg/m^3 ,

$$n_b = \frac{6}{0,26 \cdot 10^{-9}} = 23 \cdot 10^9 \text{ бөлшектер}/\text{m}^3$$

Сонымен 1m^3 ауда $23 \cdot 10^9$ бөлшектер болады.

Тапсырма 1.11. Қабырғаларының ауданы 2 m^2 келетін ыдыска 1л ластанған ауа сынауы енгізілді. Аудағы біркелкі аэрозольдік сфералық пішіндегі бөлшектердің қолемі 10^{-6} cm^{-3} тен болды. Ыдыстың қанша беттік ауданын бөлшектер басты, егерде олардың орташа диаметрі $0,5 \text{ мкм}$ -дей болса?

Есептеу. Беттік қабатта сфералық пішіндегі бір бөлшектің алатын орны немесе оның проекциясы, сфералық ортасынан ететін көлденең киманың ауданына тең:

$$S_1 = \frac{\pi d^2}{4},$$

бұл жерде:

d – бөлшектің диаметрі, $d = 0,5 \cdot 10^{-6} \text{ m}$.

$$S_1 = 0,2 \cdot 10^{-12} \text{ m}^2,$$

Барлық бөлшектердің орналасатын ауданы,

$$S = S_1 \cdot N \cdot V,$$

бұл жерде:

N – аудан алған сынаудың әр бір кубометрінде болатын бөлшектердің қолемі, cm^{-3} ;

V – ауа сынауының қолемі, cm^3

$$S = 0,2 \cdot 10^{-12} \cdot 10^6 \cdot 1 \cdot 10^3 = 0,2 \cdot 10^{-3} \text{ m}^2.$$

Бұдыс қабырғасының бөлшектер орналасқан ауданының үлесі:

$$\alpha = \frac{S}{S_{\text{база}} \cdot 2} = \frac{0.2 \cdot 10^{-3}}{2} = 10^{-4}.$$

1.2 Атмосфералық ауа шығарындыларына сипаттама

Ауаны ластайтын зиянды заттектерге (33) - адам организмімен жанасқанда ендірістік жаракатқа, кәсіптік ауруға немесе денсаулық жагдайын кінәрратауға душар ететін, ағзаның осуіне, дамуына не жай-күйіне, үрлактар жалғасына әсерін тигизетін химиялық элементтер мен оның қосылыстары жатқызылады.

Ластағыштардың зияндық әсері тек адамға ғана қатысты емес, өсімдіктер мен жануарлар әлемін де қолайсыз күйге ұшыратады. Мысалы, күкірт диоксиді өсімдіктердің жасушаларына еніп, олардың тіршілік қабілетін тежейді. Өсімдіктердің жапырақтары біртіндеп қоңыр түске таңбаланып, күргап, солып қалады. Күкірт диоксидімен катар азот оксидтері және басқа ластағыштар екінші рет ауада өзгерістерге түсіп, қышқылға басқада улылығы жоғары қосылыстарға айналып отырады. Ал қышқылды жауын-шашын су нысандарына түсіп, немесе топыраққа сініп, осы экожүйелерді мекендейтін микроағзалардың, басқада жануарлар оқілдерінің, балыктар мен су өсімдіктерінің күрт азайына әкеледі.

Антрапогендік көздерден атмосферага шығарылған кемірсутектері мен азот оксидтері фотохимиялық реакцияларға түсіп, жаңа түрдегі ластағыштарды, атап айтқанда, озонды, альдегидтерді тағы басқа қауіпті заттектерді түзеді.

Ауада зиянды заттектер үш агрегаттық күйде: қатты, сұйық (ауа тозаңын түзетін бөлшектер) және газды түрде болады.

Атмосфералық ауа әр ластаушы көз бір немесе бірнеше зиянды ингредиенттердің жіберіп отырады. Зиянды шығарындылар сыртқы факторлардың (желдің күші, температура, жер бетінің ой-қыры, т.б.) әсерімен ауада

таралады, осының нәтижесінде олардың құрамының өзгеруімен катар, ауа орталығындағы молшері де ластаушы көзден алшактаған сайын төмендеп отырады.

Ауаның зиянды заттектермен ластануына үлкен үлес қосатын өнеркәсіп салаларына металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп, энергетика, құрылым индустриясы, көлік жатады. 1.3-ші кестеде негізгі өндіріс салаларының ауаға шыгаратын зиянды заттектерінің құрамы мен олардың таралу аймағына қатысты мәліметтер көлтірлген.

Кейбір технологиялық үдерістерден бөлінетін зиянды заттектердің молшері көп болған жағдайда жұмыс орнының аймағына қатысты жерде олар ауаның құрамын өзгертіп, атмосфералық ауаны бірталай өзгеріске әкелуі мүмкін. Бөлінетін газдар мен бу тәрізді заттектер қатты немесе сұйық бөлшектермен араласып аэродисперстік жүйе, нактылай айтқанда аэрозольдарды түзуі мүмкін. Аэрозоль деп қалқыма қатты немесе сұйық бөлшектері бар ауаны немесе газды айтады. Аэрозольдар шаңға, тұтінге, тұманға бөлінеді. Шаң немесе тутін ол ауа немесе газдан және оларда таралған қатты заттектердің бөлшектерінен тұратын жүйе, ал тұман дегеніміз ауа немесе газдан және сұйықтықтардың бөлшектерінен тұратын жүйе.

Шаңның қатты бөлшектерінің ірілілігі 1 мкм-ден (1 микрометр = 10^{-6} м) жоғары болады, ал тутінде керісінше бұл магынадан төмен. Шаң қатты бөлшектердің ірілілігіне қарай үш топқа: ірідисперсті (қатты бөлшектердің өлшемі 50 мкм-ден жоғары), ортадисперсті (10-дан 50 мкм-ге дейін) және майдадисперсті (бөлшектердің өлшемі 10 мкм-ден төмен) болып бөлінеді. Тұмандағы сұйықтық бөлшектерінің өлшемі әдетте 0,3 – 5 мкм аралығында болады.

К е с т е 1.3. Өнеркәсіп салаларының негізгі шығарындылары мен олардың тарапу аймактары

Өнеркәсіп саласы	Шығарындықұрамы	Мұржа биіктігі, м	Шығарындылардың тарапу аймагы, км
Металлургия	Түтін, шан, корғасын, сынап, мышьяк, сурьма, т.б. металдар косылыстары, қышқылды оксидтер	80 ... 200	1,5 ... 3,5
Химия	Шан, хлор, винилхлорид, әртүрлі химиялық косылыстар	25 ... 40	0,5 ... 1
Машина жасау	Майлар, қышқылдар, сілтілер		0,25 ... 0,5
Женіл өнеркәсібі	Бояулар, аммиак, ацетон		4
Күрүлес индустриясы цемент магнезит асбест агаш ондау	Цемент, эк, шан Шан, гипс Шан, асбест Шан, шайыр, көміртек оксиді, еріткіштер		2 ... 3 1 ... 1,5 3 1 ... 1,5
Энергетика (ЖЭО)	Түтін, күл, күкірт (IV) оксиді		2,5 ... 5
Келік	Көміртек (II) оксиді, азот оксидтері, көмірсутектері, күйе, күкірт диоксиді, формальдегид, бенз(а)пирен, корғасын косылыстары		

Зиянды заттектер адам ағзасына негізінде дем алғанда аудан немесе тері және тағамдар арқылы туседі. Олардың азаттаға енген мөлшеріне, түрлері мен қабылданған уақытына қарай әсерлері тиімді болады.

Әсерлеріне сәйкес зиянды заттар алты топқа: жалпы улағыш, тітіркендіргіш, түршіктіргіш, канцерогенді. мутагенді және адам ағзасының өсімталдық функциясына әсер тигізетін заттарға бөлінеді.

Жалпы улағыш зиянды заттар – бүкіл ағзаны ұлатын немесе ағзанын жекелеген жүйесінің (орталық жүйек жүйесі, шеткі жүйек жүйесі және қаноңдіру жүйесі) закымдануын тудыратын, сондай-ақ бауырдың, бүйректің патологиялық өзгерісін тудыратын заттектер. Оларға көміртек оксиді, корғасын, сынап, күшала және оның косылыстары, бензол, циан косылыстары және т.б. жатады.

Тітіркендіргіш заттар – тыныс алу жолдарының шырышты қабығын, көз, өкпе, тері қабаттарының тітіркенуін тудыруши заттар. Оларға хлор, аммиак, ацетон, азот және күкірт оксидтері, озон және тағы бірқатар басқа заттар жатады.

Түршіктіретін (сенсибилизаторлар) заттардың әсері аллергендердікіне ұқсас, яғни олар аллергияның пайда болуына әкеледі. Түршігуді тудыруши заттарға формальдегид, әртүрлі нитрокосылыстар, никотинамид, гексахлоран, бериллий және оның косылыстары, темір, кобальт, никель карбониттері, ванадий қоспалары және т.б. жатады.

Канцерогенді заттар – ұлпаға тускен кезде қатерлі түзілістің дамуына немесе оның пайда болуына әсер ететін физикалық, химиялық, биологиялық заттектер немесе агенттер. Қазіргі кезде биосферада 500-ден астам канцерогендік заттектер белгілі. Экологиялық түргыдан қарағанды аса қауіпті болып саналатындарға полициклді ароматты көмірсутектер (бенз(а)пирен, метилхлорантрен, диметил және т.б.), алкандардың галогенді туындылары, ауыр металдар жатады. Сонымен катар бұл заттектердің көбіне мутагенді қасиеттер де тән. Канцерогендер көбіне өнеркәсіп шығарындыларында, тас көмір шайырларында, темекі түтіндерінде, күйеде болады.

Мутагенді заттар – ағзаның еліміне немесе тұқым қуалаушылық белгілерінің өзгерістеріне әкелетін, яғни ағзаның

генетикалық құрылышына өзгөрістер енгізетін заттар. Оларға радиоактивті заттар, марганец, коргасын және т.б. жатады.

Адам ағзасының осімтандық функциясына әсер тигізетін заттарға сынақ, коргасын, стирол, марганец, бірқатар радиоактивті заттар және т.б. жатады.

Зиянды заттектердің ауадағы мөлшері атмосфераның сапасын бағалау үшін қолданылатын шекті рауалы концентрациядан (ШРК), яғни санитарлық нормадан аспауы қажет. ШРК олшем бірлігі 1 кубометр ауадағы зиянды заттектердің миллиграммдық мөлшерін көрсетеді, яғни mg/m^3 -мен өлшенеді.

Шекті рауалы концентрация (ШРК, mg/m^3) дегеніміз - зиянды заттектің организмге не олардың қауымдастықтарына откенде (демалу, тамаклен бірге, т.б. жолдармен) оларға алі құртатындағы ықпал жасамайтын ен көп мөлшері. Бұл 1949 жылдан бастап қолданылып келе жаткан көрсеткіш. Оның шамасы клиникалық, санитарлық-клиникалық зерттеулермен дәлелденетін заңдылық негіз болып саналады.

Казіргі кезде шекті рауалы концентрациясы айқындалмаған заттектерге шамамен алынған қауіпсіз әсер деңгейі белгіленген.

Санитарлық-гигиеналық нормативке жататын, ауа сапасын сипаттайтын шекті рауалы концентрация бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтқанда, жұмыс аймағының (орнының) ауасындағы зиянды заттектердің шекті рауалы концентрациясы ($\text{ШРК}_{ж.o}$, mg/m^3) және елді мекендерде ауа үшін белгіленетін екі норматив – шекті рауалы максимальдық бір жолдық ($\text{ШРК}_{м.b}$, mg/m^3), шекті рауалы орта тәуліктік концентрация ($\text{ШРК}_{o.t}$, mg/m^3).

Максимальдық бір жолдық шектік рауалы концентрация ($\text{ШРК}_{м.b}$) – бұл мөлшер адам ауаны 20 минуттай жүтқанда оның ағзасын қолайсыз рефлекторлы реакцияға соқтырмауы (тымау, жағымсыз ііс және т.с.) қажет, ал *ортал тәуліктік шектік рауалы концентрация* ($\text{ШРК}_{o.t}$) – бұл зиянды агенттің адам ағзасына откенде (демалу, тагаммен және т.б. бірге) уландағырауа, канцерогенді және мутагенді түрғыдан әсерін тигізбеуге тиісті мөлшер.

ШРК_{м.b} мен ШРК_{o.t} шамалары әртүрлі болады. Мысалы, негізгі зиянды заттектердің ШРК_{м.b} (ШРК_{o.t}) мағыналары мына деңгейде, mg/m^3 : азот оксиді (IУ) – 0.4(0,085); азот кышкылы (II) – 0.4(0.15); бенз(а)пирен (I) – -(0,000001); күкірт оксиді (IУ) – 0.3(0.005); аммиак (IУ) – 0.1(0.02); хлор (II) – 0.1(0.03); көміртек оксиді (II) – 3.0(1.0); күйе (III) – 0.15(0.05) болады.

Улы зиянды заттектер адам ағзасына түсіп уландыратын дарежесіне қарай төрт сыныпта: 1 – айрықша қауіпті, 2 – жоғары қауіпті, 3 – орташа қауіпті және 4 – болымсыз (аз) қауіпті болып бөлінеді. Ластағыш заттектердің сыныбы (класы) бірқатар көрсеткіштерге сүйеніп аныкталады.

Жұмыс аймағындағы (орнындағы) ласпағыштардың шекті рауалы концентрациясы ($\text{ШРК}_{ж.o}$) дегеніміз сегіз сағаттық жұмыс күндік немесе ұзақтығы басқа мерзім ішінде (демалыс күндересі), яғни аптасына 41 сағаттан аспайтын уақыт аралығында, қызмет атқарған барлық жылдар бойы қазіргі және кейінгі буындардың деңсаулығын бұзбайтын мөлшер. Жұмыс аймағы немесе зонасы деп қызметшінің тұракты немесе уақытша еденинен немесе жерден біiktігі 2 м-ге дейінгі кеңістікте болатын орнын айтады (кесте 1.4).

Мысалы, ШРК_{ж.o} мағынасына қарай заттектердің қауіптілік сыныбы 4 топка болінеді: 1 сынып ($\text{ШРК}_{ж.o} < 0.1 \text{ mg}/\text{m}^3$) – айрықша қауіпті; 2 сынып ($\text{ШРК}_{ж.o} = 0.1-1.0 \text{ mg}/\text{m}^3$) – жоғары қауіпті; 3 сынып ($\text{ШРК}_{ж.o} = 1.1-10.0 \text{ mg}/\text{m}^3$) – орташа қауіпті; 4 сынып ($\text{ШРК}_{ж.o} \geq 10 \text{ mg}/\text{m}^3$) – болымсыз қауіпті (кесте 1.4).

Асқазанга түскен жағдайдағы орташа олімше мөлшер (ΘM_{50}) – асқазанга бір рет енгізгенде жануарлардың 50%-н елімге ұшырататын заттектің мөлшері.

Теріге жаққан жағдайдағы орташа олімше мөлшер (ΘM_{50}) – бір рет теріге жаққан жағдайда жануарлардың 50%-н елімге ұшырататын заттектің мөлшері.

Аудағы орташа олімше мөлшер (ΘM_{50}) – екі мен төрт сағат арасында ингаляциялық әсердің нәтижесінде жануарлардың 50%-н елімге ұшырататын заттектің мөлшері.

Кесте 1.4. Зиянды заттектерді қауіптілік сыйыптарға болу үшін қолданылатын шамалар

Көрсеткіштер	Қауіптілік сыйыбы			
	1	2	3	4
ШРК _{ж.о.} , мг/м ³	<0,1	0,1-1,0	1,1-10,0	>10,0
Асказанға түскен орта өлімше мөлшер, мг/кг	<15	15-150	151-5000	>5000
Теріге жаккандағы орта өлімше мөлшер, мг/кг	<100	100-500	501-2500	>2500
Аудағы орта өлімше мөлшер, мг/ м ³	<500	500-5000	5001-50000	>50000
Ингаляциялық улану коэффициентті	<300	300-30	29-3	<3
Күшті асер аймагы	<6,0	6,0-18,0	18,1-54,0	>54,0

Ингаляциялық улану коэффициентті – 20°C-тагы ауа көлеміндегі зиянды заттектің максималды мөлшерінің тышкандарға қатысты заттың орташа өлімше мөлшеріне қатынасы.


Күшті асер аймагы – зиянды заттектің орташа өлімше мөлшерінің физиологиялық икемделу шегінен тыс шыққан, тұтас аңза деңгейінде биологиялық көрсеткіштерді өзгертетін, теменгі (шектік) мөлшерге қатынасы.

Жұмыс орнындағы зиянды ластағыш заттектердің мөлшері клиникалық, санитарлық-гигиеналық зерттеулер арқылы анықталған және заңдылық тұрғыда бекітілген шектік рауалы концентрациядан (мөлшерден) аспауы тиіс. Егерде жұмыс орнындағы ауда зиянды заттектердің мөлшері шектік рауалы мөлшерден асатын болса, онда улануға жол бермеу үшін арнайы шаралар қарастырылады. Бұл шараларға өндірістік үдерісте улы заттектерді қолдануга шек қою, қондырғылар мен

коммуникацияларды герметизациялау, ауаның кұрамын автоматты тұрде бақылау, табиги және жасанды тұрде ауаны алмастыру, арнайы корғау күйдер мен аяқ күйдер, бейтараптайтын майлар мен басқа жекелей қорғаныс құралдарын қолдану жатады.

Ұдайы улы заттектер шығатын жұмыс орнында қызмет атқаратын тұлғаларға күнделікті жұмыс істеу уақытын қысқартады, қосымша демалыс береді және басқада жеңілдік жасалады.

1.2-ші суретте аудағы ластаушы заттектерді нормалау сұлбасы көлтірілген.



Сурет 1.2 – Ластағыштардың ауда таралуы мен оларды нормалауға койылатын талаптар

Ластиғыш заттектердің мөлшері кәсіпорындардың аймагында $ШРК_{ж.о.-ның}$ 0,3 бөлігінен аспайтын етіп белгілепеді. Кәсіпорындар территориясына осындай $ШРК_{ж.о.}$ Зесе аз мөлшер белгіленген, себебі осы территориядағы аудаңдіріс ғимаратындағы ауаны жаңартуға колданылады, олардың ауасындағы коспалардың мөлшері октын-октын етіп жоғарылаштыруы мүмкін, яғни $ШРК_{ж.о.}$ асады.

Атмосфералық ауаны ластайтын басқа да көздері бар аймақта жаңа кәсіпорынды салу жобаланса, онда оның ауаға жіберетін шығарындысын нормалаганда бұрыннан салынған және істеп жатқандардың шығарындылары міндетті түрде ескеріледі. Ал белгілі шығарындылардың мөлшері фондық концентрация ретінде қарастырылады.

Егерде коршаған органды зиянды заттектермен ластайтын бірнеше көздер болса, онда ауаның сапасы келесі жолмен аныкталады:

касіпорын территориясында

$$\sum_{i=1}^n C_i \leq 0,3 \text{ } ШРК_{ж.о.} - C_\phi,$$

елді мекеннің ауасында

$$\sum_{i=1}^n C_{mi} \leq ШРК_{ая} - C_\phi,$$

бұл жерде:

C_i – i-көзден түсsetін зиянды заттектің мөлшері;

C_{mi} – атмосфералық ауаға i-көзден түсsetін зиянды заттектің максималды мөлшері;

n – ауа бассейніне белгілі зиянды заттекті жіберетін көздердің саны.

Әр зиянды заттектердің жермен атаскан ауа кабатындағы ең жоғары мөлшері шектік рауалы концентрациядан аспауы қажет.

яғни 20 минуттік экспозицияда $C \leq ШРК_{ж.б.}$. Егерде зиянды заттектің эсері 20 минуттан артық болса, онда оның максималды мөлшері орта тәуліктік рауалы концентрацияға тен немесе одан төмен болады $C \leq ШРК_{от.}$

Алайда атмосфералық ауа іс жүзінде бірнеше зиянды заттектермен ластанады. Бір бағытта эсер тигізетін зиянды заттектер болғанда олардың жалпы мөлшері, яғни ұзынлық дәрежесі (U) бірден аспауы қажет:

$$U = C_1/\text{ШРК}_{б.ж.1} + C_2/\text{ШРК}_{б.ж.2} + \dots + C_n/\text{ШРК}_{б.ж.н} \leq 1.$$

бұл жерде:

C_1, C_2, \dots, C_n – бір жердің ауасындағы зиянды заттектердің мөлшері;

n – косынды (суммациялық) эсерде үлесі бар зиянды заттектердің саны.

Бір бағытта эсер тигізетін (косынды эсер) заттектердің химиялық құрылыштары да және адам ағзасына тигізетін эсерлерінің түрлері де ұқсас болады, мысалы: азот пен күкірт диоксидтері; ацетилен, пропилен, бутилен; күкірт қышқылды мен күкірт диоксиді; марганец оксиді мен ванадий (V) оксиді; ацетон, фенол; бензол, ацетофенон; валериан, капрон, май қышқылдары; озон, азот диоксиді және формальдегид; коміртек оксиді және цемент өндірісінің шаңы; күкірт диоксиді және күкіртті сутек, т.с.

Әр ластиғыш заттектің шамасы тұрғындарға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне арналған сапа нормативінен аспауы қажет. Сондықтан келесі тенсіздік орындалуға тиіс:

$$C + C_\phi \leq ШРК_{б.ж.},$$

бұл жерде:

C – қаралып отырған көзден шықкан зиянды заттектің жермен атаскан ауа кабатындағы мөлшері;

C_ϕ – заттектің фондық мөлшері (басқа көздерден шығарылған заттектің мөлшері есепке алынады).

1.3-ші суретте ауаға арналған шектік рауалы концентрациялардың топтастырылуы, ал 1.5-ші және 1.6-ші кестелерде кейбір ластагыштардың шекті рауалы мөлшерлері мен атмосфералық ауаға тиғизетін әсері көлгірілген.



Сурет 1.3 – Шектік рауалы концентрациялардың топтастырылуы.

Кесте 1.5. Атмосфералық ауадагы кейбір заттектердің шекті рауалы мөлшерлері (концентрациялары), мг/м³

Заттектер атауы	Қауіптілік сыныбы*	ШРК _{б.ж.} (біржолдық)	ШРК _{о.т.} (орта тәуліктік)
Ағаш шаны	3	6,0	0,15
Азот (IV) диоксиді	2	0,085	0,04
Азот оксиді	3	0,6	0,06
Азот қышқылы	2	0,4	0,15
Аммиак	4	0,1	0,02
Алифатикалық аминдер C ₁₅ – C ₂₀	2	0,03	0,003
Аммоний нитраты	4	-	0,3
Аммофос	4	2,0	0,2
Анилин	2	0,05	0,03
Анорганикалық шаш (20-70% SiO ₂)	3	0,3	0,1
Ацетальдегид	3	0,01	0,01
Ацетон	4	0,35	0,35
Ацетофенол	3	0,003	0,003
Барий карбонаты (бариймен есептелген)	1	-	0,004
Цемент шаны	3	0,3	0,1
Макта шаны	3	0,5	0,05
Күкірт (IV) диоксиді	3	0,5	0,05
Күкірт қышқылы	2	0,3	0,1
Сірке қышқылы	3	0,2	0,06
Көміртек (II) оксиді	4	5,0	3,0
Көміртек тетрахлориді	2	0,7	4,0
Формальдегид	2	0,035	0,003
Бензол	2	1,5	0,1

1.5 кестенін жалғасы

Заттектер атауы	Қауіптілік сыйныбы*	ШРК _{б.ж.} (біржолдық)	ШРК _{о.ж.} (орта тәуліктік)
Бензин	4	5.0	1,5
Фенол	2	0,003	0,01
Корғасын	1	0,001	0,0003
Күкіртті сутек	2	0,008	0,008
Сынап (металл түрінде)	1	0,001	0,0003
Бенз(а)пирен	1	-	0,000001
Күйе	3	0,15	0,05
Мыс	2	0,5	0,001
Мырыш	2	5,0	0,05
Темір сульфаты	3	-	0,007
Метилмеркаптан	1	$9 \cdot 10^{-6}$	-
Гетраэтилсвинец	1	-	0,0001
Бутан	3	200	-
Озон	1	0,16	0,03
Скипидар	4	2,0	1,0
Этил спирті	4	5,0	5,0
Метил спирті	3	1,0	0,5
Толуол	3	0,6	0,6
Ксилол	3	0,2	0,2
Дихлорэтан	2	3,0	1,0
Фторлы сутек	2	0,02	0,005
Хром (VI) оксиді	1	0,0015	0,0015
Көмірсутектері	3	0,03	0,005
Хлор	2	0,1	0,03
Бром	2	-	0,04
Ванадий(V) оксиді	1	0,5	0,002
Марганец(IV) оксидтері	2	0,01	0,001

Кесте 1.6. Ластаушы заттектердің орта тәуліктік мөлшеріне байланысты ауанын улану жағдайы

Ауа ортасын ластайтын негізгі заттектер	Қауіптілік сыйныбы	Заттектердің мөлшері (mg/m^3) жоғарлағандагы ауа бассейнінің жағдайы		
		қауіптілік туғызыданы (ШРК)	қауіпті	өте қауіпті
Анорганикалық шаш	4	0,15	0,75	3,75
Күкіртті газ	3	0,05	0,2	0,38
Азот оксиді	2	0,085	0,255	0,765
Көміртек оксиді (II)	4	3,0	5,0	25,0
Көмірсутектер	4	1,5	7,5	37,5
Күйе	3	0,05	0,25	1,25
Фенол	3	0,01	0,04	0,16
Корғасын	1	0,0007	0,00126	0,00224
Күкіртті сутек	2	0,008	0,024	0,072
Күкіртті көміртек	2	0,005	0,015	0,45
Аммиак	4	0,2	1,0	5,0
Күкірт кышкылы	2	0,1	0,3	0,9
Тұз кышкылы	2	0,2	0,6	1,8
Формальдегид	2	0,012	0,036	0,108
Сынап	1	0,0003	0,00054	0,00096
Фтор косылыштары	2	0,005	0,015	0,045
Натрий гидроксиді	2	0,01	0,03	0,09
Ванадий(V) оксиді	1	0,002	0,006	0,018
Марганец(IV) оксиді	2	0,001	0,003	0,009

Өндірісі дамыған елді мекендердің және жұмыс орындарының көбінде зиянды заттектердің фондық мөлшері шекті рауалы мөлшерден анағұрлым жоғары болады. Бұл жағдайда ауа құрамы іс-арекеттер түріне, технологиялық шешімдер деңгейлеріне, оның өндіретін үрдістердің қондырылғылармен рәсімделуіне, шығарынды газдардың және

акаба сулардың тазалануына, катты және сұйық калдықтардың сакталуына, жұмыскерлердің білім деңгейіне тәуелді. Ауаның кұрамы міндепті түрде арнайы санитарлық қызмет атқаратын мекемелер көмегімен тексеріліп отырылуы кажет. Себебі, көптеген улы заттектердің ісі, боялған түсі болмайтындығына байланысты, адамдар тек ауруға шалдықканда ғана олардың аудада болуына назар аудара бастайды.

Тапсырма 1.12. Темекіні жакқанда қоршаган атмосфералық ауа аэрозольдер және газдар қосындыларымен ластанады. Соңғы мәліметтер бойынша темекі түтінінде 4500-дің үстінде әртүрлі зиянды заттектер бар болатыны айқындалған. Мысалы, кейбірі, атап айтқанда 4-амиnobифенил, күкірт, ісігіне, астма ауруына әкеліп согады. Темекі шеккенде бөлінетін ете қауіпті газдың бірі түссіз болатын көміртек оксиді екені мәлім. Ол қан кұрамындағы гемоглобинмен реакцияға түсіп, ерігіштігі төмен карбоксигемоглобинге айналып отырады, ал гемоглобин мөлшерінің төмендеуі сәйкесінше адам ағзасының әр нүктесіне жеткізіліп отыратын оттектің мөлшерін күрт төмендетеді. Сондықтан осы газдың (СО) дем алатын аудадағы мөлшерін анықтау ете маңызды мәселенің бірі.

Есептеу. СО мен O₂ газдары дем алатын аудада болған жағдайда қандагы карбоксигемоглобиннің (СОНb) және оксигемоглобиннің (O₂Hb) мөлшерлері арасында тепе-тендік орын алады, осы кезде газдардың парциалдық қысымдары мен мөлшерлері арасында келесі пропорционалдық қатынас болады:

$$[\text{COHb}] / [\text{O}_2\text{Hb}] = K \cdot P_{\text{CO}} / P_{\text{O}_2}$$

Адамның қаны үшін пропорционалдық коэффициент 200-ден 250-ге дейін өзгереді. Темекі түтініндегі көміртек оксидінің мөлшері 400 – 450 млн⁻¹ құрайды. Егерде темекі түтініндегі оттектің мөлшері оның жермен жанасқан аудадағы орташа мөлшеріне тең болса, темекі шегетін адам темекі түтінімен дем алғанда оның ағзасындағы карбоксигемоглобиннің орташа мөлшері қандай деңгейде болады? Егерде көміртек оксиді адам

қанындағы гемоглобинмен СОНb қосылысын түзіп, қандағы O₂Hb-нің үлес мөлшерін томендештүмен катар оттек алмасуын бұзса, онда адам ағзасында қандай колайсыз жағдайдағы туындаудың экеп согады?

Қандагы карбоксигемоглобиннің мөлшері 2-5% аралығында болса орта нерв жүйесіне әсерін тигізеді және бірқатар психомоторлық функцияларды бұзады. СОНb-ның қандағы мөлшері 5% үстінде болса жүрек пен өкпенің жұмыс істеу қабілетінде функционалдық өзгерістер байкалады. Қандағы СОНb мөлшері 10-80 % аралығында болғанда бас ауырады, спазма, респираторлық бұзылу немесе әлім шығыны орын алуы мүмкін.

Темекі түтінінде көміртек оксидінің парциалдық қысымы

$$P_{\text{CO}} = P_{\text{жапы}} \alpha_{\text{CO}} \text{ тең},$$

бұл жерде:

P_{жапы} – қоспаның жапы қысымы (қалыпты жағдайда ауа қысымы P_{жапы} = 101,3 кПа);

α_{CO} – темекі түтініндегі көміртек оксидінің көлемдік үлесі (орталық арифметикалық шамасы СО газы үшін $\alpha_{\text{CO}} = 425 \cdot 10^{-6}$ тең делік),

$$P_{\text{CO}} = 101,3 \cdot 425 \cdot 10^{-6} = 4,30 \cdot 10^{-2} \text{ кПа}.$$

Темекінің түтініндегі оттектің парциалдық қысымы, тапсырма бойынша, жермен жанасқан аудадағы оттектің парциалдық қысымына тең деп алынады және аудадағы судың бұындығы ескерілмеген жағдайда:

$$P_{\text{O}_2} = 101,3 \cdot 0,2095 = 21,2 \text{ кПа} \text{ тең келеді.}$$

Пропорционал коэффициентінің K шамасы 225 тең етіп алғынса, адам қанындағы карбоксигемоглобин мен оксигемоглобиннің мөлшерлері келесі формуламен анықталады:

$$[\text{COHb}] / [\text{O}_2\text{Hb}] = K \cdot P_{\text{CO}} / P_{\text{O}_2} = 225 \cdot 4,30 \cdot 10^{-2} / 21,2 = 0,456$$

Темекі шегетін адам қанындағы көміртек оксидімен (карбоксигемоглобин) байланысты гемоглобин мөлшерін $X\%$ деп алсақ, онда оксигемоглобиннің мөлшері:

$$[\text{O}_2\text{Hb}] = (100-X)\% \text{ болады, ал олардың катынасы}$$

$$[\text{COHb}] / [\text{O}_2\text{Hb}] = X/(100-X) = 0,456$$

Бұл тендеуді шешу барысында $X = 31\%$ табамыз. Сонымен темекі шегетін адам қанындағы карбоксигемоглобиннің орташа мөлшері 31% құрайды. Бұл шама $10-80\%$ аралығында болғандықтан, бас ауруы, спазма, респираторлық бұзылу немесе өлім шығыны орын алуы мүмкін.

Темекі түтініндегі бенз(а)пирен, диметилнитрозоамин, N-нитрозо -N-никотин канцерогенді қосылыстар катарына жатады, олар қатерлі ісік тудырады.

1.3 Жұмыс орнындағы (немесе бөлмедегі) ауаны тазартуға қажетті таза ауаның кіргізілетін мөлшері

Өндірістік гимараттың микроклиматына қатысты параметрлерді сактау үшін және оның ауасын жаксарту мақсатында құрамындағы зиянды заттардың мөлшерін қауіпсіз деңгейге (ШРК-дан аспайтын мөлшерге) дейін түсіру қажет.

Жұмыс орнының ауасындағы зиянды заттердердің мөлшерін темендету үшін зиянды заттер түзілмейтін технологиялық үдерістерді немесе қондырғыларды колдану керек. Мысалы, термиялық қондырғылар мен пештерде сұйық отын колданылатын болса, онда қыздыру үдерісінде оның орнына газды немесе электр тоғын пайдаланған орынды. Сонымен катар, зиянды заттар сыртқа шықпау үшін қондыргалардың сандаусыз болуына да ерекше назар аудару қажет. Зиянды заттардың мөлшерін қауіпсіз деңгейде ұстау мақсатында ауа алмастыру (вентиляция) үдерісінің маңызы да зор. Егерде осы шаралар айтарлықтай нәтиже бермесе, өндірісті автоматтандырып, технологиялық үдерісті алыс дистанцияда басқарады. Кейбір жағдайларда қызметкерлер жеке корғаныш

жабдығын (газға қарсы аспап, респиратор, т.б. құралдар) колданады. Өкінішке орай, бұл жағдайда олардың еңбек онімділігі айтарлықтай темендейді.

Жұмыс орнының ауасындағы зиянды заттардың мөлшерін азайтып отыру үшін ауа алмастырудың жасанды механикалық (желдеткіш) немесе табиги (терезе, ашпалы көз, т.б.) түрлері колданылады. Табиги желдетуде ауаның жылжып алmasуы сыртқы және ішкі ауа температурасының айырмашылығына негізделеді. Дағаның сұық ауасы бөлменің жылы ауасын ығыстырып шығарып отырады. Немесе ауа алмастыру желдеткіштер комегімен, арнайы басқада техникалық жолмен (аэрация, дефлекторларды колдану) өтеді.

Тапсырма 1.13. Гимараттагы ауаның ластану деңгейін қауіпсіз деңгейге түсіру, яғни зиянды заттердердің мөлшерін нормага дейін томендетуге қажетті таза ауаның көлемін анықтау. Бөлменің немесе үй ішіндегі ауаны тазартуға қажетті сыртқы ауаның мөлшері келесі формула арқылы есептелінеді:

$$G + L_1 q_1 = L_2 q_2,$$

бұл жерде:

L_1 – сырттан кіргізілетін таза ауаның қажетті мөлшері, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

L_2 – іштен сыртқа шығаруға қажетті ластанған ауаның мөлшері, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

q_1 – сырттан кіретін ауадағы зиянды заттектің мөлшері, $\text{мг}/\text{м}^3$;

q_2 – сыртқа шығарылатын ауадағы зиянды заттектердің мөлшері, $\text{мг}/\text{м}^3$;

G – гимараттың ішкі V (м^3) көлемінде бөлінетін зиянды бу немесе газдардың мөлшері, $\text{мг}/\text{сағ}$.

$L_1 \approx L_2$ ескере отырып және сырттан келетін немесе сыртқа шығарылатын ауа мөлшеріn L ($\text{м}^3/\text{сағ}$) деп белгілеп, жоғарыдағы тендеуді басқаша түрде жазуға болады:

$$G + Lq_1 = Lq_2,$$

Осы тәндеуді әрі карай басқа түрге айналдыру арқылы келесі байланыс табылады:

$$L = \frac{G}{(q_2 - q_1)},$$

Егерде сыртқы ауада зиянды заттек болмаса ($q_1 = 0$), онда жоғарыдагы формула қысқа түрге айналады:

$$L = \frac{G}{q_2}.$$

Енді q_1 мен q_2 мөлшерлеріне қандай талап койылатынын қарастырайык. Ауа шығарындысында зиянды заттектердің мөлшері қауіпсіз деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін $q_2 \leq \text{ШРК}$. Тиімді жедету жүйесін жасау үшін зиянды заттектің мөлшері $q_1 \leq 0,3 \text{ ШРК}$.

Егерде жұмыс орында әсер бағыты бірдей емес бірнеше заттектер болінетін болса, онда сырттан енгізілетін ауаның қажетті мөлшерін L -ді әр затқа есептеу қажет, содан соң L -дің есептеу арқылы табылған ең үлкен шамасын таңдап алады.

Жұмыс аймағында бір бағытта әсер ететін бірнеше заттектер белінсе (мысалы, қышқылдардың буы), онда жоғарыда көлтірілген формуланы колданып, әр заттың мөлшерін нормага (ШРК) дейін төмендетуге қажетті ауаның мөлшерін есептейді, содан кейін барлық шыққан L -дің шамаларын қосады. Осы шыққан қосынды мағына жедетуді есептеуге колданылады.

Егерде болінетін зиянды заттектердің кұрамы мен мөлшерлері белгісіз болса L -дің мағынасы шамалап келесі формуламен есептелінеді:

$$L = kV,$$

бұл жерде:

k – ауа алмастыру еселілігі, ол бір сағат ішінде ғимаратта ауа неше есе ауысатынын көрсетеді, ч^{-1} ;

V – желдетілетін ғимараттың қолемі, м^3 .

Мысал ретінде кейбір технологиялық үдеріс пен өндіріске қатысты k -ның шамасы томенде берілген:

Бояу мен машинадарды көнтіру учаскісі	– 17
Пісіру учаскісі	– 26
Электркондырылымдарын жөндөйтін учаскі	– 15
Темір соғатын цех	– 20
Тазалау ғимаратының бөлмесі	– 8.

1.4 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қауіпшілік категориясын анықтау

Атмосферага жіберілетін шығарындылар қолеміне байланысты кәсіпорынның экологиялық қауіпшілік категориясы (КҚК) төмендегі формула арқылы анықталады.

$$K\bar{K} = \sum_{i=1}^n (C_i / \text{ШРК}_i)^{\alpha},$$

бұл жерде:

C_i , $\text{т}/\text{жыл}^{1/2}$ – шығарындыға кететін i -заттегінің массасы;

ШРК_i , $\text{мг}/\text{м}^3$ – i -заттегінің орта тәуліктік шекін рауалы концентрациясы;

n – ластаушы заттектердің саны;

α – өлшемсіз константа, күкіртті газдың зияндылығымен i -заттегінің салыстыратын дәреже. Бұл көрсеткіштің шамасын 1.7-ші кестеде берілген мәннен берілген мәннен анықтау қажет.

Кесте 1.7. Эртүрлі қауіптілік сыйныбына жататын заттектерге ариалған α-ның мағынасы

Тұракты шама (коэффициент)	Зиянды заттектердің қауіптілік сыйныбы			
	1	2	3	4
α_i	1,7	1,3	1,0	0,9

Тек $C/\text{ШРК} > 1$ болған жағдайда КҚҚ есептеуге болады, ал $C/\text{ШРК} \leq 1$ болса, КҚҚ есептелмейді. оны нелгे тен деп санайды. ШРК-сы белгісіз заттектер болса, бұл жағдайда КҚҚ мағынасын шығарынды заттек мөлшеріне тен етіп ала береді. Қасіпорындар КҚҚ мағынасына қарай төрт қауіптілік категорияга бөлінеді (1.8-ші кестені қараңыз).

Кесте 1.8. Қасіпорынның қауіптілік категориясының (КҚҚ) мағынасына қарай қасіпорындарды қауіптілік категорияға бөлу

Қасіпорынның қауіптілік категориясы	КҚҚ шамалары
I	$> 10^6$
II	$10^6 - 10^4$
III	$10^4 - 10^3$
IV	$< 10^3$

Қаланың жалпы жағдайларымен үйлестіріп, шекті рауалы шығарынды мөлшерге жеткізу үшін I категорияға жататын қасіпорындарда шығарындылардың көлемін 60-70%-ға, II-

категорияға – 30%-ға төмендету қажет. I және II категорияға жататындар тұрақты түрде өздерінін барлық табиғат коргауга ариалған шараларын тексеруден еткізіп отырулары қажет. III қауіптілік категориясына КҚҚ шамалары $10^1 - 10^3$ аралығындағы қасіпорындар жатады. Олардың үлесіне жалпы қалалық шығарындылардың 10-15%-ы жатады. Зиянды заттектердің жалты қалалық мөлшерін азайту максатында III қауіптілік категориясының қасіпорындары өздерінің шығарындылар көлемін шекті рауалы шығарынды (ШРШ) деңгейіне жеткізу үшін, оларды 5-10%-ға төмендетуге тиіс. IV категориялық қасіпорындарға шекті рауалы шығарынды, яғни нормативтік мөлшер деңгейінен аспайтын шығарындылар көлемін белгілеуге болады.

Биосфераға зиянды ингредиенттердің тасталуын реттеу мақсатында, заттектің әрқайсысына және қасіпорындарға шекті рауалы шығарындының (ШРШ) нормасы колданылады. Бұл шаманы белгілегендегі ластаушы көздердің саны, олардың орналасу биіктігі, шығарындылардың белгілі бір мерзім мен кеңістікке байланысты болінуі, т.б. факторлар есепке алынады (Мемлекеттік стандарт 17.2.3.02-78).

Шектік рауалы шығарынды белгілі көздерден шығарынды ретінде рұқсат етілген зиянды заттектердің шектік мөлшері, яғни тұргындарға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне ариалған нормативтен аспайтындағы етіп белгіленген жермен астаскан ауа қабатындағы ластағыш заттектердің ғылыми-техникалық, яғни өндірістік-шаруашылық сапа нормативі.

Егерде $C_f > \text{ШРК}_{б,ж}$ болса ластаушы көздер үшін уақытша келісілген шығарынды (ҮКШ) белгіленіледі. ҮКШ тазартқыш гимараттардың салынуы және басқа да шаралар есебінен нақты техникалық және экономикалық мүмкіндіктерді негізге алғанда атмосфераға ластағыш заттектер шығарындыларының көлемін шекті рауалы шығарынды деңгейіне дейін кезең-кезеңмен азайтуды көздейтін уақытша норматив. Зиянды заттектердің атмосферада таралуын арнайы жасалған компьютерлік бағдарлама арқылы есептеп, ШРШ-ның нормативтік деңгейін негіздейді. Әр ластағыш көзге ШРШ немесе ҮКШ (г/сек)

тағайындалады. Содан кейін қондырғылардың жұмыс істеу мерзімін ескере отырып, ШРШ немесе УКШ деңгейін тұжылына көрсеткішпен сипаттайтын.

ШРШ нормативінің күшін сактау мерзімі 5 жыл, ал УКШ - 1 жыл.

Сонымен ШРШ онеркәсілтің күнделікті іс-өрекетін бақылайтын әдіс болып саналады. Бұл нормативтік көрсеткіш арқылы ластағыш көзден 100 км аспайтын алшактық дейінгі созылған түтінді алаудың тікелей және келбелі кесігіндегі, сонымен қатар жер бетінен екі метрлік биіктікте болатын аудадагы зиянды заттектердің мөлшері ШРК-дан неше есе артып отырганы бағаланады.

Егерде шыгарынды заттектер атмосферада күн радиациясының немесе басқа да факторлардың әсерінен трансформацияға ұшырап, бір түрден екінші түрге айналса, мөлшер деңгейіне және құрауыштар құрамына түзетпе енгізіледі.

Шыгарынды колемін шектеу. Ауаның ластану деңгейін шектеуге техникалық шаралар үш бағытта жүргізіледі.

1) *Ластағыш заттектердің шыгарынды мөлшерлерін абсолюттік түрде төмендегетін шаралар:*

- дәстүрлі энергия көздерінен балама энергетикаға, газданыруға және отынды десульфаризациялауға, отынды энерготехнологиялық ондеуге ету арқылы және т.б.;
- үдерісті модификациялау арқылы қолданылатын шикізатты құрамында ластаушы заттектердің мөлшері аз келетін шикізатка ауыстыру;
- отынды және басқада шикізат ретінде қолданылатын материалдарды алдын ала ондеуден өткізу арқылы үдерісті модификациялау;
- ондіріс технологиясын езгерту арқылы үдерісті модификациялау;
- ластағышқа жататын катты белшектерді беліп алу, сонымен қатар газ тәрізді енімдерді жою және залалсыздандыру.

2) *Ластағыш заттектердің максималды мөлшерде шығатын кезіндегі үдерістің уақытын модуляциялау арқылы шыгарынды колемін төмендешту:*

- ауаның максималды ластанатын кезінде жану үдерісін қолдануды шектеу;
- ауаның артық мөлшерде ластағыштармен ластануын болдырмау үшін жану үдерісінің сапасын немесе өндірістік жағдайды туракты бақылауда ұстап, реттеп отыру;
- отын мен шикізаттың таза түрлерін пайдалануды уақытша енгізу;
- ерекше қолайсыз метеорологиялық жағдайда ылғалды скруберлерді қолдану.

3) *Ластағыштардың шыгарынды колемін шектен шыгармау мақсатында белгілі шенберден артық таралмауын модуляциялау:*

- экстремалды метеорологиялық жағдайда ондірісті қолайсыз ауданнан метеорологиялық жағдайы ластағыштардың таралуына қанағаттанарлық әсер тигізетін жерге ауыстыру;
- сапасына карай отындар түрлерінің бөліп таратылуын бақылау;
- түтін шығатын мұржалардың биіктігін жоғарлату арқылы ластағыш заттектердің таралу аймағын кеңейту.

Тапсырма 1.14. Кәсіпорының қауіптілік категориясын есептеу. Есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер 1.8 – 1.9-шы кестелерде берілген. Бұл мәліметтер негізінде тәжрибелік зерттеу жұмыстары анықталады.

Есептеу арқылы табылған кәсіпорының қауіптілік категориясына сүйене отырып, шыгарындылардың мөлшерін төмендегетін, яғни шектік рауалы шыгарынды деңгейіне жеткізетін жолдарды ұсынуға болады.

Кесте 1.9. Есептеуге арналған бастапқы мәліметтер, өнеркәсіп кәсіпорыншының шығарылатын зиянды заттектердің мөлшерлері, тонна/жылына

Варианттар	Күйе	SO ₂	CO	NO _x	H ₂ SO ₄	NaOH	V ₂ O ₅	Пісіру жұмыста-рының тозаны
1	1,525	40,2	50,44	5,11	0,0075	0,009	0,0316	0,009
2	1,702	39,4	48,52	4,08	0,0081	0,0039	0,0370	0,008
3	1,498	29,8	44,77	5,07	0,0065	0,0088	0,0450	0,007
4	1,910	36,9	48,31	6,10	0,0055	0,0061	0,0515	0,006
5	1,398	40,9	42,44	4,90	0,0074	0,0059	0,039	0,009
6	1,364	37,8	50,70	5,38	0,0080	0,0060	0,042	0,008
7	1,920	28,8	42,90	6,01	0,0082	0,0078	0,050	0,008
8	1,74	35,2	46,78	4,00	0,0044	0,0074	0,029	0,007
9	1,36	40,9	59,88	4,92	0,0035	0,0039	0,037	0,009
10	2,120	35,6	52,02	6,34	0,0076	0,0090	0,043	0,015

1.5 Улы шығарындылардың атмосферада таралуы

Шығарындылардың таралу үдерісі атмосфераның жағдайына, өнеркәсіп пен шығарынды қөздерінің өзара орналасуына, тұрған жердің бедері мен езгешелігіне, тастанды заттектердің физикалық және химиялық қасиеттеріне, шығарынды тастайтын көздің параметрлеріне, т.б. жағдайларға байланысты.

Әстүк қөздерден шығатын зиянды заттектердің жерге жанама атмосфера қабатындағы максималдық мөлшерін (C_M) келесі формула арқылы есептеуге болады:

$$C_M = \frac{A \cdot M \cdot F \cdot m \cdot n \cdot \eta}{H^2 \sqrt{V_1 \Delta T}}; \text{ мг/м}^3$$

бұл жерде:

$\Delta T = T_1 - T_a$ – шығарынды газ бен сыртқы ауа температураларының (сағат күндізгі бірде өлшемен ең ыстық айдағы атмосфералық ауа температурасының орташа шамасы) арасындағы айырмашылық, $^{\circ}\text{C}$;

H – мұржаның биіктігі, м;

M – белгілі бір уақыт аралығында атмосфераға түсетін зиянды заттектің мөлшері, г/с;

η – жер бетінің ой-қырын сипаттайтын коэффициент, егерде 1 км төнірегінде оның биіктігі 50 м аспаса, онда η бірге тен болады;

V_1 – кезден шығатын газды ауа қоспасының қолемі, m^3/s :

$$C_M = \frac{\pi \cdot D^2 \cdot \omega_o}{4}$$

ω_o – газды ауа қоспасының кезден шығу жылдамдығы, м/с;

D – мұржа аузының диаметрі, м.

Егерде мұржа кескінінің пішіні тік бұрышты болса, онда эквивалентті диаметрді тәменгі формула арқылы анықтау қажет:

$$D_{\varnothing} = \frac{2L \cdot B}{L + B}$$

бұл жерде:

L, B – тікбұрыштың қабырғаларының өлшем шамалары, м;

A – температуралық стратификация коэффициенті, зиянды заттектердің тік (вертикальды) және көлденен (горизонталды) бағытта таралатын жағдайын анықтайды, шығарынды қозінін орналасқан жеріндегі ауа-райына байланысты:

$A = 250$ – Бурятия, Чита облысы;

$A = 200$ – Казакстан, Орта Азия, Сібір, Кавказ, Молдавия, Альы Шығыс;

$A = 160$ – Ресейдің солтүстік мен солтүстік батысы, Орал, Украина;

$A = 140$ – Ресейдің орталық Еуропа белігі, Белоруссия үшін;

F, m, n – коэффициенттерінің анықтамалары төменде берілген.

Егерде ластагыш көздерден тасталынатын шығарындылар температурасы аяу температурасынан айырмашылығы оте аз болса ($\Delta T \approx 0$), онда қолданылатын төмөндегі екі тендеу:

$$C_M = \frac{A \cdot M \cdot F \cdot m \cdot n \cdot K}{H^{4/3}}$$

немесе

$$C_M = \frac{A \cdot M \cdot F \cdot D \cdot n \cdot \eta}{8 \cdot H^{4/3} \cdot V_t}; \text{ МГ/М}^3$$

Сепарацияның үдемелі қарқындылығы (F) аудағы бөлшектердің төмен қарай тусу жылдамдығының V_a турбуленттікке қатысы арқылы анықталады, ол жел жылдамдығына V пропорционалды түрде тәуелді.

Егерде $V_a / V \leq 0,015$ $F = 1$; $0,015 < V_a / V \leq 0,03$ – жағдайда $F = 1,5$; $V_a / V > 0,03$ және тұтінді газдарды тазалау дәрежесі 90% төмен болмаса $F=2$; тазалау дәрежесі 75-90% аралығында болса $F = 2,5$; тазалайтын үдерістерді қолданбағанда немесе тазалау дәрежесі 75%-тен төмен болса $F = 3$.

m және n коэффициенттерінің магыналары қосалкы шамалар арқылы анықталады, ал олар келесі параметрлермен есептелінеді:

$$f = \frac{1000 \omega_0^2 D}{H^2 \Delta T},$$

$$V_t = 0,63 \sqrt[3]{V_a \Delta T / H},$$

$$V_0 = 1,3 \omega_0 \frac{D}{H},$$

бұл жерде:

V_0, V_m – салқын және ыстық көздерге сәйкес қосалкы параметрлер.

m коэффициенті келесі тәндеумен анықталады, егерде $f > 100$

$$m = \left(0,67 + 0,1 \sqrt{f} + 0,34 \sqrt[3]{f} \right)^{-1},$$

ал $f < 100$ жағдайда n коэффициенті төмөндегі жолдармен анықталады:

$$V_m \geq 2 \text{ болса } n = 1;$$

$$0,5 \leq V_m \leq 2 \text{ болса } n = 0,532 V_m^2 - 2,13 V_m + 3,13;$$

$$V_m \leq 0,5 \text{ болса } n = 4,4 V_m.$$

Салқын шығарынды үшін қолданылатын формула:

$$K = D / (8V_0) = \left(7,1 \sqrt{\omega_0} V_0 \right)^{1/3}.$$

Жермен жанаңқан аудағы шығарындылардың мөлшері C , мг/м^3 максималды магынаға C_m жеткен жер мен ыстық көздің арасындағы аралықты анықтауға төмөнде келтірілген формула қолданылады:

$$X_m = \frac{(5-F)Hd}{4}$$

бұл жерде:

$f < 100$ болса олшемсіз d коэффициентін есептеу келесі жолдармен жүргізіледі:

$$\begin{aligned} V_m \leq 0,5 \text{ болса} \quad d &= 2,48 \left(1 + 0,28 \cdot \sqrt[3]{f} \right) \\ 0,5 \leq V_m \leq 2 \text{ болса} \quad d &= 4,95 V_m \left(1 + 0,28 \cdot \sqrt[3]{f} \right) \\ V_m \geq 2 \text{ болса} \quad d &= 7 \sqrt{V_m} \left(1 + 0,28 \cdot \sqrt[3]{f} \right) \end{aligned}$$

$\Delta T \approx 0$ және $f > 100$ болса салқын көздерге келесі катынастар колданылады:

$$V_m \leq 0,5 \text{ болса } d = 5,7;$$

$$0,5 \leq V_m \leq 2 \text{ болса } d = 11,4 V_m;$$

$$V_m \geq 2 \text{ болса } d = 16,1 \sqrt{V_m};$$

Шыгарынды көзден кез келген жердегі (X) жермен жаңаскан ауадағы ластағыштың мөлшерін анықтауға пайдаланылатын формула:

$$C = C_m \cdot S_1, \text{ мг/м}^3,$$

бұл жерде:

$S_1 - X/X_m$ қатынас шамасына байланысты коэффициент:
егерде $X/X_m \leq 1$, онда $S_1 = 3(X/X_m)^4 - 8(X/X_m)^3 + 6(X/X_m)^2$;
егерде $1 < X/X_m \leq 8$, онда $S_1 = 1,13 / (0,13(X/X_m)^2 + 1)$;
егерде $X/X_m \geq 8$ ($F = 1$), онда $S_1 = X/X_m / (3,58(X/X_m)^2 - 35,2X/X_m + 120)$;
егерде $2 \leq F \leq 3$, онда $S_1 = 1/(0,1(X/X_m)^2 + 2,47X/X_m - 17,8)$.

Жоғарыда баяндалған әдістермен ластаушы көзге катысты сипаттамалар H , V , T , M белгілі болса байқау есептерін жүргізуге колданылады. Ал әр түрлі негізdemelerді дайындауда көрісінше есептеу жүргізу кажеттілігі туындауды, яғни M , H және т.б.

Максималды мөлшердің (C_m , мг/м^3) берілген магынасына сәйкестендіріп, ыстық және салқын көздерден шығатын жалпы шығарынды қолемін анықтауға колданылатын формулалар:
ыстық коз үшін

$$M = C_m H^{2/3} \sqrt[3]{V_1 \Delta T} / AFmn\eta$$

салқын коз үшін

$$M = C_m H^{4/3} 8V_1 / AFnD\eta$$

$\Delta T \approx 0$ жағдайда C_m магынасына сәйкес көздің биіктігі H -ты анықтауға пайдаланылатын формула:

$$H = (A \cdot M \cdot F \cdot D \cdot D / 8 V_1 C_m)^{3/4}$$

Белгілі заттек үшін C_m -ді нормативтік магынаға айырбастасақ, байлаша айтқаңда оның ШРК-не, онда $C \leq \text{ШРК}$ орындалатын жағдаймен қамтамасыз ететін M -нің шектік магынасын аламыз, яғни шекті руауды шығарындынікін.

Олай болса

ыстық шығарындыларға

$$\text{ШРШ} = (\text{ШРК} - C_\phi) H^2 \frac{\sqrt[3]{V_1 \Delta T}}{AFmn\eta}$$

салқын шығарындыларға

$$\text{ШРШ} = 8(\text{ШРК} - C_\phi) H^{4/3} \frac{V_1}{AFnD\eta}$$

Дара көздердің ШРШ-ын бір-бірімен қосып, өнеркәсіптің жалпы ШРШ-сын анықтауға болады, егерде мынадай жағдай сакталынса

$$\sum_{i=1}^n C_{mi} \leq \text{ШРК} - C_\phi,$$

бұл жерде:

C_{m} – і-көзден атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды заттектің ең жоғары мөлшері;

C_{ϕ} – зиянды заттектің фондық мөлшері;

n – белгілі заттекті ауа бассейніне шығарып отыратын көздердің саны.

1.6 Өнеркәсіптік кәсіпорынның санитарлық-корғау белдемі

Өнеркәсіп кәсіпорындарын үйімдастыру үшін жерді таңдаған кезде елді мекен мен өндірістік гимараттардың бір-біріне колайлы орналасуына ерекше назар аудару экологиялық талаптың біріне жатады. Бұл жағдайда жер бетінің пішіні мен аэроклиматтық сипаттамаға негізделіп құрылыш алаңы таңдалады. Өнеркәсіптік нысанды жақсы желдетіліп тұратын көтерінкі тегіс жерде орналастыру керек. Елді аймақтың орналасқан жерінің биқтігі өнеркәсіп орналасқан жерден анағұрлым тәмен болуы қажет, олай болмagan күнде өнеркәсіптік шығарындының таралуы үшін мұржаның биқтігін жоғарлату түкке жарамсыз, яғни тиімсіз болып қалады.

Кәсіпорын мен елді мекениңің өзара тиімді орналасуы жылдың жылы мерзімінде жел бағытының тұруына қарай айқындалады. Коршаған ортага бөлінетін шығарындылардың елді мекенге әсері тәмен болу мақсатында кәсіпорынды тұрғындар тұратын жерден алшақтатып, оның ық жағына орналастырады, сонда зиянды заттектерді жел елді мекеннен баска жаққа айдан әкетеді.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның гимараттары мен қогам үйлері өндірістік үдеріске қарай орналастырылады. Егерде цехтар мен басқада гимараттардың арасы өте жақын болса әр ластагыш көзден бөлінетін зиянды заттектер олардың арасында жинақталады, себебі ластагыштар аэродинамикалық көленке белдемінде қалып отырады. Осыған байланысты әр гимараттың биқтігін ескерген дұрыс болады. Көп мөлшерде зиянды шығарындысы бар цехтарды өндірістік аймақтың шетінде, елді мекеннен алшақтау жақта орналастыру қажет. Сонымен катар

бірнеше цехтардың зиянды шығарындылары бірікпейтін жағдайды да ескеру орынды.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның салуын жобалаган кезде бұл нысаннан бөлінетін зиянды және жағымсыз істі заттектер елді мекенге таратмау мақсатында санитарлық-корғау белдемі қарастырылады.

Санитарлық-корғау белдемі (аймагы) деп арнайы мақсаттағы аймактарды, сондай-ақ елді мекендері өнеркәсіп үйімдары мен басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма нысандарын жақын мандағы селітебті аумақтардан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы гимараттар мен күрылыштардан оларға колайсыз факторлардың әсер етуін азайту мақсатында боліп тұратын аумақты айтады. Адам денсаулығы мен коршаған ортага химиялық, биологиялық немесе физикалық әсерін тигізетін өнеркәсіп кәсіпорындары немесе басқа нысандар үшін, санитарлық-сактау белдемі міндетті түрде олардың кұрамына кіретін бөлікке жатады. Бұл аумаққа бақ, балабакша, мектеп, емдеу-сауықтыру мекемелерін, т.б. орналастыруға болмайды.

Санитарлық-корғау белдемінің көлемін кәсіпорынның қуатына, технологиялық үдерістерді іске асыру жағдайына, коршаған ортага бөлінестін зиянды және жағымсыз істі заттектердің сипаты мен мөлшеріне байланысты белгілейді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың жіктеліміне сәйкес және бөлінетін зиянды заттектерге байланысты бес санитарлық-корғау белдемі белгіленген: I сыныпты кәсіпорын үшін – 2000 м, II – 1000, III – 500, IV – 300, V – 100 м.

Атмосфераға зиянды заттектер шығармайтын технологиялық үдерістермен жұмыс істейтін кәсіпорындарды елді мекендерде орналастыруға болады. Колайсыз аэрологиялық жағдайда, тазарту құрылғылары жок немесе тиімділігі жеткілікіз болғанда санитарлық-корғау белдемін 3 есе ұлғайтады.

Санитарлық-корғау белдемінің көлемін азайтуға болады. егерде технологиялық үдеріс жанартылып, аз қалдықты тұрге айырбасталса немесе тиімділігі жоғары шығарынды газдар мен шандарды тазалайтын қондырғылар қолданысқа енгізілсе.

Санитарлық-корғау белдемінің ішінде зияндылығы төменгі сыныпта жататын нысандарды, атап айтқанда, өрт депосын, моншаны, кір жуатын үйді, көлік тұрактарын, қоймаларды, әкімшілік қызмет үйін, ғылыми-зерттеу зертханаларын, сату нұктелерін, т.б. өндіріске қатысты нысандарды орналастыруға болады.

Санитарлық-корғау белдемінің сыртында зиянды заттектердің аудағы мөшері шекті рауалы концентрациядан аспауы қажет

$$C_m + C_{\text{фондик}} \leq \text{ШРК}_{\text{б.к.}}$$

Санитарлық-корғау аймағының территориясы міндетті түрде көгалданырылады, газға төзімді ағаштар мен бұтактар түрлері егіледі. Себебі өсімдіктер биосүзгіштің рөлін атқарып, зиянды қоспаларды, радиоактивті бөлшектерді сүзіп, шуды сініріп отырады. Мысалы, шыршалы орманның 1га 32 тоннадай шанды сініре алады.

Тапсырма 1.15. Санитарлық-корғау белдемді айқындау мен құру.

Есептей. Жеке ластаушы көздің санитарлық-корғау белдемінің ұзындығын белгілегенде, көбіне желдің бағыты есепке алынады, яғни желдің соғу бағытына қарай санитарлық-корғау белдемінің ұзындығы әр түрлі болып келеді. Қандай жағдай болса да санитарлық-корғау белдемінің ұзындығы нормативті шамадан аспауға тиіс.

Әр бағыттагы санитарлық-корғау белдемінің ұзындығы темендегі формуламен есептелінеді:

$$L = L_0 \cdot P / P_0, \text{ м.}$$

Бұл жерде:

$$P > P_0;$$

L – есептелінетін санитарлық-корғау белдемінің ұзындығы;


L_0 – санитарлық-корғау белдемінің нормативті шамасы;

P – белгілі бағытта тұратын желдің орта жылдық қайталануы (%);

P_0 – біркалыпты айналма жел бағытының қайталануы, % (8-раушандық (румбалық) бағыттагы жел айналымында $P_0 = 100/8 = 12,5\%$).

Егерде $P/P_0 < 1$ болса, онда далдел түзету үшін есептелінген санитарлық-корғау белдемі мағынасының орнына нормативтік шама қолданылады. Орта жылдық жел айналымы туралы мәліметтер Республиканың мемлекеттік "Казгидромет" кәсіпорнынан алынады.

Желдің кай жақтан шығып қай бағытта тұратынын жел раушаны (роза) арқылы көрсетеді (сурет 1.4).



Сурет 1.4 - Жел раушаны

Накты айтқанда, егерде желдің қайталануы солтүстік раушан бағытымен болса, мысалы, ол 20% шамасында дейік, онда жел жылтына 20% үақыт арасында солтүстіктен оңтүстікке қарай тұрады.

Мысалы, бір қала үшін жел раушанының мағыналары төмөндегідей дейік:

Жел раушаны	С	СБ	Б	ОБ	О	ОШ	Ш	СШ
	20	15	10	12	18	7	5	13

Санитарлық-корғау белдемін есептеу үшін жел бағытының қайтаралымдығы төмөндегі мағыналардай болады:

Раушандар	О	ОШ	Ш	СШ	С	СБ	Б	ОБ
	20	15	10	12	18	7	5	13

Санитарлық-корғау белдемінің аумағын технологияны өзгерткенде, өндірістік үдерістерді, тиімділігі жоғары және сенімді тазарту күралдарын пайдаланғанда қысқартуға болады.

Ая шекарасыз, үнемі жылжымалы түрде болатынына байланысты оны корғау шараларының аймақтық немесе жергілікті деңгейде ғана мәні бар емес, бұл ғаламдық масштабта қаралатын мәселе болып саналады.


Жеке ластауышы козғе санитарлық-корғау белдемін құру. Жеке ластауышы көз үшін жел бағыты ескеріле отырып, санитарлық-корғау белдемі есептелініп, салынады. Есептеуге қажетті маліметтер мен есептеу арқылы табылған нәтижелер 1.10-шы кестеде көтірілген.

Кесе те 1.10. Жел бағыты ескеріліп, есептелінген санитарлық корғау белдемі

Рұмбалар	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
СҚБ, нормативтік шамасы, L_0 , м	300	300	300	300	300	300	300	300
Желдің қайтаралымдылығы, Р, %	11	17	23	10	4	6	14	15
P/P_0	0,88	1,36	1,84	0,8	0,32	0,48	1,12	1,2
СҚБ есептеу арқылы табылған шамасы, L, м	300	408	552	300	300	300	336	360

Серіз бағыттағы жел айналымы (роза) сыйылып, олардың қылышқан нүктесінен радиусі L_0 -ға тең шенбер жүргізіледі (бұл нормативтік СҚБ). Содан кейін $P/P_0 > 1$ қатынасы бар рұмбаларға есептелінген мағыналар түсіріліп, шықкан нүктелер бір-бірімен сыйықпен байланыстырылады, сейтіп дәлденген СҚБ шығады (сурет 1.5). СҚБ салғанда ось белдігінің басы еркінше түрде алынады.

Серіз бағыттағы жел айналымы (роза) сыйылып, олардың қылышқан нүктесінен радиусі L_0 -ға тең шенбер жүргізіледі (бұл нормативтік СҚБ). Содан кейін $P/P_0 > 1$ қатынасы бар рұмбаларға есептелінген мағыналар түсіріліп, шықкан нүктелер бір-бірімен сыйықпен байланыстырылады, сейтіп дәлденген СҚБ шығады (сурет 1.5). СҚБ салғанда ось белдігінің басы еркінше түрде алынады.




СКБ нормативтік шекарасы
СКБ дәлділенген шекарасы

Сурет 1.5 – Жеке ластағыш көзге катысты дәлділенген санитарлық-корғау белдемі

Кәсіпорынның санитарлық-корғау белдемі. Эр кәсіпорында бірнеше ластаушы көздер болса, олардың әрқайсысына дәлденген санитарлық-корғау белдемі анықталады. Одан кейін кәсіпорын үшін жалпы санитарлық-корғау белдемі жасалады (сурет 1.6).

Санитарлық-корғау белдемін құру үшін белдікті белгілең, X (шығысқа қарай) және Y (солтүстікке қарай) координаттары сзылады. Тапсырмага (1.11-шы кесте) сәйкес, әр ластаушы көзге сәйкес нүктелер белгіленеді. Эр нүктеден L_0 тен радиусті колданып, шеңберлер сзылады (сурет 1.6). Оларды бір-бірімен жанама сзығарқы арқылы біріктіріп, нормативтік санитарлық-корғау белдемі салынады. Нормативтік СКБ-нен тыс нүктелерді румбаларда белгілең, бір-бірімен жанама сзығарқы арқылы байланыстырып, дәлденген санитарлық-корғау белдемі анықталады.



СКБ нормативтік шекарасы
СКБ дәлділенген шекарасы.

Сурет 1.6 - Кәсіпорынның СКБ салу

Дербес жұмысқа тапсырмалар. 1.11 – 1.12-шы кестелерде берілген мәліметтерді пайдаланып, санитарлық-корғау белдемін сзып, кәсіпорынның есептеу арқылы дәлденген және нормативтік санитарлық-корғау белдемдерін салыстыру арқылы тұжырым жасалады.

К е с т е 1.11. Румбалар бойыниша желдің қайтарылымдылығы

Варианттар	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
1	16	16	12	12	8	10	6	20
2	24	11	11	8	9	6	11	20
3	12	16	8	14	10	13	17	10
4	5	13	17	12	12	23	14	4

1.11-ші кестенің жалғасы

Варианттар	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
5	7	10	23	15	20	12	8	5
6	15	20	15	13	15	10	6	6
7	5	10	10	15	27	13	11	9
8	5	15	10	23	17	13	12	5
9	13	21	10	6	7	10	23	10
10	8	20	14	12	8	8	15	15

Кесте 1.12. Шығарындыларды тастайтын көздердің орналасу координаттары

Варианттар	Ыстық шығарынды көзі (№ 0001)		Пісіру участкесі (№ 0002)		Жону-механикалық участкесі (№ 0003)		Аккумулятор белімі (№ 0004)	
	X	Y	X	Y	X	Y	X	Y
1	75	75	120	80	130	140	80	160
2	100	110	90	120	130	130	100	160
3	90	100	80	130	120	140	130	150
4	80	80	100	100	120	130	140	170
5	110	120	115	130	140	150	160	180
6	75	100	90	110	120	120	130	130
7	100	100	110	120	120	150	140	160
8	80	90	100	110	120	130	150	140
9	120	100	110	130	140	135	160	180
10	90	120	120	130	130	140	150	150

Нормативті санитарлық-корғау белдемін 2000 м, 1000 м, 500 м, 300 м, 100 м-ге тең етіп алуға болады.

Бакылау сұрақтары

- 1) Аэрозоль дегеніміз не? Ол және басқа зиянды заттектер адам ағзасына қалай әсер етеді?
- 2) Зиянды заттектер уыттылығына қарай неше сыныпқа бөлінеді?
- 3) Коршаган табиғи ортаны сипаттайтын сапа нормативтері қалай топтастырылады? Әр топқа мысал келтіріңіз.
- 4) Шектік рауалы концентрация деп қандай нормативтік көрсеткішті айтамыз?
- 5) Аудағы зиянды заттектердің мөлшерін сипаттайтын шектік рауалы концентрацияның қандай түрлері бар?
- 6) Экологиялық өндірістік-шаруашылық сапа нормативтеріне сипаттама беріңіз.
- 7) Өндірістік кәсіпорынның қауіптілік категориясы дегеніміз не?
- 8) Атмосфералық ауаның сапасын қандай жолмен реттеуге болады?
- 9) Ластағыштардың ауада таралуы мен олардың нормалануына қандай талаптар қойылады?
- 10) Атмосфераны қорғау және тиімді пайдаланумен оның жағдайын бақылауға бағытталған қандай нормативтік күжаттар мен заң актілері бар?
- 11) Санитарлық-корғау белдемі дегеніміз не?
- 12) Санитарлық-корғау белдемі неше сыныпқа бөлінеді?
- 13) Санитарлық-корғау белдемін анықтағанда қандай факторға сүйенеміз?
- 14) Санитарлық-корғау белдемінің өлшемі қандай факторларға байланысты?
- 15) Санитарлық-корғау белдеміне жататын аймакка қандай нысандарды орналастыруға рұқсат берілген?
- 16) Кәсіпорынның санитарлық-корғау белдемін қандай жағдайда өзгертуге болады?

2 ТАРАУ

АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАҒЫШ КӨЗДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ШЫГАРЫНДЫЛАРЫ

2.1 Жылу электр станциясының қазандықтарынан қоршаған ортаға болінетін шығарындылар

Энергияның қажетті түрі қазба отынды жағу, ядролық отынның ыдырауынан, геотермальды денелерді, күн энергиясын пайдалану, ағашты жағу және т.б. арқылы алғынады. Энергияның негізгі көзі қазба отын болып табылады, оны жағу арқылы адамзат 13 ТВт (1 ТВт = 10^{12} Вт) тен 90% энергетикалық қуатты алады.

Жылу электр станциясы отынды жағу кезінде болінетін жылу энергиясын түрлендіру нәтижесінде электр энергиясын өндіретін қасіпорын. Ол жылумен тұрғын үй, қоғамдық, өнеркәсіптік гимараттарды және технологиялық тұтынушыларды жылғыту, желдету, ыстық сұмен жабдықтау жүйелерін жылу тасымалдағышының (ыстық су немесе бу) қомегі арқылы жылумен қамтамасыз етеді. Бұл өндірістің пайдалы жағымен қатар қатты отынды пайдаланғанда зиянды жағы да жеткілікті. Себебі жылу электр станциясы қоршаған орта ластануының негізгі көзінің бір болып саналады және ластағыштардың ете көп мөлшерін шыгарады.

Жылу электрстанциясы атмосфераны қеміркышқыл газымен, құқірттің, азоттың оксидтерімен ластайды, осыны ескере отырып, қышқылды жауын-шашының түзілүіне де басты себеб болатын осы ондіріс саласы десек қателеспейміз. Осы өнеркәсіп шығарындыларының атмосфералық аудағы сұмен қышқыл түзгеніне байланысты қышқылданған жаңбыр немесе қар жауады, олардың pH мағыналары 5,6-дан төмен келеді. Қышқылданған жауын-шашын әрікарай топыракты, суқоймаларын қышқылдандырып, экожүйелерді бұлдіреді, осының салдарынан ормандардагы және даладағы өсімдіктердің өсуі тежеледі, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің әртүрлілігі азаяды.

Жылу электр станциясының қоршаган ортаға келтірілетін зияны тек отынды жағудың нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл технологиялық айналымның барысында, атап айтқанда, қемірді қазып алу мен тасымалдаудан бастап, әкаба суларды тастау мен күлді жинақтаумен аяқталады.

2.1.1 Жылу электр станциясының қазандықтарынан қоршаған ортаға болінетін шығарындылардың қолемдерін айқындау

Жылу электрстанциясы қазандықтарынан қоршаган ортаға болінетін ыстық шығарындылардың құрамында қолданған отын түріне байланысты келесі зиянды заттектер болады:

- 1) қемір үшін – қатты бөлшектер (күл, жартылай жанған қемір калдығы), CO, NO_x, SO₂;
- 2) мазут - күле, CO, NO_x, V₂O₅, SO₂;
- 3) табиги газ - CO, NO_x

Қемір немесе сүйкі отын жақканда бөлінетін қатты бөлшектердің (күл мен жанбай қалған отын белгі) мөлшері төменгі формуламен аныкталады:

$$M_k = B \cdot A \cdot f \cdot (1-\eta_k)$$

Бұл жерде:

M_k – шығарынды зиянды заттектердің мөлшері, т/жылына;

B – жұмсалған отынның мөлшері, т/жылына;

A – отын күлділігі, %; Қарағанды қемірінің күлділігі – 27,6%, мазуттікі – 0,1%;

f – оттық конструкциясына (жылжымалы немесе жылжымайтын тор, қолмен тастау, т.б.) байланысты коэффициент, қемір отын колданғанда f = 0,0023, ал мазутта f = 0,02;

η_k – тазалау аппаратындағы күлді ұстауға байланысты коэффициент, егерде тазалау жұмысы жүргізілмесе $\eta_k = 0$.

Қемір немесе сүйкі отын жақканда бөлінетін SO₂ мөлшерін (M_{SO2}) есептеуге колданылатын формула:

$$M_{SO_2} = 0,02 \cdot B \cdot S \cdot (1 - \eta'_{SO_2}) \cdot (1 - \eta''_{SO_2}), \text{ т/жылына},$$

бұл жерде:

S – отындағы күкірттің мөлшері, % (күкірттің мөлшері Караганды көмірінде – 0,8%, мазутта – 1,9%);

η'_{SO_2} – ұшпа құлдегі SO_2 үлесі (Қарағанды көмірінде – 0,1, ал мазутта – 0,02);

η''_{SO_2} – тазалағыш аппаратта үсталатын SO_2 үлесі.

Ал шыгарындыдағы CO -газының мөлшері келесі байланыспен анықталады:

$$M_{CO} = 0,001 \cdot B \cdot Q_H \cdot K_{CO} \left(1 - \frac{q}{100} \right), \text{ т/жылына},$$

бұл жерде:

Q_H – отын жанғанда бөлінетін жылудың ең төменгі мөлшері, кДж/кг (Қарағанды көмірінен – 21,12, мазуттан – 39,85, газдан – 35,7 кДж/м³);

K_{CO} – отын жанғанда жылу олшеуішіне сәйкес бөлінетін CO газының мөлшері, кг/кДж (көмір үшін – 1,9; мазут – 0,32; табиги газ – 0,25 кг/кДж);

q – механикалық түрде отын толығымен жанбағанда жылу шығыны көмір қолданғанда (жылжымайтын тор, қолмен тастағанда) – 7%, мазут пен табиги газ үшін – 0%.

Шыгарынды NO_x газының мөлшері төменгі формула арқылы есептелінеді:

$$M_{NOx} = 0,001 \cdot B \cdot Q_H \cdot K_{NOx} \cdot (1 - \beta), \text{ т/жылына},$$

бұл жерде:

β – техникалық шешім арқылы NO_x газының шыгарынды көлемін азайту дәрежесін ескеретін коэффициент, оны 0-ге тең кылып алуға болады;

K_{NOx} – қазандықтың қуатына қарай 1 гДж жылу белгінгенде түзілетін NO_x мөлшері: көмір үшін – 0,2, мазут пен газ – 0,08 кг/гДж тең.

V_2O_5 мөлшерін есептеуге қолданылатын формула:

$$M_{V2O5} = 10^{-6} \cdot B \cdot q_{V2O5} \cdot (1 - \eta_{tray}) \cdot (1 - \eta_{ust}), \text{ т/жылына},$$

бұл жерде:

η_{tray} – қазандықтың қыздырылатын бетіне V_2O_5 тұну коэффициенті, аралық бу жылдықтары бар қазандықтар үшін бұл коэффициент 0,07-ге тең, оларсыз – 0,05, баскалар үшін – 0;

η_{ust} – тазалағыш кондырығыларда үсталатын қатты бөлшектердің үлесі, 0-ге тең етіп алуға болады;

q_{V2O5} – сүйық отындағы ванадий оксидінің мөлшері, г/т,

Егерде V_2O_5 мөлшері туралы мәлімет болмаса мазуттағы күкірттің мөлшері арқылы төменгі формуланың көмегімен

$$q_{V2O5} = 95,4 \cdot S' - 31,6 \text{ (г/т)}$$

анықтауға болады.

Бұл жерде S' – отындағы күкірттің мөлшері, мазут үшін 1,9% тең.

Жылдық шыгарынды арқылы $\text{гр секундта бөлінетін шыгарындының максимальды мөлшерін анықтайтын формулаға$ келесі қатынас жатады:

$$M_c = \frac{M \cdot 10^6}{3600 \cdot t} (\text{г/с}).$$

бұл жерде t – жыл бойына шакқанда қазандықтың жұмыс істейтін уақыты, сағат.

Тапсырма (дербес жұмыс) 2.1. Жоғарыда қарастырылған тиесті формулаларды пайдаланылып, 2.1-ші кестедегі мәліметтер арқылы қазандықтардан шығарылатын зиянды заттектердің жылдық және секундтық көлемдері есептелінеді.

Кесте 2.1. Шығарындылардың көлемін есептеуге арналған бастанқы мәліметтер

Вариант	Отын түрі	Шығарынды заттектер	Жұмсалатын отын көлемі, т/жылына	Қазандықтын жұмыс істейтін уақыты, сағ/жылына
1	Кемір	Күл, жанбаган кемір, CO, NO _x , SO ₂	5500	4100
2	Табиги газ	CO, NO _x	4700	5000
3	Мазут	Күле, CO, NO _x , SO ₂ , V ₂ O ₅	6500	3600
4	Мазут	Күле, CO, NO _x , SO ₂ , V ₂ O ₅	3500	4000
5	Табиги газ	CO, NO _x	6100	7000
6	Мазут	Күле, CO, NO _x , SO ₂ , V ₂ O ₅	7000	5600
7	Кемір	Күл, CO, NO _x , SO ₂	4500	5100
8	Кемір	Күл, CO, NO _x	4300	4200
9	Мазут	Күле, CO, NO _x , V ₂ O ₅	5000	4900
10	Табиги газ	CO, NO _x	5100	6750

Есептеу арқылы коршаган ортаға белгінетін зиянды заттектердің мөлшерін тапқаннан соң қандай отын түрі пайдалануға тиімді соны салыстырмалы түрде анықтау кажет.

Бақылау сұрақтары

1. Жылу электростанцияларының қазандыктарында отын ретінде көмір қолданылғанда қандай зиянды заттектер ауаға шығарылады?
2. Қандай отын түрін қазандыктарда пайдаланғанда күйе мен күл болінбейді?
3. Жаңу үдерісінің нәтижесінде пайда болатын зиянды заттектердің мөлшері комірдің күлділілігіне байланысы бар ма?
4. Қазандыктардың шығарындысындағы азот оксидтері қандай үдеріс нәтижесінде түзіледі?

2.2 Механикалық өндіру әдісі және орын алатын шығарындылар

Механикалық түрде өндөлетін материалдарға металдар, корытпалар, ағаштар, пластмассалар, т.б. жатады. Бұл материалдарды қыздырмай өндіру үшін жону, фрезер, ажарлау, ұштаушы, бұргылау және басқада станоктар қолданылады.

Сынғыштық қасиеті бар материалдарды (шойын, кейбір түсті металдар және т.с.) механикалық жолмен өндегендеге шаң түрінде қатты бөлшектер болінеді. Ажарлау мен ұштаушы станоктармен болатты өндегендеге де шаң тәрізді қатты бөлшектер пайда болады, ал басқа станоктарды пайдаланғанда қалдық ретінде тек жонка шыгады. Бұл шығарындылардан басқа майлау мен салқыннатуға қолданылған сұйықтықтардан коршаган ортаға ластаушы заттар ретінде минералды майлардың аэрозолдары мен әртүрлі эмульсолдар болінеді.

2.2.1 Металл мен пластмасса материалдарын механикалық әдіспен өндегендеге түзілетін шыгарындылар көлемін есептеу жолдары

Механикалық өндеу әдісін пайдаланғанда коршаган ортага шыгарылатын ластагыштардың мөлшері сыйбағалы көрсеткіштерді пайдалану арқылы жүргізіледі.

Станоктар жұмыс істегендеге шыгарытын жемірлі және металды шандардың салыстырмалы салмағы (q), кг/сағатына: жону станогынан – 0,020; бұрғы станогынан – 0,004; қайрау станогынан – 0,010; фрезер (айналмалы жону) станогынан – 0,007.

Әр станок үшін жылдық шыгарындының мөлшерін (т/жылына) анықтауға колданылатын формула:

$$M = q \cdot t \cdot 10^{-3}$$

Жылдық шыгарынды мөлшері аныкталса, секундтық мөлшерді (г/с) анықтау тәмендегі түрге айналдырылған формула арқылы табылады:

$$M^1 = \frac{q \cdot 10^3}{3600},$$

t – станоктың жыл бойы нақтылы жұмыс істейтін уақыты, бұл көрсеткіш сағат санымен беріледі.

Станоктардың бәрінен белгінетін шыгарындылар бір ауа жаңартатын мұржадан шыгарытын болса, онда жалпы секундты және жылдық шыгарындылар мөлшері сайкесінше тәмендеге келтірілген екі формулалармен есептелінеді:

$$M = M_{\text{ток}} + M_{\text{бұрғ}} + M_{\text{қайрау}} + M_{\text{фрез.}} \text{ (т/жылына)}$$

немесе

$$M^1 = M^1_{\text{ток}} + M^1_{\text{бұрғ}} + M^1_{\text{қайрау}} + M^1_{\text{фрез.}} \text{ (г/с)}$$

Барлық станоктардан белгінетін шыгарындының жылдық және секундтық мөлшерлерінің қосындысын анықтай, шектік рауалы мөлшермен салыстырып, тұжырым жасалады. Егерде нормативтен асып отырса, шыгарындының мөлшерін тәмендеге болатын шараларды қарастырады.

Механикалық өндеу үдерісінде пластмассадан болінетін шыгарынды көлемін есептеу. Пластмассаны механикалық жолмен өндеу нәтижесінде белгін шыгарынды негізінде органикалық шаң түрінде болады. Жалпы шанның мөлшерін анықтауда томенде 2.2-ші кестеде келтірілген сыйбағалы шаң шыгарындысының көрсеткіші колданылады.

Кесте 2.2. Пластмассаны механикалық өндегендеге әр жеке операциядан болінетін сыйбағалы шыгарынды көрсеткіштерінің шамасы

Механикалық өндеудің түрі	Өндөлөтін материал	Тозаңдау (шандану), г/кг	
		100 г салмағаты бүйім	салмағы 100 г мен 2000 г аралығындағы бүйім
Жону жұмыстары	Фенопластар, аминопластар, волокниттер, стекловолокниттер	7,00	11,00
Бұрғылау	Фенопластар, аминопластар, волокниттер, стекловолокниттер	8,00	12,00
Зімпарапты таспен тазалау	Фенопластар, аминопластар, волокниттер, стекловолокниттер	-	13,00
Өндөндіру	Фенопластар, аминопластар, волокниттер, стекловолокниттер	2,00	2,50
Тегістей	Фенопластар, аминопластар, волокниттер, стекловолокниттер	1,00	1,50

Пластикті терезені поливинилхлоридтен (ПВХ) жасаған кезде болінетін шығарынды колемін есептеу. ПВХ-тен жасалатын пластикті терезенің бөлшектерін балқытып біріктіргендеге атмосфераға СО мен винилхлориді белінеді (кесте 2.3).

Ластаушы заттектердің жалпы шығарындысын анықтайтын формула:

$$M_i = q_i \times N, \text{ т/жылына}$$

бұл жерде:

q_i – бір рет пісіру кезінде болінетін ластаушы заттектің сыйбагалы мөлшері;

N – жыл бойы жүргізілетін пісіру үдерісінің саны.

Ластаушы заттектер шығарындысының бір жолдық максималдық көлемінің шамасын анықтауға колданылатын формула:

$$Q_i = \frac{M_i \times 10^6}{T \times 3600}, \text{ г/сек}$$

бұл жерде:

T – күрал-жабдықтың жылына жұмыс атқаратын уақыты, сағат.

К е с т е 2.3. ПВХ-тен пластикті терезе кесіп дайындағанда болінетін ластағыштардың сыйбагалы мөлшерлері

Ластағыш заттектер	Сыйбагалы шығарындының көрсеткіші, г/бір реттік пісіруде, q_i
СО	0,009
Винилхлорид	0,0039

2.2.2 Электрлік пісіру (балқытып біріктіру) жұмысынан болінетін шығарындының көлемін есептеу

Пісіру (данекерлеу) жұмысын атқарғанда жыл бойына болінетін ластағыштар шығарындысын анықтау келесі формулаларды колдану арқылы жүргізіледі:

$$M = B \cdot q \cdot 10^{-6}, \text{ т/жылына}$$

немесе

$$M = B \cdot q / 3600 \cdot t, \text{ г/с}$$

бұл жерде:

B – электродтардың жылдық шығыны, кг/жылына;

q – болінетін зиянды заттектердің сыйбагалы мөлшері, оның шамасы қолданылған электродтар маркісіне тәуелді келеді (2.4-ші кесте);

t – пісіру участкесінің жұмыс істеу мерзімі, сағат/жылына.

К е с т е 2.4. Электрлік дәнекерлеуде болінген ластағыштардың сыйбагалы мөлшері г/кг жұмсалған электродтың массасы

Электродтың маркасы	Ластағыштардың сыйбагалы мөлшерлері, г/кг		
	Аэрозоль	MnO ₂	HF
AHO-1	7,1	0,43	0,8
AHO-3	47,0	1,85	–
AHO-4	6,0	0,69	–
AHO-5	14,4	1,87	–
ЭА903/12	25,0	2,8	–
AHO-9	16,0	0,9	0,47
AHO-11	22,4	0,87	0,96
AHO-15	19,5	0,99	0,43
ОЗС-6	13,8	0,86	1,53
ЖД-3	9,8	1,32	1,53

К е с т е 2.5. Жылдық және максималды шығарындыларды есентеуге арналған бастапқы мәліметтер

Варианттар	Электродтар маркасы	B, кг/жылның	T, сағат/жылның
1	AHO-1	1305	2550
2	AHO-3	1010	3000
3	AHO-4	900	1000
4	AHO-5	850	2500
5	ЭА903/12	1200	1500
6	AHO-9	1100	1700
7	AHO-11	950	2340
8	AHO-15	900	550
9	OЗС-6	1000	1050
10	ЖД-3	800	1300

2.2.3 Ағаштың өндіреу участкесінің шығарындылары

Ағашты механикалық әдіспен өндіреу үшін келесі технологиялық үдерістер колданылады: аралау, жону, жонқалап кесу (фрезерлеу) және станок комегімен тесу және тағы басқалар. Бұл үдерістерде негізгі белінетін ластаушы заттек болып ағаш шаңы саналады. Шаңның мөлшері станоктардың жұмыс істейтін уақытына байланысты.

Кейбір кеңінен ағаштың өндіреуге жиі қолданылатын станоктар мен қондырыларға қатысты қалдықтар мен шаңға тиісті мәліметтер төмөндегі кестеде (2.6) көлтірілген.

Әр әрекетте жалпы болінетін шаң шығарындысы келесі формуламен анықталады:

$$M = q \cdot t \cdot n \cdot 3600 \cdot 10^{-3} \cdot K, \text{ кг/жылның}$$

бұл жерде:

q – қалдықтағы шаң мөлшерінің үлестік көрсеткіші;

t – станоктың жұмыс істейтін уақыты, сағ/күніне;

n – жалпы станоктар саны;

K – жыл бойындағы жұмыс күнінің саны.

Егерде шаң үстайтын қондырығы болса онда белінетін шаңды ($M_{уст.}$) формула арқылы анықтайды:

$$M_{уст.} = \frac{M \cdot \eta \cdot A}{100} \text{ кг / жылның}$$

бұл жерде:

η – тазалау ұстасының орташа тазалау тиімділігі.

Жалпы шаң мөлшерін ($M_{ж.ш.}$) анықтайтын формула:

$$M_{ж.ш.} = M - M_{уст.}, \text{ кг/жылның}$$

Орнатылған қондырығының тиімділігі ескеріліп шаңның максималды біржолдық шығарындысы 2.6-шы кестеден алынады.

К е с т е 2.6. Ағашты механикалық өндегендегі шаңтүзілу үдерісіне қатысты мәліметтер

Станоктар түрі мен маркалары	Сорынлатын шаңның минималды колемі (есептелінген), мың м ³ /сағ	Қалдықтардың орташа колемі, г/с	Шаңның орташа мөлшері	
			үлесі, %	мөлшері, г/с
Дөнгелектен кесу				
Ц6-2	0,84	8,25	36	2,97
ЦТЭФ	2,52	12,86	34	4,4
ЦМЭ-26, ЦКБ-4	0,86	12,2	36	4,4
ЦПА-40	0,84	12,2	35	4,25
ЦК12	-	9,7	34	3,3

2.6-шы кестенің жалғасы

Станоктар түрі мен маркалары	Сорылатын шашның минималды көлемі (есептелінген), мың м ³ /сәт	Калдықтар- дың орташа көлемі, г/с	Шашының орташа мөлшері	
			Үлесі, %	мөлшері, г/с
ЦД-2А	1,50	16,9	35	5,97
ЦДК-4	-	21,7	36	7,8
ЦА-2	-	30,6	36	11,03
ЦМР-1	1,90	47,2	36	17,0
УП	0,7	5,8	30	1,75
Сурғылеу		Жонка, шаш		
СФ-3, СФ-4	1,50	9,2	25	2,3
СФ-6	-	20,3	25	5,06
СФА-4	-	26,9	25	6,7
СФА-6	-	52,8	25	13,2
СР-3	-	26,9	25	6,7
СК-15, С16-4	-	86,1	25	21,6
С2Р8	2,50	123,6	25	31,1
С2Р12	3,10	136,1	25	34,03
Фрезер		Жонка, шаш		
ФЛ, ФЛЛ, ФСШ	0,90	6,7	20	1,3
Ф-4, Ф-5, Ф-6	1,35	7,25	20	1,4
ФЛ-4	-	12,2	20	2,4
СР-18	-	138,9	25	34,7
СК-15, С16-4,5	-	86,1	25	21,5
СП-30, С-26	-	166,7	25	41,7
Аралау		Жонка, үгінді		
ШО-10, ШО-6 (ара)	0,72	1,3	16	0,19

2.6-шы кестенің жалғасы

Станоктар түрі мен маркалары	Сорылатын шашның минималды көлемі (есептелінген), мың м ³ /сәт	Калдықтар- дың орта көлемі, г/с	Шашының орташа мөлшері	
			Үлесі, %	мөлшері, г/с
ШД-10	0,72	2,56	16	0,39
ШЛХ-3	1,98	17,31	16	2,78
Баулап аралау	Үгінді, шаш			
ЛС-80	1,15	8,06	34	2,72
ЛД-140	2,50	68,06	34	23,19
Тесу, кашау	Жонка, үгінді			
СВА-2	0,15	3,89	18	0,69
ДЦЛ-2	-	7,5	18	1,33
СВА-2М, СВП-2	0,15	7,19	-	0,44
Кырнаш өндөу	Шаш			
ШЛПС-7	3,0	1,56	100	1,56
ШЛНСВ	2,4	0,33	100	0,33
ШЛЭЦВ-3	-	13,33	95	12,67

2.2.4 Гальваника участкісінде металдарды өндөуден откізгендеге бөлінетін шығарындылар

Металдан жасалған бұйымдардың бетіне қаптау кабатын жасау үшін үш топқа бөлінетін өндірістік операциялар жүргізіледі. Оларға бұйымның бетін механикалық түрде дайындау (тазалау, тегістеп ажарлау және ысып жылдылдату), бұйымдардың беткі кабатын ерітінділермен өндөу (өндсү, майсыздандыру, жуу) және гальваникалық пен химиялық жолдармен қаптау кабатымен жабықтау жатады. Осы өндөуге

бағытталған сатылардың бәрінде белгілі түрде және мөлшерде атмосфералық ауаға шыгарындылар тастанып отырады.

Механикалық өндөу үдерістерінде бөлінетін шыгарындылар көлемі, яғни максималды біржолдық ластағыш заттектердің мөлшері (G_{max}) келесі формула арқылы есептелінеді:

$$G_{\text{max}} = \frac{Q_i C_i}{3600} \cdot \left(1 - \frac{\eta \cdot A}{100}\right), \text{ г/с}$$

Бұл жерде:

Q_i – технологиялық қондырғыдан алшақтатылып тазаланатын ауа көлемі, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

C_i – ластағыш заттектердің мөлшері, г/м^3 (кесте 2.7);

η – тазалайтын ұстасын қондырғының тиімділігі, % (кесте 2.8);

A – тазалау қондырғының бұзылмай жұмыс істейтінін ескеретін коэффициент.

Ластағыш заттектердің жалпы мөлшерін (M_{max}) анықтауда қолданылатын формула :

$$M_{\text{max}} = G_{\text{max}} \cdot 3600 \cdot t_i \cdot 10^{-3}, \text{ кг/жылына}$$

Бұл жерде:

t_i – жылына бетті өндеуге жұмсалатын уақыт, $\text{сағ}/\text{жылына}$.

Ерітінділер көмегімен бұйым беттерін өндегендеге майлар ластағыштар, майлар, коррозия өнімдері, оксидті кабықшалар, темір кактары және т.б. жойылады. Өндеу бірнеше операциялардан тұрады, яғни майсыздандыру, тегістеу, жалтырату, т.б. Бұл жағдайда органикалық еріткіштер, сілтілі, сулы, қышқылды және эмульсиялық жұғыш ерітінділер қолданылады.

Бұйымдарды гальваникалық жолмен өндегендеге бөлінетін ластағыш заттектер 2.7-ші кестеде көлтірлген.

К е с т е 2.7. Негізгі технологиялық қондырғыдан бөлінетін шаңның сипаттамасы

Технологиялық қондырғы	Тазалайтын аузының болжамдық көлемі, мын $\text{м}^3/\text{сағ}$	Шаң түрі	Мөлшер г/м^3	Медиандык диаметр, $\mu\text{мм}$	Орташа квадраттық аудиту	Бөлшектер тығыздығы, г/см^2
Тазалау барабандары	10-20	Механикалық как	0,8-0,5	10-15	2,2-2,5	3,7-5,0
Бытыра лактыру барабандарымен тазалау	4-15	Механикалық как	1,0-3	10-30	2,0-2,5	3,7-5,0
Бытыра лактыру жолымен тазалайтын камералар ($\leq 3t_i/\text{сағ}$)	10-15	Механикалық как	2-5,0	30-40	2,1-2,3	3,7-5,0
Ажарлау станоктары	0,5-3,0	Абразив, металл	0,3-0,8	10,5	2,7-3,3	3,4-4,8
Тегістеу станогы	-	Текстиль, тегістейтін пастадан шыккан	0,1-0,3	25-100	1,6-3,6	1,5
Крацевальды станоктар	3,0-6,0	Механикалық как	0,1-0,3	Оңдепетін материалдар мен щетка материалдарына байланысты		

Майсыздандыру кезінде органикалық еріткіштерден бу түрінде белгістін жалпы шыгарындыны анықтау тәменде келтірілген формула комегімен жүргізіледі:

$$M_{\text{an}} = q_{\text{an}} \cdot F \cdot m_2 \cdot t \cdot n \cdot 10^{-3}, \text{ кг/жылна}$$

бұл жерде:

q_{an} – ваннаның бетінен болінетін ластағыш заттектердің үлестік мөлшері, г/сағ·м² (кесте 2.8-ші);

К е с т е 2.8. Гальваникалық цехтар шыгарындысындағы ластағыш заттектердің агрегаттық күйі

Заттек	Агрегаттық күй
Азот кышқылы мен азот оксидтері	> 99,5% газдық фаза, < 0,5% аэрозоль
Никельдін еритін тұздары	Аэрозоль
Құқырттың кышқылы	Аэрозоль
Фторидті сутек	Бу
Фосфор кышқылы	Аэрозоль
Хром ангидриді	Аэрозоль
Сутекті хлорид	> 75% газдық фаза; < 25% аэрозоль
Сілті	Аэрозоль
Цианидті сутек	> 75% газдық фаза; < 25% аэрозоль
Үшхлорэтан	Бу
Үшфтторушхлорэтан	Бу
Уайт-спирт	Бу
Бензин БР-1	Бу
Бензол	Бу
Тетрахлорэтилен	Бу
Керосин	Бу

F – ванна айнасының көлемі, м²;

t – күніне майсыздандыруга жүмсалатын уақыт мерзімі, сағ/күніне;

n – жыл бойындағы жұмыс күнінің саны, күн/жылтына;

m_2 – буланудың беткі көлеміне байланысты коэффициент (кесте 2.9-ші).

К е с т е 2.9. Әртүрлі технологиялық үдерістерде гальваникалық ванналардың бетінен болінетін ластағыш заттектердің үлестік мөлшері

Үдеріс	Заттек	Мөлшер, г/сағ·м ²
<i>Бұйымдарды майсыздандыру</i>		
Органикалық еріткіштермен	Бензин	4530
	Керосин	1560
	Уайт-спирт	5800
Сілті ерітінділерінде химиялық жолмен	Ашы сілті	1,0
	Электрхимиялық	Ашы сілті
<i>Бұйымды химиялық жолмен өндөру</i>		
Хром кышқылы және онын тұздарының ерітінділерінде $t=50^{\circ}\text{C}$	Хром ангидриді	0,02
	Сілті ерітінділерінде $t>50^{\circ}\text{C}$	Ашы сілті
Ыстық сұйылтылған ($t>50^{\circ}\text{C}$) және койылтылған күкірт кышқылының ерітінділерінде	Күкірт кышқылы	25,2
	Фосфор кышқылы	2,20
Азот кышқылының мөлшері 100/г/л үстіндегі болатын сұйылтылған ерітінділерде	Азот кышқылы мен азоттың оксидтері	5,0

2.9-шы кестенің жалғасы

Үдеріс	Заттек	Мөлшер, г/саг·м ²
Тұз қышқылының ерітінділерінде <200	Хлорлы сутек	1,1
200-250	Хлорлы сутек	3,0
250-300	Хлорлы сутек	10,0
300-350	Хлорлы сутек	20,0
350-500	Хлорлы сутек	50,0
500-1000	Хлорлы сутек	288,0
Фторлы сутек қышқылы мен оның тұздары бар ерітінділерде <10	Фторидті сутек	1,0
10-20	Фторидті сутек	
20-50	Фторидті сутек	
>100	Фторидті сутек	
150-350 г/л мөлшерде құқірт қышқылы бар ерітінділерде электрохимиялық жолмен өндөу (палладий, родий, алюминий және оның қорытпаларымен каптау)	Құқірт қышқылы	10,0 36,0 42,0 72,0
Ортофосфор қышқылы бар койылтылған салқын ерітінділерде электрохимиялық жолмен өндөу (алюминий мен оның қорытпаларын анодты тотыктыру)	Фосфор қышқылы	10,8
Ортофосфор қышқылы бар ыстық сұйылтылған ($t < 50^{\circ}\text{C}$) және койылтылған салқын ерітінділерде химиялық жолмен өндөу	Фосфор қышқылы	25,2
Фторидті сутек қышқылы мен оның тұздарының темендеңі мөлшері бар ерітінділермен өндөу, г/л: <10	Фторидті сутек	1,0
10-20	Фторидті сутек	
20-50	Фторидті сутек	
50-100	Фторидті сутек	
100-150	Фторидті сутек	
150-200	Фторидті сутек	
>200	Фторидті сутек	

2.9-шы кестенің жалғасы

Үдеріс	Заттек	Мөлшер, г/саг·м ²
<i>Ескі қантама қабатты сызыру</i>		
Қалайы мен хром	Ашы сілті	39,6
<i>Жылтырату</i>		
Химиялық жолмен ортофосфор қышқылының койылтылған салқын ерітінділерде ($t < 50^{\circ}\text{C}$)	Фосфор қышқылы	2,2
> 100 г/л азот қышқылы бар сұйылтылған ерітінділерде	Азот қышқылы	10,8
Құқірт қышқылының сұйылтылған ыстық ерітінділерде	Құқірт қышқылы	25,0
Электрохимиялық әдіспен 30-60 г/л аралығында хром қышқылы немесе хром ангидриді бар ерітінділерде	Хром ангидриді	7,2

Ластағыш заттектердің максималды біржолдық шығарынды көлемін анықтауға қолданылатын формула:

$$G_{\text{он}} = \frac{q_{\text{он}} \cdot F \cdot m_2}{3600},$$

Гальваникалық өндөрдегі болінетін ластағыш заттектердің жалпы молшерін ($M_{жабу}$) аныктайтын формула:

$$M_{жабу} = \frac{q_{жабу} \cdot F \cdot t \cdot n \cdot K_B}{1000} \cdot \left(1 - \frac{\eta_T \cdot A}{100}\right), \text{ кг/жылана}$$

бұл жерде:

$q_{жабу}$ – мағынасы кесте 2.9-дан алынады;

F , n – мағыналары жоғарыда көтірілген;

t – кондырғының жұмыс істейтін уақыты, сағат/күніне;

K_B – заттектің агрегаттық күйіне байланысты коэффициент.

Газдар мен буларға $K_B=1$; аэрозолдарға K_B 2.11-шы кесте арқылы анықталады.

η_T – ұстағыш кондырғының тазалау тиімділігі, % (кесте 2.10-шы);

A – тазалауға қолданылатын кондырғының бұзылмай жұмыс істейтін ескеретін коэффициент.

К е с т е 2.10 Ваннаның беттік көлеміне (F) байланысты m_2 коэффициентінің мағынасы

$F, \text{ м}^2$	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,35
m_2	2,87	2,56	2,35	2,17	2,0	1,85	1,72
$F, \text{ м}^2$	0,4	0,45	0,5	0,55	0,6	0,65	0,7
m_2	1,6	1,52	1,45	1,39	1,33	1,27	1,23
$F, \text{ м}^2$	0,75	0,8	0,85	0,9	0,95	1,0	-
m_2	1,18	1,13	1,09	1,061	1,03	1,0	-

Ластағыш заттектердің максималды бірмезгілдік (біржолдық) шығарынды көлемін ($G_{жабу}$) анықтауға қолданатын формула:

$$G_{жабу} = \frac{q_{жабу} \cdot F \cdot K_B}{3600} \cdot \left(1 - \frac{\eta_T \cdot A}{100}\right),$$

$q_{жабу}$ – ваннаның беттің қабатынан белінетін ластағыш заттектердің үлестік молшері, г/сағ м^2 ;

F – ванна айнасының көлемі, м^2 ;

K_B – заттектің агрегаттық күйіне байланысты коэффициент.

Газдар мен буларға $K_B=1$; аэрозолдарға K_B 2.11-шы кесте арқылы анықталады.

η_T – ұстағыш кондырғының тазалау тиімділігі, % (кесте 2.10-шы);

A – тазалау қондырғының бұзылмай жұмыс істейтін ескеретін коэффициент.

К е с т е 2.11. Ауа жылжитын тұтықтағы заттектің агрегаттық күйіне байланысты $K_{ауа}$ коэффициентінің мағынасы

Сору ернеуінен бастап ауа жүретін тұтықтың ұзындығы, м	0,2	1,0	2,0	4,0	6,0	8,0	0,14
$K_{ауа}$ коэффициентінің мағыналары	1,0	0,4	0,2	0,18	0,17	0,15	0,14

2.3 Аккумуляторды зарядтау участекінің шығарындысы

Көлік және басқада өнеркәсіп салаларына қатысты касіпорындарда аккумуляторлы батареяны зарядтау мен жөндеу жұмыстары аткарылады. Бұл жағдайда негізгі технологиялық үдерістерге оларды болжектеу, тозған болжектер мен тораптарды қалпына келтіру (немесе айырбастау), жинау, электролитті дайындау, зарядтау жатады.

Аккумуляторлық батареяларды болжектеу үдерісінде атмосфераға зиянды заттектер белінбейді. Ал олармен жұмыс істегендегі ауаға белінетін газдарға – сутек, оттек және күкірт

қышқылының аэрозолі жатады. Бөлінетін газдардың мөлшері көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда, батареялардың тозған деңгейі мен тоғынан айрылған дәрежесіне, температурага, зарядтауга жұмсалған уақыт мерзіміне. Ең көп мөлшерде газдар зарядтау үдерісі аяқталуға жакындаған шақта болінеді. Негізгі анықтауға жататын зиянды заттек болып күкірт қышқылының аэrozолі саналады.

Аккумуляторлардың сыртқы каптама белігін жөндегендегі битумды мастиканы пайдаланады. Оны дайындағанда аз мөлшерде майдың аэrozолі болінеді. Элементтерге қатысты аралық ұстасқыштар мен сыртқы байланысқа арналған ұстасқыштарды қалпына келтіру (кую) үдерісінде, сонымен катар аккумуляторларды жинағанда коршаған ортага түсетін зиянды заттектің бірі қорғасын.

Аккумуляторлық батареяларды зарядтау мақсатында электролиттер дайындаған кезде де ауаға олардың аэrozольдары болінеді. Мысалы, қорғасынды аккумуляторларды зарядтау үшін қышқылды электролит дайындағанда күкірт қышқылы, ал темірлі-никелді сілтілі аккумуляторларды зарядтағанда натрий гидроксиді болінеді.

2.3.1 Аккумуляторды зарядтау үчаскесі шығарындысының көлемін есептеу

Тәменде аккумуляторларды жөндегендегі бөлінетін зиянды заттектердің мөлшерін анықтау мүмкіндіктері корсетілген.

Күкірт қышқылының аэrozолі. Аккумуляторды зарядтағанда бөлінетін күкірт қышқылы буының салыстырмалы (сыбағалы) мөлшері $q = 2.5 \text{ г/кг}$ (немесе 1 кг/А.ч) тән келеді.

Жылдық және секундық шығарындылардың мөлшерін анықтауға келесі тәменде көлірілген екі формула колданылады:

$$M_{H_2SO_4} = B \cdot q \cdot 10^{-6} (\text{т/жылнина})$$

немесе

$$M_{H_2SO_4} = B \cdot q / 3600 \cdot t (\text{г/с}),$$

бұл жерде:

B - аккумуляторды зарядтауга жұмсалатын H_2SO_4 жылдық көлемі;

t - аккумулятор зарядтау үчаскесінің жылнина жұмыс істейтін сағаты.

Май аэrozолі мен қорғасын шығарындысының мөлшері. Бұл ластасқыштардың жалпы мөлшерін анықтауға пайдаланылатын формула:

$$M_i = m_i \cdot t \cdot S \cdot 10^{-3}, \text{ т/жылнина}$$

бұл жерде:

t - бір рет қыздырғанда қорғасынның (немесе мастиканың) тигельде балқыған түрде болатын мерзімі, с.

Бір реттік максималды шығарындысын (Q_i) көлемі келесі формуламен есептелінеді:

$$Q_i = m_i \cdot S, \text{ г/с}$$

бұл жерде:

m_i - тигель (қорытуға арналған ыдыс) бетінің бірлік көлемінен бөлінетін заттектің сыбағалы мөлшері (2.12-ші кесте);

S - қорғасынды (немесе битумды мастиканы) балқытуға қолданылған тигельдің беттік көлемі, м^2 .

Қорғасынды аккумулятордың бір данасын жинағанда көлемі $0,02 \text{ г}$ болатын қорғасынның шығарындысы болінуі мүмкін.

Кесте 2.12. Аккумулятор батареяларын жөндегенде болінетін зиянды заттектердің сыйбалы (салыстырмалы) корсеткіштері

Технологиялық үдеріс	Көлданылатын материалдар	T, °C	Болінетін ластағыш заттек	
			ата-луы	сыйбалы мөлшері, г/см ²
Элементаралық ұстактыш пен сыртпен байланыстыратын ұстактышты (клемма) калпына келтіру	Коргасының балқытындысы	300-500	Коргасын	0,0013
Аккумулятордың сыртқы кабатын және деуге арналған битумды мастиканы дайындау	Мастиканың балқытындысы	100-150	Минералды мұнай майы (май тұманды)	0,003

Тапсырма (дербес жұмыс) 2.2. Металл бүйымдарын өндөу мен аккумулятор зарядтау участеклерінен жылына қоршаган ортаға шығарылып отыратын заттектер мөлшерін 2.13-ші кестеде берілген мәліметтерге сүйене отырып, есептеу арқылы табады.

Аккумулятор зарядтау участкесінен қоршаган ортаға шығатын күкірт қышқылының мөлшері шектік рауалы концентрациямен салыстырылады. Егерде ШРК-дан асып отыrsa, төмендегі жолдары ұсынылады.

Кесте 2.13. Механикалық пен пен аккумулятор зарядтау участкесіне қатысты мәліметтер

Варианттар	Станоктардың жұмыс істеу уақыты, сағ/жылына				Аккумулятор зарядтау участкесі	
	Жону	Бұрғы	Кайрау	Фрезер	H ₂ SO ₄ жұмса-латын көлемі, кг/жылына	Жұмыс істеу уақыты, сағ/жыл
1	1200	200	120	50	560	3200
2	1250	100	150	90	700	4000
3	1300	150	140	100	620	3600
4	1000	50	95	110	600	3750
5	1100	90	100	120	500	4100
6	1150	250	110	60	400	2800
7	1350	210	70	70	300	3000
8	900	160	50	80	450	2950
9	950	170	100	130	550	3900
10	1050	180	130	70	350	3700

2.4 Қоймалар мен қалдықсактағыштардан болінетін шығарындылар

Қоймалар мен қалдықсактағыштардан болінетін шығарындылардың жалпы көлемін (г/сек) келесі төмендегі теңдеумен сипаттауға болады:

$$q = A + B = (k_1 k_2 k_3 k_4 k_5 k_7 G \cdot 10^6 B^1) / 3600 + k_3 k_4 k_5 k_6 k_7 q' (F)$$

бұл жерде:

A – материалдарды тегу (кф), аудару, орнынан жылжыту кездегі бөлінетін шығарынды, г/сек;

B – материалдарды козғамай сақтағанда бөлінетін шығарынды көлемі, г/сек;

k_1 – материалдағы шанды фракцияның салмақтық үлесі (2.14-ші кесте). Көлемі 0-200 мкм аралықтағы фракцияны белу үшін орташа сынаманы алғып, жуады және електен өткізеді;

k_2 – аэрозоль тәрізді түрге айналатын шаң үлесі (шандың жалпы көлемінен есептегендеге);

k_3 – жергілікті метеожағдайды ескеретін коэффициент, ол 2.15-шы кестеге сәйкес алғынады;

k_4 – жергілікті жердің жағдайын, тораптың сыртқы әсерден коргалу дәрежесін, шандану жағдайды ескеретін коэффициент. Оны 2.16-ші кестеден алуға болады;

k_5 – материалдың ылғалдылығын ескеретін және 2.17-ші кестедегі мәліметтерге сәйкес алғынатын коэффициент;

k_6 – жинақталатын материалдардың беттік пішінін ескеретін және келесі қатынаспен $\frac{F_{\text{ФАКТ}}}{F}$ анықталатын коэффициент. k_6 мағынасы материалдың ірілілігі мен толу дәрежесіне қарай 1,3–1,6 шенберінде езгеріп отырады;

k_7 – материалдың ірілігін ескеретін және 2.18-шы кестеге сәйкес алғынатын коэффициент;

$F_{\text{накты}}$ – жер беті пішінінің қимасына қарай материалдың накты беттік көлемі (тек тиев-түсіру жұмыстары жүргізілетін жердің көлемі ескеріледі);

F – жоспардағы шаңданатын беттік көлем, m^2 ;

q' – бір шаршы метрлі накты беттік көлемнен шығатын шаң, бұл жағдайда $k_4 = 1$; $k_5 = 1$ тең етіліп 2.19-шы кестедегі мәліметтерге сәйкес алғынады;

G – өндөлетін материалдың жалпы көлемі, т/сағ.;

B' – 2.20-шы кестеге сәйкес алғынатын және аудару биіктігін ескеретін коэффициент. Қоймалар мен қалдықсақтағыштар біркелкі шаң беліп тұратын ластағыш көз болып қарастырылады

Кесте 2.14. Ауага бөлініп шығатын шандың мөлшерін анықтауға қажетті k_1 , k_2 коэффициенттерінің мағыналары

№ пп	Материалдың аталуы	Материал- дың тығызыды- ғы, г/см ³	Материал- дағы шандың фракцияның салмақтық үлесі, k_1	Аэрозоль- ға отетін шандың үлесі, k_2
1	Тұқыл	3,9	0,04	0,03
2	Клиникер	3,2	0,01	0,003
3	Цемент	3,1	0,04	0,03
4	Әк	2,7	0,04	0,02
5	Мергель (күмдүң әк)	2,7	0,05	0,02
6	Түйір әк	2,7	0,07	0,02
7	Майдаланған әк	2,7	0,07	0,05
8	Гранит	2,8	0,02	0,04
9	Мрамор	2,8	0,04	0,06
10	Бор	2,7	0,05	0,07
11	Түйір гипс	2,6	0,03	0,02
12	Уатылған гипс	2,6	0,08	0,04
13	Доломит	2,7	0,05	0,02
14	Опока	2,65	0,03	0,01
15	Пегматит	2,6	0,04	0,04
16	Гнейс	2,9	0,05	0,02
17	Каолин	2,7	0,06	0,04
18	Нефелин	2,7	0,06	0,02
19	Саз	2,7	0,05	0,02
20	Күм	2,6	0,05	0,03
21	Күм тас	2,65	0,04	0,01

2.14-ші кестенің жалғасы

№ пп	Материалдың аталуы	Материал- дың тығызды- ғы, г/см ³	Материал- дағы шанды фракцияның салмақтық үлесі, k ₁	Аэрозоль- га отетік шаның үлесі, k ₂
22	Слюда	2,8	0,02	0,01
23	Дала шпаты	2,5	0,07	0,01
24	Кож	2,5-3,0	0,05	0,02
25	Диорит	2,8	0,03	0,06
26	Порфирииттер	2,7	0,03	0,07
27	Графит	2,2-2,7	0,03	0,04
28	Көмір	1,3	0,03	0,02
29	Күл	2,5	0,06	0,04
30	Диатомит	2,3	0,03	0,02
31	Перлит	2,4	0,04	0,06
32	Керамит	2,5	0,06	0,02
33	Вермикулит	2,6	0,06	0,04
34	Аглопорит	2,5	0,06	0,04
35	Туф	2,6	0,03	0,02
36	Пемза (кеуек тас)	2,5	0,03	0,06
37	Сульфат	2,7	0,05	0,02
38	Шамот	2,6	0,04	0,02
39	Күм мен эк косындысы	2,6	0,05	0,01
40	Кірпіш, кираган түрі	-	0,05	0,01
41	Минералды мақта	-	0,05	0,01
42	Жарыкшактар	-	0,04	0,02

Кесте 2.15. k₃ шамасының жел жылдамдығымен байланысы

Жел жылдамдығы, м/с	k ₃
2-ге дейін	1,0
5-ке дейін	1,2
7-ге дейін	1,4
10-ға дейін	1,7
12-ге дейін	2,0
14-ке дейін	2,3
16-ға дейін	2,6
18-ге дейін	2,8
20-ға дейін және оданда жоғары	3,0

Кесте 2.16. k₄ шамасының жергілікті жағдаймен байланысы

Жергілікті жағдай	k ₄
Ашық коймалар, калдықсақтағыштар	
а) 4 жактан коршалған	1,0
б) 3 жактан коршалған	0,5
в) 2 жактан толығымен және 2 жактан жарым- жартытай коршалған	0,3
г) 2 жактан коршалған	0,2
д) бір жағынан коршалған	0,1
е) тиейтін тармак	0,01
ж) 4 жағынанда жабық	0,005

* (а – д) – тұрақты сакталатын жердің жағдайын ескеретін
коэффициенттер.

Кесте 2.17. k_5 шамасының материалдардың ылғалдылығымен байланысы

Материалдар ылғалдылығы, %	k_5
0-0,5	1,0
1,0-ге дейін	0,9
3,0-ке дейін	0,8
5,0-ке дейін	0,7
7,0-ге дейін	0,6
8,0-ге дейін	0,4
9,0-ге дейін	0,2
10,0-га дейін	0,1
10-нан жоғары	0,01

Кесте 2.18. k_7 шамасының металдың ірілілігімен байланысы

Боліктің өлшемі, мм	k_7
500	0,1
500-100	0,2
100-50	0,4
50-10	0,5
10-5	0,6
5-3	0,7
3-1	0,8
1	1,0

*** қоймадағы құмның ылғалдылығы 3% және одан жоғары болса шығарынды есептелмейді.

Кесте 2.19. $k_3=1$; $k_5 = 1$ жағдайдағы q' шамасының мағынасы

Сақталатын материал	q' , $\text{г}/\text{м}^3\cdot\text{с}$
Клинкер, көж	0,002
Жарықшактар, құм, кварц	0,002
Мергель, әк, түкүл, цемент	0,003
Құргак сазды материалы	0,004
Асбест фабрикаларының қалдықтары, құм тас, әк	0,005
Көмір, гипс, бор	0,005

Кесте 2.20. B' шамасының аударылу биіктігіне байланыстырылғы

Материалдың құлау биіктігі, м	B'
0,5	0,4
1,0	0,5
1,5	0,6
2,0	0,7
4,0	1,0
6,0	1,5
8,0	2,5
10,0	2,5

Шаңың нақтылық дисперстік құрамы мен k_2 магынасын дәлділікпен анықтау мақсатында шаңданатын нысанның (көйма, қалдықсактағыш) шекарасынан ластанған ауданында сыйнау алып тексереді. Сыйнау алғанда желдің жылдамдығы 2 м/с шамасында болуы және жел сыйнау алатын бағытқа қарай түрүү қажет.

Ұйымдастырылмаған көздерді ұйымдастырылған кезге ауыстырганда атмосферага бөлінетін шаң шығарындысының көлемі нормативтік көрсеткіштің 30%-ның деңгейінде деп есептелінеді.

Есептік мысал. Цемент өндірісінің біріккен қоймасына 100 г/сағ. шикізат пен 78 т/сағ. клинкер түсіп отырса ұйымдастырылмаған шығарынды көлемін есептеу арқылы анықтау. Нысанның сипаттамасы 2.21-ші кестеде көлтірілген, осы мәліметтер тендеуге (91 беттегі) қойылып, шығарындының көлемі (г/с) анықталады.

$$q = \frac{0,04 \cdot 0,02 \cdot 1,2 \cdot 1,0 \cdot 0,8 \cdot 0,1 \cdot 1,2 \cdot 100 \cdot 10^6}{3600} + \\ 1,0 \cdot 0,8 \cdot 1,4 \cdot 1,0 \cdot 0,1 \cdot 0,003 \cdot 2376 +$$

$$\frac{0,01 \cdot 0,003 \cdot 1,2 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 0,5 \cdot 1,5 \cdot 78 \cdot 10^6}{3600} +$$

$$1,2 \cdot 1,4 \cdot 1,0 \cdot 0,5 \cdot 1,0 \cdot 0,002 \cdot 1620 =$$

$$2,56 + 0,958 + 2,72 + 0,585 = 6,82$$

Кесте 2.21. Есептелең шамалардың (параметрлердің) магыналары

Параметр атаулары	Өлшем бірлігі	Параметрлердің магынасы	
		шикізат	клинкер
Материалдың түсүі	т/сағ.	100	78
Материалдың ылғалдылығы	%	3,6	0,1
Материалдағы шаңын мөлшері (k_1)	массалық үлесі	0,04	0,01
Шаңдағы 50 мкм бөлшектердің мөлшері (k_2)	-	0,02	0,003
4 м/с тен желдің ортақылдық жылдамдығындағы k_3 магынасы	-	1,2	1,2
k_4 магынасы (2.17-ші кесте)	-	1,0	1,0
k_5 магынасы (2.18-ші кесте)	-	0,8	1,0
F_{ffak} $k_6 = \frac{F_{ffak}}{F}$	-	1,4	1,4
k_7 магынасы (2.19-шы кесте)	-	0,1	0,5
Материалдың түсү биіктігі	-	5,0	5,0
В' магынасы (2.21-ші кесте)	массалық үлесі	1,2	1,5
1 м ³ нақтылық беттік кабат көлемінен шаңын көтерілуі	т/м ² с	0,003	0,002
Койманың олшемі a · b · h	м	27 88 7	27 60 7
Койманың көлемі	м ³	2376	1620

2.5 Шанданатын материалдарды аударып салу кезінде болінетін шығарынды көлемі

Көп мөлшерде шаң түзетін ұйымдастырылмаған ластагыш көздерге материалдарды аударып салу, материалдарды ашық вагондарға тиесу, ашық вагондардан немесе коліктерден бункерге материалдарды аудару, коймаға ашық түрде шанданатын материалдарды транспортер немесе басқада құрылғылар көмегімен жеткізу және т.с. жаткызуға болады. Осы жағдайларда болінетін шаңның көлемі (M) келесі формула арқылы есептелінеді:

$$M = \frac{K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \cdot K_4 \cdot K_5 \cdot K_6 \cdot K_7 \cdot B^1 \cdot T \cdot 10^6}{3600} \text{ г/с}$$

бұл жерде:

K_1 – материалдағы шанды фракцияның салмактық үлесі (2.14-ші кесте), Көлемі 0-200 мкм аралыктагы фракцияны белу үшін орташа сынаманы алып, жуады және електен өткізеді;

K_2 – аэрозоль тәрізді түрге айналатын шаң үлесі (шаңның жаалы көлемінен есептегендеге);

K_3 – жергілікті метеожағдайды ескеретін коэффициент, ол 2.15-шы кестеге сәйкес алынады;

K_4 – жергілікті жердің жағдайын, тораптың сыртқы әсерден корғалу дәрежесін, шандану жағдайды ескерстін коэффициент. Оны 2.16-ші кестеден алуға болады;

K_5 – материалдың ылғалдылығын ескеретін және 2.17-ші кестедегі мәліметтерге сәйкес алынатын коэффициент;

K_6 – жинакталатын материалдардың беткі пішінін ескеретін және келесі катынаспен $F_{\text{накты}}/F$ анықталатын коэффициент. K_6 мағынасы материалдың ірілігі мен толу дәрежесіне карай 1,3–1,6 шеңберінде өзгеріп отырады;

K_7 – материалдың ірілігін ескеретін және 2.18-шы кестеге сәйкес алынатын коэффициент;

T – аударып салатын түйіннің өнімділігі, т/сағ.;

B^1 – аударып салатын биіктікті ескеретін коэффициент (2.21-ші кестеде көлтірілген).

3600 – сағатты секундка айналдырғандағы шама.

2.6 Карьерлерден болінетін шандануды есептеу

Карьерлерде шаң шығаратын үш түрлі жұмыс көздері орын алады. Оларға карьерде жүргізілетін автокөліктерге, қазып алу мен тиесуге, бұрғылау мен жаруға катысты жұмыстар жатады.

2.6.1 Карьерде автокөлікке катысты жұмыстардан болінетін шығарындыларды есептеу

Жол төсемімен жүргенде автокөліктің дөнгелектерінсін және колікке тиелген материалдардың бетінен желмен үрленіп карьер шанданады. Бұл жағдайда автокөліктің катысуымен болінетін жалпы шаңның мөлшерін келесі тәндсүмен анықтауға болады:

$$M = (C_1 C_2 C_3 N L q_1 K_5 C_7) / 3600 + C_4 C_5 K_5 q_2 \Pi_0 n \text{ г/с}$$

бұл жерде:

C_1 – бір автокөліктің орташа жүк көтерілімділігіне катысты коэффициент (2.22-ші кесте). Автокөліктің орташа жүк көтерілімділігін анықтау үшін карьердегі бүкіл көліктің жүк көтерілімділіктерін қосып, оны коліктің санына беледі, бірақ-та максималдық жүк көтерілімдікпен минималды жүк көтерілімділіктің айырмашылық мағынасы бір-бірінен екі еседен аспауы қажет.

C_2 – көліктің карьерде жүретін орташа жылдамдығын ескеретін коэффициент (2.23-ші кесте);

C_3 – жолдың жағдайын ескеретін коэффициент (2.24-ші кесте);

C_4 – платформадағы (тауар тиейтін жайдак вагондағы) материалдың бет пішінін ескеретін коэффициент, оны мына катынас $\Pi_{\text{накты}}$ / Π_0 арқылы анықтайды, бұл жерде $\Pi_{\text{накты}}$ – платформадағы материалдың нақты беткі қабаты, м^2 ;

P_0 – платформа көлемінің орташа мағынасы, м^2 .
Платформаның толғанына қарай және материалдың ірлілігіне байланысты C_4 мағынасы 1,3-1,6 арасында болады;

C_5 – материалдың үрленетін жылдамдығын ескеретін коэффициент, ол жеде жылдамдығы мен көрініштегі бағыттары көліктің орташа жылжу жылдамдығы арасындағы геометриялық қосынды ретінде аныкталады (2.25-ші кесте);

K_5 – беткі қабаттың ылғалдылығын ескеретін коэффициент (2.26-шы кесте);

N – сагатына барлық колік жүрісінің (эрі-бері) саны;

L – карьер ішіндегі бір қатынас жолының орташа ұзындығы, км ;

q_1 – 1 км жүріс кезінде $C_1 + C_2 + C_3 = 1$ болған кезде атмосфераға бөлінетін шаң көлемі 1450 г;

q_2^1 – платформадағы материалдың нақтылық көлем бірлігінен бөлінетін шаң, $\text{г}/\text{м}^2 \cdot \text{с}$; $q_2^1 = C$ (2.27-шы кесте);

n – карьерде жұмыс істейтін автоколіктің саны;

C_7 – атмосфераға шығарылатын шаң үлесін ескеретін коэффициент, ол 0,01.

К е с т е 2.22. C_1 -тің автоколіктің орташа жүк көтерілімділігімен байланысы

Орташа жүк көтерілімділік, т	C_1
5	0,8
10	1,0
15	1,3
20	1,6
25	1,9
30	2,5
40	3,0

К е с т е 2.23. C_2 -тің орташа тасымалдау жылдамдықпен байланысы

Орташа тасымалдау жылдамдығы, $\text{км}/\text{сагатына}$	C_2
55	0,6
10	1,0
20	2,0
30	3,5

К е с т е 2.24. C_3 мағынасының жолдың жағдайына тәуелділігі

Карьер жолының жағдайы	C_3
Бүркелінбекен жол (кара жол)	1,0
Тас жол	0,5
Кальций хлоридінің ерітіндісімен, битум эмульсиясымен өндөлген тас төсөлтөн жол	0,1

К е с т е 2.25. C_5 мағынасының сөгатын жедің жылдамдылығына тәуелділігі

Сөгатын жедің жылдамдығы, $\text{м}/\text{с}$	C_5
2-ге дейін	1,0
5	1,2
10	1,5

2.6.2 Қазып алу мен тиес жұмыстары кезіндегі болінетін шығарындыны есептеу

Автосамосвалдарға материалдарды экскаватормен тиегендегі болінетін шан мөлшерін келесі тендеу көмегімен анықтауда болады:

$$M = \frac{K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \cdot K_5 \cdot K_7 \cdot T \cdot 10^6 \cdot B^1 \cdot K_4}{3600} \text{ г/с}$$

бұл жерде:

K_1, K_2, K_3, K_5, K_7 – коэффициенттерінің мағыналары 2.14–2.18-шы кестелерде қабылданған түрде алынады;

T мен B^1 мағыналары 2.20-шы кестеге сәйкес алынады.

2.6.3 Бұрғылау жұмыстарына болінетін шығарындылар колемін есептеу

Ұнғыманы бұрғылаганда атмосферага болінетін ластағыштар шығарындысын келесі формуламен анықтайтыны:

$$M = \frac{n \cdot Z \cdot [1 - (\eta_r \cdot A)] / 100}{3600}, \text{ г/с}$$

бұл жерде:

n – бірмезгілде жұмыс істейтін бұрғыма станоктардың саны;

Z – бір станокпен бұрғылау жұмыстарын жүргізгенде болінетін шаңынқ мөлшері, г/сағатына (2.26-шы кесте);

η_r – тазалау жүйесінің тиімділігі, % (2.27-ші кесте).

Егерде забойда әртүрлі жүйедегі станоктар жұмыс атқарса болінетін шығарындының көлемі M (г/с) төменгі формуламен (1.28) анықталады:

$$M = \frac{n_1 Z_1 [1 - (\eta_{r1} \cdot A_1) / 100] + n_2 Z_2 [1 - (\eta_{r2} \cdot A_2) / 100] + \dots + n_n Z_n [1 - (\eta_{rn} \cdot A_n) / 100]}{3600}$$

бұл жерде:

n_1, n_2, \dots, n_n – бірмезгілде жұмыс істейтін бұрғыма станоктардың саны;

Z_1, Z_2, \dots, Z_n – тазалаудан откізу алдында ұнғымадан бөлінген шаңынқ көлемі, г/сағатына (2.27-ші кесте);

$\eta_{r1}, \eta_{r2}, \dots, \eta_{rn}$ – орнатылған тазалау қондырығысының тиімділігі, % (2.28-шы кесте);

A, A_1, A_2, \dots, A_n – тазалау қондырығының түзу жұмыс істейтін ескеретін коэффициенттер.

А коэффициенті келесі формуламен есептелінеді:

$$A = N / N_1,$$

бұл жерде:

N – жыл бойы тазалау қондырығының жұмыс істейтін күндер саны;

N_1 – жылына технологиялық қондырығының жұмыс істейтін күндер саны.

К е с т е 2.27. Карьерде кейбір қондырығылардың шаңдатуының үдемелі қарқындылығы

Шаң шығаратын көздер	Шаңданулың қарқындылығы		Ескерту
	мг/с	т/сағ	
Бұрғылау станогі БМК	27	97	шанұстағышы бар
Бұрғылау станогі БСШ-1	110	396	шанұстағышы бар
Бұрғылау станогі БА-100	2200	7920	шанұстағышы жоқ
Бұрғылау станогі СБО-1	250	900	шанұстағышы бар
Пневматикалық бұрғылау балгасы	100	360	құрғак әдіспен бұрғылау
Пневматикалық бұрғылау балгасы	5	18	ылғалды әдіспен бұрғылау
Экскаватор СЭ-3	500	1800	құрғак руданы тиесу
Экскаватор СЭ-3	120	432	ылғалды руданы тиесу
Бульдозер	250	900	құрғак жыныстармен жұмыс істейу
Автосамосвал	5000	18000	катты жамылғы төсемеген құрғак жолмен жүргендे

Кесте 2.28. Бұрғылау кезіндегі шаңдануды есептеуге қажетті K_4 мағынасы

Бұрғылау әдісі	Шаң тазалау жүйесі	$\eta_r, \%$
Шар тәрізді	Циклондар	85
	Ылғалды шандустағыш	90
Отты	Жендік сұзгі	99

2.7 Жарылыс кезінде болінетін шыгарынды

Жарылыс жұмыстарын жүргізген кезде көп мөлшерде шаңдану орын алады. Бұл жағдай атмосфераны шектік рауалы концентрациядан жүз оданда жоғары түрде ластайды. Осы бірмезгілде болінетін шаңның мөлшерін (M) келесі тендеу арқылы айқындауға болады:

$$M = C_1 \cdot C_2 \cdot K_3 \cdot K_4 \cdot D \cdot 10^6, \text{ г}$$

Бұл жерде:

C_1 – 1 кг жарылғыш зат жарылған кезде ауаға болінетін материалдар мөлшері (4-5 т/кг);

C_2 – аэрозольға айналған 0-50 мкм өлшемдегі ұшпалы шаң белшектерінің жарылған массаса қатысты үлесі (орташа мағынасы $C_2 = 2 \cdot 10^{-5}$);

K_3 – жарылыс аймағындағы жел жылдамдығын ескеретін коэффициент (кесте 2.15)

K_4 – ұнғыманың судануы мен забойды алдын-ала ылғалданудырудың әсерін ескеретін коэффициент (кесте 2.29)

D – жарылыс зат зарядының шамасы, кг.

Жарылысқа қатысты жұмыстар кезіндегі эмиссияның (10 мкм шамасында) ұзактығы қысқа болғандықтан бұл ластағыштарды тек бір дүркінді шыгарындыны есептегендеге ғана ескеру қажет.

Кесте 2.29. Ұнғыманың судануы мен забойды алдын-ала ылғалданудырудың әсерін ескеретін K_4 коэффициентінің мағынасы

Забойды алдын-ала дайындау	K_4 мағынасы
Шанды басу үшін сумен бүркілеу, 10 л/м ²	0,7
Ұнғыманы судандыру (судың биіктігі 10-14 м)	0,5

Жарылыс кезінде болінетін газ қоспаларының мөлшерін есептеуге 2.30 – 2.31-ші кестелерде келтірілген мәліметтер колданылады.

Кесте 2.30. Жарылыста болінетін газдардың мөлшері

Жарылыс зат	Жаратын жыныс	Беріктіктің категориясы (СНиП III-11-77)	Болінетін газдардың мөлшері, л/кг жарылыс зат	
			CO	NO ₂
Түйіршік 80/20	Магнетитті кабаттар	VIII	15,5	2,54
	Шартқа сәйкес емес кабаттар (роговиктер)		10,2	7,0
	Такта тас	VII-VI	9,4	7,7
Түйіршік 50/50	Магнетигті кабаттар	VIII	33,2	2,82
	Шартқа сәйкес емес кабаттар		30,8	3,34
Тротил	Магнетитті кабаттар	VIII	65,4	2,91
	Шартқа сәйкес емес кабаттар		52,2	3,19

Кесте 2.31. Жарылғыш заттың сипаттамасы

Жарылғыш заттың түрі	Жарылғыш заттың сыбагалы жұмсалатын молшері, кг/м ³	Беріктілік коэффициент (Протодьяков)	Бөлінетін газдардың молшері, л/кг жарылғыс зат	
			CO	NO ₂
Түйіршік 79/21	0,60	10 – 12	10,2	7,0
	0,75	13 – 15	13,0	3,3
Тротил	0,60	12 – 14	52,0	3,2
	0,70 – 0,80	14 – 18	70,0	2,9
Тротил мен түйіршіктің 79/21 қоспасы	0,66	8 – 10	31	2,8

2.8 Темір жол кәсіпорындарындағы күйдіру үдерістерінен бөлінетін ластағыш заттектердің шыгарылдылары

2.8.1 Рельстерді пісіріп жалғау ондірісі

Рельстерді пісіріп жалғау кезінде ластағыш заттектерді белетін көздер:

- пісіру алдында қол күшімен тазалап, қырнағышпен жапсарларды тегістейтін орын;
- пісіру арқылы рельстерді бір-біріне жалғайтын пісіру машинасы;
- пісірілген жапсарларды тегістейтін орын.

Осы үдерістердің нәтижесінде ауаға бөлінетін ластағыш заттектердің жайылтпау және аластану үшін жергілікті ауа тартқыш вентиляция үйымдастырылады.

Жапсарларды пісіру алдында тазалай. Тазалайтын орыннан бөлінетін шаң көлемі төменгі формуламен анықталады:

$$M = \frac{q_1 \cdot \Pi}{1000} \left[\frac{1 - \eta_T \cdot A}{100} \right], \text{ кг/жылана}$$

бұл жерде:

q_1 – бір жапсарды өндегендеге бөлінетін шаңның үлес салмагы, г (кесте 2.32);

Π – жылана өндөлеттін пісірілген жапсарлардың саны;

η_T – шаңұстагыш қондырғының тазалау тиімділігі, % (кесте 2.33);

A – тазалау қондырғының бұзылмай дұрыс істеуін ескеретін коэффициент; $A = N/N_1$ (N – тазалау қондырғыларының жыл бойына бұзылмай істейтін күн саны, ал N_1 – жылана технологиялық қондырғының істейтін күндер саны).

Максималды біржолдық шығарынды көлемі (G) келесі формуламен есептелінеді:

$$G = q_2 \cdot \left[\frac{1 - \eta_T \cdot A}{100} \right], \text{ г/с}$$

бұл жерде:

q_2 – үакыт бірлігінде бөлінетін шаңның үлес салмагы, г/с (кесте 2.32);

η_T – шаңұстагыш қондырғының тазалау тиімділігі, % (кесте 2.33);

A – тазалау қондырғының бұзылмай жұмыс істеуін ескеретін коэффициент.

Пісіру арқылы рельстерді бір-біріне жалғағанда бөлінетін шыгарылдылар. Рельстердің жапсарларын пісіргендеге бөлінетін аэрозольдің молшері төмендегі формуламен есептелінеді:

$$M = \frac{q\Pi}{1000} \text{ кг/жылана}$$

бұл жерде:

q – бір рет рельсті жапсарлап пісіргендеге ауаға бөлінетін аэrozольдің үлестік молшері (кесте 2.34);

П – жылдана пісіру арқылы біріктіретін жапсарлардың саны.

Кесте 2.32. Пісірілген жапсарларды тазалау және тегістей орындарынан бөлінетін шаңның үлес салмағы

Технологиялық үдеріс	Өндөлетін рельстер түрі	Бөлінетін шаңның үлес салмағы		Шаңның химиялық кұрамы
		q ₁ , бір жапсарға г	q ₂ , г/с	
Пісірілген жапсарды тазалау	P-50	220	0,4	Кұрамында 20%-ға дейін кремний диоксиді бар түрпілі металл шандары, 1%-ға дейін фосфор, 1%-ға дейін марганец және оның оксидтері
	P-65	280	0,4	
Пісірілген жапсарды тегістей	P-50	600	1,0	Кұрамында 50%-ға дейін кремний диоксиді бар түрпілі металл шандары, 1%-ға дейін алюминий оксид; 0,5%-ға дейін кальций оксиді; 4%-ға дейін магний және оның оксидтері
	P-65	800	1,0	

Кесте 2.33. Пісіру арқылы рельсті дәнекерлейтік кәспорындары ауашы тазалайтын шаңұстасыңындағы сипаттамасы

NN пп	Тазалау әдісі	Шаңұстасыңындағы қондырғының түрі	Тазалау тиімділігі (η), %
1	Күргак тазалау әдісі	Циклон ЦН-15 (НИИОГАЗ)	80-85
		Теріс конусты циклон	60-70
2	Ылғалды тазалау әдісі	Шашандатылған жұгыш «СИОТ»	80-90
		Гидродинамикалық шаңұстасыңындағы «ПВМ»	97-99

Кесте 2.34. Жапсарды пісіргендеге бөлінетін аэрозольдің үлестік мөлшері

Технологиялық үдеріс	Рельс түрі	Шыгарындының үлестік мөлшері, q	Аэрозольдің химиялық құрамы, масс. %
Пісіру	P-50	Бір жапсарындаға 18 г	Темір оксидтері 98,5-99,0 Марганец оксидтері 0,9-1,04
	P-65	Бір жапсарындаға 25 г	Кремний оксиді 0,33-0,37 Фосфор 0,019-0,022

Бір мезгілде бөлінетін шыгарындының максималды мөлшері (G) төменде келтірілген формула арқылы анықталады:

$$G = \frac{q}{t} \cdot c / c$$

бұл жерде:

q – бір рет рельсті жапсарладап пісіргендеге ауаға болінетін аэрозольдің үлестік мөлшері (кесте 2.34);

t – бір жапсарды пісіруге жұмсалатын уақыт, сек.

Пісірілген жапсарларды тегістей. Тегістей кезінде бөлінетін шыгарынды көлемі тазалау орнында бөлінетін шыгарынды көлемін анықтайтын формуласармен (109 бетте келтірілген) есептелінеді.

Бөлінетін шаң мен тазалау қондырғының тазалау тиімділігіне көзісты мәліметтер 2.32 – 2.33-ші кестелерде келтірілген.

2.9. Бөлшектер мен түйншектердің жұғанда болінетін зиянды заттектердің мөлшерін есептеу

Жуу үдерісінде жиі колданылатын ерітінділерге жуғыш үнтактар мен каустикалық сода қолданылады. Бөлшектер не жуғыш машинада немесе ваннада жуылады, осыған байланысты бөлінетін зиянды заттектердің мөлшерін есептеу әр түрлі жолмен жүргізіледі.

Бөлшектерді жуғыш машинада жуганда қоршаған ортага белінетін зиянды заттектердің мөлшері келесі формула арқылы есептелінеді:

$$M_i = q_i \cdot V \cdot t \cdot n \cdot 10^{-3}, \text{ кг/жылна}$$

бұл жерде:

q_i – ластағыш заттектің белінетін үлестік молшері, г/сағ · м³ (кесте 2.35);

V – жуғыш машинаның көлемі, м³;

t – жууға кететін уақыт, сағ/тәулігіне;

n – жылна жұмыс істейтін жұмыс күнінің саны.

К е с т е 2.35. Бөлшектерді жуғанда белінетін ластағыштардың үлестік молшерлері

NN пп	Технологиялық үдеріс	Ерітіндінің температуры, °C	Зат	Жуғыш заттың өлшем бірлігі, г/сағатына	q_i , q_i' саны
1	Бөлшектер мен түйіншектерді жуғыш машинамен жуу	50	NaOH	Машинаның 1 м ³	3
		60	NaOH	жұмсалатын мөлшер	5
		70	NaOH		8
		85	NaOH		12
2	Бөлшектер мен түйіншектерді жуғыш машинамен жуу	50	Na ₂ CO ₃	Машинаның 1 м ³	2
		60	Na ₂ CO ₃	жұмсалатын мөлшер	4
		70	Na ₂ CO ₃		6
		85	Na ₂ CO ₃		10
3	Бөлшектер мен түйіншектерді жуғыш ваннада жуу	50	NaOH	Ваннаның 1 м ² беттік көлеміне	1,5
		60	NaOH	жұмсалатын мөлшер	3,0
		70	NaOH		8,0
		85	NaOH		20,0
4	Бөлшектер мен түйіншектерді жуғыш ваннада жуу	50	Na ₂ CO ₃	Ваннаның 1 м ² беттік көлеміне	1,0
		60	Na ₂ CO ₃	жұмсалатын мөлшер	2,0
		70	Na ₂ CO ₃		6,0
		85	Na ₂ CO ₃		14,0

Сонымен қатар, ортага белінетін зиянды заттектердің мөлшерін жуғыш машинаның көлемінің орнына ванна бетінін көлемін назарға ала отырып тәменгі формула көмегімен анықтауга болады:

$$M_i'' = q_i'' \cdot F \cdot t \cdot n \cdot 10^{-3}, \text{ кг/жылна}$$

бұл жерде:

F – ванна бетінің көлемі, м²;

q_i'' – ластағыш заттектің белінетін үлестік мөлшері, г/сағ · м³ (кесте 2.35).

Жуғыш машинамен немесе ваннада белшектерді жуғанда белінетін ластағыш заттектердің максималды біржолдық шығарынды мөлшерлері сәйкесінше келесі екі формуланың бірімен анықталады:

$$G_i = \frac{q_i \cdot V}{3600} \text{ г/с} \quad \text{немесе} \quad G_i = \frac{q_i'' \cdot F}{3600} \text{ г/с}.$$

2.10 Асфальтбетон зауытындағы шандыстағыш жүйеге тиісті тазалау тиімділігін айқындау

Қазіргі кезде көптеген асфальтбетон зауытындағы шығарынды тазалаітын жүйелерге тиімді түрде жоғары дәрежеде шанды ұстап қалатын кондырығылар жоқтың касы, яғни коршаган ортага тиіп жаткан зиянды әсер айтартылтай деуге болады. Осыған орай шандыстағыш кондырығылар тиімді жағдайда қолданылып жатпағанымен катарап, ұсталған шанда қайтарылып технологиялық үдерісте пайдаланылуын ташпай жатыр.

Шектік рауалы шығарынды (ШРШ) деңгейінен аспауды қамтамасызданыратын зиянды заттектердің шығарынды мөлшері төмендегі формуламен айқындалады:

$$E = \frac{ШРШ_t - ШРШ}{ШРШ_t}$$

бұл жерде:

ШРШ_t – технологиялық үдеріс нәтижесінде пайда болатын шығарындының шамасы, г/с;

ШРШ – асфальтбетон зауытынан тазалаудан кейін тасталатын шаң шығарындысының шектік рауалы шамасы, г/с

ШРШ_t – шамасын анықтауға қолданылатын формула:

$$\text{ШРШ}_t = V_t \cdot C_{б.м.}$$

бұл жерде:

V_t – технологиялық кондырғыдан шығатын шығарындының көлемі, м³/с;

$C_{б.м.}$ – шығарындыдағы шанның бастапқы мөлшері, г/м³. Істық көздер үшін шектік рауалы шығарынды (ШРШ), яғни ауаға тастауға болатын зиянды заттектің максималды мөлшері (г/с), атап айтқанда, ШРМ-ден аспайтын ауаны ластамайтын мөлшер келесі формуламен анықталады:

$$\text{ШРШ} = \frac{\text{ШРМ} \cdot H^2 \cdot \sqrt[3]{V_m \cdot \Delta T}}{A \cdot F \cdot M \cdot N}$$

бұл жерде:

$A = 200$ (метеорологиялық жағдайға тәуелді зиянды заттектердің атмосферада таралуын сипаттайтын коэффициент);

H – жер бетінен септесгенде шығарып тасталатын биіктік, м;

F – атмосфералық ауада зиянды заттектердің шөгу жылдамдығына тәуелді шамасыз коэффициент (ірі дисперсті шандарды ұстайтын кондырғылардың тазалау дәрежесі ≥ 90% болса, онда $F = 2$ болады.)

V_m – бір уақыт аралығында ауаға шығарылатын газдар көлемі, $\frac{м^3}{с}$;

ΔT – газдың шығарынды мен қоршаған орта температураларының айырмашылығы, °С;

N – шамасыз коэффициент, ол V_m байланысты, ал V_m ыстық ауа шығарындылары үшін келесі формуламен анықталады:

$$V_m = 0,65 \sqrt[3]{\frac{K_f \cdot \Delta T}{H}}$$

Егерде $V_m \leq 0,3$ болса, онда $n = 0,3$ тең болады.

Егерде $0,3 \leq V_m \leq 2$, n -төмендегі формула арқылы есептелінеді:

$$n = 3 - \sqrt[3]{(V_m - 0,3)(4,36 - V_m)}$$

m – елшемсіз шама f -тің параметріне тәуелді, бұл шама төмендегі формуланы қолдану арқылы анықталады:

$$m = 1 / (0,67 + 0,1 \sqrt{f} + 0,34 \sqrt[3]{f})$$

бұл жерде:

$$f = 100 \frac{V_{врт} \cdot D}{H \cdot \Delta T}$$

D – шығарынды шығарылатын мұржа аузының диаметрі, м;

$V_{врт}$ – мұржа аузынан шығатын шығарындының жылдамдығы, м/с;

ΔT – ауаға жіберілетін шығарынды мен коршаган орта температураларының айырмашылығы, $^{\circ}\text{C}$;

N – жер бетінен есептегендегі шығарынды шығатын білктік, м.

Тапсырма 2.3. Асфальтбетон зауытының өнімділігі 100 т/сағатына делік, бұл жағдайдағы шаңнан тазалауға қажетті кондырғы тиімділігін қарастырайық.

Есептеу. Айтайық, өндіріске көтүсті берілген мәліметтер келесідей деп. Мысалы, ыстық шығарынды ұйымдастырылған түрде диаметрі 0,6 м, білктігі 15 м тұтін мұржасынан жіберіледі; шығарынды көзден шығатын ауағазды қоспаның көлемі $V_{\text{ш}} = 6,0 \text{ m}^3/\text{с}$; мұржа аузынан шығатын шығарындының жылдамдығы $V_{\text{орта}} = 21,2 \text{ м}/\text{с}$; температура айырмашылығы $\Delta T = 12 ^{\circ}\text{C}$; шаңның ШРМ - $0,5 \text{ мг}/\text{м}^3$; шаңұстарғыш кондырғылардың орташа тазалау дәрежесі $\geq 90\%$, онда $F = 2$; $A = 200$. Осы шамалар белгілі формулаларға қойылып, анықтауға қажетті магыналар табылады. Атап айтқанда, есептеу нәтижесінде алған шамалар:

$$f = 150; M = 0,27; V_{\text{ш}} = 1,09 \text{ м}/\text{с}; N = 1,393;$$
$$\text{ШРШ} = 5,18 \text{ г}/\text{с}.$$

Егер бастапқы шаңдануды $C = 100 \text{ г}/\text{м}^3$ алсақ, онда тазалау жүйесіне түсетін шаңның мөлшері:

$$\text{ШРШ}_t = 6 \cdot 100 = 600 \text{ г}/\text{с}.$$

ШРШ_t және ШРШ есептеу жүргізу нәтижесінде алған магыналарын қолданып, тазалайтын жүйенің тиімділігін де есептеу жолымен табуға болады.

$$E = \frac{600 - 5,18}{600} \cdot 100 \% = 99,13 \text{ \%}.$$

Сонымен жермен жаңасқан атмосфералық ауа қабатында шаңның мөлшері $0,5 \text{ мг}/\text{м}^3$ (ШРК) аспауы үшін шаңнан тазалайтын жүйенің тиімділігі $99,13 \text{ \%}$ кем болмауы қажет.

Шаңнан тазалау тиімділік $99,13 \text{ \%}$ -дан төмен болған жағдайда, ауаға тасталатын шығарындылар көлемі нормативтік деңгейден асып отырады. Сондыктан осындай жағдайда кәсіпорын қоршаган ортаға зиянды әсерін тигізеді.

3 ТАРАУ

ЖЫЛЫЖАЙ ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫГАРЫНДЫЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

XXI гасырдың ен маңызды мәселелерінің бірі жаһандық жылыну болып табылады. Осыған байланысты соңғы кезде алемдік деңгейде жылышай (парникті) газдарына ерекше назар аударылуда. Себебі газдар мөлшерлерінің күннен-күнге атмосфералық ауада артуы Жер бетіндегі температуралы жогарылатып, климаттың өзгеруіне орасан зор әсер етуде.

Жылышай газдарына негізінен атмосфераға жаңғыш қазбаларды өртегендеге және баска да өнеркәсіптік үдерістер әсерінен белгінетін көміртек диоксиді, метан, азот оксидтері, гидрофторкөміртегі, күкірт гексафториді, т.б. антропогендік газды әмиссиялар жатады. Осы газдар ұшпа түрінде де кездеседі. Ұшпалы шыгарындыларға отынды өндіру, өндіу, тасымалдау, сақтау және қолдану кезінде пайдада болуы мүмкін газдардың үшіп (ағып) кетуіне байланысты туындаған шыгарындыларды жатқызады. Мысалы, мұнай және газ өнеркәсіп кәсіпорындарында мұнай немесе табиғи газды өндіруде ілеспе газын алаударда жаққанда бөлінген газ тәрізді заттектерді ұшпалы шыгарындылар деп атайды.

Жылышай эффектісінің туындау механизмі қаралайым. Бұлсыз ауа райы ашиқ кезде күн сәулесі Жер бетіне оңай жетіп, тонырак, өсімдіктер жамылғысымен сінірледі. Сінірлген күн энергиясы әсерінен қызған Жер бетінен түзілген жылу энергиясы ұзын толқынды сәулелену түрінде атмосфераға кетеріледі. Атмосфералық ауада жогарыда аталған газдардың мөлшері көп болса, олар белгілі қабат түзіп, жылу энергиясының жоғары кетерілуі мен шашырауына бөгет жасайды. Ластанған газдардан түзілген атмосфералық қабат жылу энергиясының атмосфераның жоғары қабаттарына кетерілуіне кедегі жасайды, ал шоғырланған жылу энергиясы

молекулалардың козғалысын карқындастып, ауа температурасының жоғарлауына ақеліп соғады.

Ғалымдардың болжамы бойынша тек көмірқышқыл газының ауадагы мөлшері жыл сайын 0,8-1,5 мг/кг-ға дейін котерілуде. Егерде осы және басқа да жылышай газдарының ауадагы мөлшерлері екі еседей жоғарласа, ауа температурасы орта есептеп 3-5 °С көтерілуі мүмкін. Бұл жағдай Антарктидадағы мұздықтардың жаппай еруіне. Дүниежүзіл мұхит деңгейінің едәуір артуына, көптеген жердің су астында қалуына, кейбір аумақтарда керісінше құрғакшылықтың орын алуына және басқада жағымсыз жағдайларға ақеліп соғып, биологиялық әртүрліліктің сакталуына қолайсыз әсерін тигізеді деп барлық елдер алғандауда.

1992 жылы осы мәселенің қурделеніп кету мүмкіндігін ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҮҰ) Рио-де-Жанейрода өткен халықаралық саммите Климаттың өзгеруі туралы Негізdemelik Конвенцияны (КОНК) кабылдады. Бұл құжатка 159-дан астам елдердің басшылары қол қойды. Ал 1997 жылы осыған қосымша ретінде Киот хаттамасы да қабылданды, оны 192 ел қолдап отыр. Бұл хаттамада парникті газдарға сипаттама беріліп, олардың шыгарылуын азайтуға бағытталған нарыктық тетіктер айқындалған. Киота хаттамасы Қазақстан Республикасында күшіне еніп, оны әрікаралық дамыту міндетті шаралардың бірі болып табыладу.

Қазақстанда жылышай газдарын шыгаратын көздерге арналған мемлекеттік кадастры жасалуда. Оның негізгі қызметі жылышай газдарын шыгаратын көздерді, олар белгілі шыгарындылар мөлшерін, сондай-ақ қондырығы операторы үшін белгіленген шекара шегіндегі газдар шыгарындыларының сінірлген көлемін есепке алу жүйесін жүзеге асыру болып табылады.

Жылышай газдары шыгарындыларының көздері деп жұмыс істеу пәтижесінде газдар шыгаратын оперкәсіптік және маңызды жалпы нысандардан тұратын мұлікстік кешендерді айтады.

БҮҰ талаптарына сәйкес жылышай газдарының шыгарындыларына қатысты түгендегу және тұтыну

мониторингтері жүргізілп отырылады. Тұгендеу мониторинг нәтижесінде ұдайы ауаға шығарылатын және сінірлөтін жылыжай газдары шығарындыларының көлемі айқындалып отырады. Ал тұтыну мониторингісінде озон қабатын бұзатын заттерді және жылыжай газдарын шығаратын көздерді бақылау мен қатар оларды есепке алу негізгі назарда болады.

Жылыжай газдары шығарындыларының мөлшерін артүрлі жолмен есептеуге болады. Киота хаттамасына сәйкес есепке алу және реттеу мынадай жылыжай газдары үшін жүзеге асырылады: тікелей парниктік әсерге ие көміртектің қос тұтыны (CO_2), метан (CH_4), азот оксиді (N_2O), СФК (суфтортөміртегі), ПФК (перфортөміртегі) және құқырт гексафториды (SF_6). Тәменде көлтірілген әдістемеде жоғарыда аталған алты парниктік газдардан алғашы үшеуі, сонымен қатар алюминийді ендіру кезінде ПФК (CF_4 и C_2F_6) қарастырылған.

Қазақстанда, атмосфераға парниктік газдар шығарындыларының негізгі көздері бес санаттағы көз эмиссиялары немесе секторлар болып табылады: энергетикалық қызмет; өнеркәсіптік үдерістер; ауыл шаруашылығы; жер пайдалану, жер пайдалануды өзгерту және орман шаруашылығы; қалдықтар.

3.1 Қасіпорындардың энергетикалық қызметінен пайда болатын (отынды жағу) жылыжай газдарын есептеу

Қасіпорынның энергия (ток және жылу) ендіру мақсатында және меншікті қажеттіліктері үшін отын жағуынан болған жылыжай газдар шығарындыларына тұгендеу жүргізу кезінде тікелей жылыжайлық әсері бар газдардың – көміртектің оксиді (CO_2), метан (CH_4) және азот оксиді (N_2O) шығарындылары бағаланады. Отын жағу үдерістерінде көміртектің басым болігі тікелей CO_2 түрінде шығарылады. Өзге газдар да (CH_4 и N_2O) солай бағаланады. Барлық босаған көміртек CO_2 шығарындылары ретінде қарастырылады. Қатты бөлшектер, күйе немесе құл түрінде қалатын тотықпаған көміртек отындағы көміртектің тотығуын (жанып кеткен көміртек үлесін

корсеттін) коэффициентке көбейту жолымен жылыжай газдар шығарындыларының жалпы көрсеткіштерінен шығарады.

3.1.1 Көміркышыл газы CO_2 шығарындысының есептеу

Тұрақты отын жағу кезіндегі көміртек оксидінің (CO_2) шығарындылары оның жану барысындағы отыннан көміртектің бөліну нәтижесі болып табылды және отын ішіндегі көміртекке тәуелді болады. Отын ішіндегі көміртек отынның накты әрбір түріне тән физикалық-химиялық сипаттама болып табылады және отын жағу үдерісінен немесе шарттарынан тәуелсіз.

Шығарындыларды есептеу үшін негізгі баставы деректер ретінде қасіпорынның қызметі туралы мәліметтер жинақталады. Қызмет туралы мәліметтерге бір жылда қазып алынған отынның мөлшері мен түрі, жанған көлемі туралы маглұматтар жатады, яғни қасіпорынның есептеу жүргізуге қажетті бір жылда накты тұтынылған отынның мөлшері. Есептеу жүргізу үшін отынның келесі физикалық масса өлшем бірліктері немесе көлем бірліктері колданылады: қатты және сұйық отындар үшін – тонна, газ тәрізді отынға – текше метр. Сонымен қатар жылу көлемін сипаттайтын физикалық бірліктер – джоульдер (Дж), мегаджоульдер (МДж), гигаджоуль (ГДж) немесе тераджоуль (ТДж) пайдаланылады. Жалпы энергетикалық бірліктеріне аудару үшін әрбір отын санатына томенгі жылужасаушы мәні (жану жылулығы немесе жылужасаушы нетто –мәні ЖНМ) колданылады.

Жеке көздер үшін әрбір отын түрлеріне CO_2 шығарындысының есептеу тәмендегі формула бойынша жүргізіледі:

$$E = M \cdot K_1 \cdot \text{ЖНМ} \cdot K_2 \cdot 44 / 12$$

бұл жерде:

Е – салмақтық бірліктері (тонна/жылына) CO_2 жылдық шығарындылары;

М – іс жүзінде жылына тұтыннатын отын, тонна/жылына;

K_1 – отындағы көміртектің тұтынылу коэффициенті (жанып кеткен көміртек үлесін көрсетеді), 3.1-кестесі;

ЖНМ – жылу шығаралын нетто-мәні (Дж/тонна), 3.2-кестесі;
 K_2 – көміртек шығарындыларының коэффициенті (тонна/Дж), 3.2-кестесі;

44/12 – көміртектің көміркышқыл газ коэффициентіне қайта есептеу (тисті молярлық және атомдық салмақтар катынасы, $M_{CO_2} = 44$ г/моль, $A_C = 12$ г/моль немесе $M_{CO_2} : A_C = 44 : 12 = 3,667$).

Кесте 3.1. Көміртектің (K_i) тотығу коэффициенті

Отын түрі	Көміртектің (K_i) тотығу коэффициенті
Көмір	0,98
Мұнай және мұнай енімдері	0,99
Газ	0,995

Кәсіпорынның пайдаланған артүрлі отыны ескеріліп, іс жүзінде қолданылған отынға қатысты деректер негізінде есептеу жүргізіледі. Отынды жаққанда ондагы бар көміртек CO_2 дейін томендеғі реакция бойынша тотығады:



Отынның толық жанбайтыны көміртектің K_i тотығу коэффициенті көмегімен ескеріледі. K_i ортаса мәндері 3.1-ші кестеде көлтірілген.

Тұтынылғын отын мөлшерін энергетикалық бірліктерге ауыстыру үшін оның салмағы жылушығару нетто-мәніне (ЖНМ) көбейтіледі. Көміртек эмиссиясын табу үшін

Кесте 3.2. Жылушығару нетто-мәнінің (ЖНМ) төменгі коэффициенті және Қазақстандағы отын түрлері үшін көміртек эмиссиясының коэффициенті

Отын түрлері	ЖНМ, ТДж/мын.т	Көміртек шығарындыларының коэффициенті, K_2 , тС/ТДж
Шикі мұнай	40,12	20,31
Газды конденсат		
Авиациялық бензин	44,21	19,13
Автомобилді бензин		
Бензин тектес реактивті отын	43,32	19,78
Керосин тектес реактивті отын		
Жарық беретін және өзге де керосин	44,75	19,6
Дизельдік отын	43,02	19,98
Тұрмыстық пештік отын	42,54	20,29
Жай жүріс дизельдерге (моторга) арналған отын	42,34	20,22
Мұнайлық отын (мазут)	41,15	20,84
Сүйылтылған пропан және бутан	47,31	17,2
Көміртектің сүйылтылған газдар		
Мұнайлы және такта тастық битум	40,19	22
Әзірленген (өзге де) майлар	40,19	20
Мұнайлы және такта тастық кокс	31,0	27,5
Отынның өзге де түрлері	29,309	20
Караанды бассейнінің коксті көмірі	24,01	24,89
Тасты көмір	17,62	25,58
Лигнит (куба көмір)	15,73	25,15
Тасты көмірден кокс және жартылайкокс	25,12	29,5
Коксты газ	16,73	13
Домна газы	4,19	66
Табиги газ	34,78	15,04
Жылытуға арналған отын	10,22	29,48

тұтынылған отын саны көміртек шыгарындыларының коэффициентіне көбейтіледі. Қазақстанда пайдалынылатын отын түрлері үшін ЖНМ және көміртек эмиссиясының коэффициенті 3.2-ші кестеде көрсетілген.

Әдette жылу электрстанцияларында немесе казандықтарда әртүрлі кен орындарының көмірлөрі колданылады. Сапалық сипаттамаларына қарай олардың қыздырығыш қасиеттері де бірдей болмайды, сондықтан есептеу жүргізгендеге бұл жағдайды да ескерген дұрыс болады. Төменгі 3.3-ші кестеде әр кен орындарына қатысты көмірдің сапасын сипаттайтын мәліметтер берілген.

Кесте 3.3. Қазақстанның ірі кен орындарының көмірлеріне сипаттама

Кен орындары мен бассейндер	Орташа күлділілік, %	Қызыллық (салыстырмалы жану жылуы), ТДж/мын т
Караганды бассейні	29,5	21,77
Оның ішінде кокстанатын	24,0	23,86
Шубаркел кен орны	21,7	19,64
Күшеке кен орны	41,0	17,83
Бөрлі кен орны	46,0	14,54
Екібастұз бассейні	42,44	16,04-17,00
Майкөбе бассейні	22,4	16,98
Каражыра кен орны	20,4	18,58

3.1.2 Метан (CH_4) және азот оксидінің (N_2O) шыгарындылары

Метан және азот оксиді, т.б. осылар сияқты газдар шыгарындылары отынның толық жанбау нәтижесінде орын алады. Тұракты көздерден CH_4 және N_2O газдарының шыгарындылары көлемін анықтайтын негізгі факторларға отын сипаттамасы, технология түрі және шыгарындыларды бақылау шаралары жатады.

Энергия өндірісінде метан және азот оксиді шыгарындыларының орын алуы көмірдің сапасының темен болуына байланысты. Шикізаттың саласы негұрлым темен болса бұл шыгарындылардың көлемі жоғарлай береді. Сонымен қатар осы жылыжай газдарының белінің өндірісте колданылатын технология мен колданылатын кондырыларға да тікелей тәуелді. Сондықтан есептеу жұмыстарын жүргізгендеге осы жағдайлар назарға алынып отырады.

Жылыжай газдары метан мен азот оксиді шыгарындыларын төменгі формуланы қолданып анықтайды:

$$E = M \cdot \text{ЖНМ} \cdot K_3$$

мұнда:

E – жылыжай газдардың жылғы шыгарындылары (тонна/жылғына);

M – жылына жағылатын отын мөлшері (тонна/жылғына);
ЖНМ – жағылатын отын түрлері үшін жылу шыгаратын нетто-мәні (Дж/тонна), 3.2-ші кестеден алынады;

K_3 – парниктік газдардың CH_4 немесе N_2O , (кг/ТДж) шыгарындылар коэффициенті, 3.4-ші кестеден алынады.

Кесте 3.4. Қазақстаңда Kg/TДж есептеу үшін пайдаланылатын эмиссия (CH_4 , N_2O) факторлары

Негізгі көздер	CH_4 шыгарындыларының коэффициенті, K_3			N_2O , K_3 шыгарындыларының коэффициенті		
	Көмір	Газ	Мұнай және мұнай өнімдері	Көмір	Газ	Мұнай және мұнай өнімдері
Отын жагу	1	1	3	1,4	0,1	0,6
Автокөлік	50		20 (бензин)	0,1		0,6 (бензин)
			5 (дизель отыны)			0,6 (дизель отыны)

Метан немесе азот оксидінің шығарындыларын CO_2 баламаға аудару CH_4 үшін 21-ге және N_2O үшін 310-га көбейту жолымен жүргізіледі.

Негізгі 4 топқа (көмір, табиғи газ, мұнай және мұнай өнімдері) болінген отынды жағудан болған CH_4 және N_2O шығарындыларын есептеу үшін, сондай-ақ «Энергетикалық қызмет» санатындағы жылыжай газдар шығарындыларының негізгі көздері үшін эмиссия факторлары 3.4-ші кестеде көрсетілген.

Жылыжай газдар шығарындылары колемін есептеу арқылы табуга арналған нақты мысалдар. Айталық бір өндіріс саласындағы қазандықты пайдалану үшін отынның екі түрі пайдаланылады. Ол жылғына 32000 тонна Шұбаркөл кен орынының көмірі мен 1700 т мазутты жағады.

Отынды жағу үдерісіне қатысты толық маліметтер болмағандықтан, тек қана отын мөлшері белгілі болғанына қарай шығарындыларға қатысты есептеу қарапайым түрде орындалады.

Көмір қышқыл газы. Ең алдымен көмірді жаққандағы CO_2 шығарындысына есептеу жүргізу арқылы баға беріледі, сосын ыңғайлы болу үшін томендегі 3.5-ші кесте құрастырылады.

К е с т е 3.5. Көмір жаққанда бөлінген CO_2 шығарындысын есептегендеге алынған нәтижелер

Отын түрі	Көлемі, тонна	Аудару коэффициенті ТДж	Мөлшер, ТДж	CO_2 шығарындысы	
				салыстырмалы коэффициент, т/ТДж	мөлшері, т
Шұбаркөл көмірі	32000	19,64	628,48	96,1	60396,9

Сонымен, көмірді жаққанда шығарынды түрінде бөлінген CO_2 газының көлемі 60396,9 тоннаны құрады. Есеп жүргізуге

кажетті коэффициенттердің мағынасы жоғарыда көлтірілген 3.1-ші және 3.4-ші кестелерден алынады.

Метан (CH_4) мен азот оксидінің (N_2O) артүрлі өндірістік көздерден колданылған отын түрлеріне қарай белгілетін шығарындылар коэффициенттері 3.6-шы кестеде көлтірілген.

К е с т е 3.6 Өнеркәсіптік көздерге қатысты шығарындылар коэффициенттері, кг/ТДж

Негізгі технология	Пішін үйлесімі (конфигурация)	Шығарындылар коэффициенттері	
		CH_4	N_2O
Отынның сұйық түрлері			
Мазутка негізделген қазандық		3	0,3
Газойл/ дизельді		0,2	0,4
Тұракты дизельді қозғалтқыштар (>600 а.к., 447кВт)		4	-
Сұйылтылған мұнай газына арналған қазандықтар		0,9	4
Отынның қатты түрлері (битумды жартылай битумды қазандықтар қолданылады)			
Отын үстінен механикалық жолмен салынады		1	0,7
Отын астынан механикалық жолмен салынады		14	0,7
Отын шашыратып беріледі	Тұбі күрғак, кабыргалатып жағу	0,7	0,5
	Тұбі күрғак, тангенциальды жағу	0,7	1,4
	Тұбі ылғалды	0,9	1,4

3.6-шы кестенің жалғасы

Негізгі технология	Пішін үйлесімі (конфигурация)	Шығарындылар коэффициенттері	
		CH ₄	N ₂ O
Отын механикалық жолмен реттеп салынады		1	0,7
Псевдосұйылтылған кабат қолданылады	Айналмалы кабат	1	61
	Кайнайтын кабат	1	61
Табиги газ			
Казандыктар		1	1
Газ турбиналары > 3		4	1
Табиги газбен жұмыс жасайтын поршенні көзгальтықтар	2-ырғакты, біріктірілген коспа	693	-
	4- ырғакты, бірік- тірілген коспа	597	-
	4- ырғакты, байыттылған коспа	110	-
Биомасса			
Ағаш/ағаш калдық- тарымен жұмыс істейтін казандыктар		11	7

**Кесте 3.7. Мазут жаккандағы CO₂ шығарындысының
есептегендегі алынған нәтижелер**

Отын түрі	Көлемі, тонна	Аудару коэффициенті ТДж	Мөлшер, ТДж	CO ₂ шығарындысының	
				салыстырмалы коэффициенті, т/ТДж	мол- шері, т
Мазут	1700	41,15	69,96	77,4	5414,9

Мазуттың отын ретінде қолданғанда орын алған CO₂ шығарындысы бұрын қолданылған тендеулер көмегімен есептелініп, 3.7-ші кесте құрылады.

Мазутты жаккандағы бөлінген CO₂ шығарындысының көлемі 5414,9 тоннаны құрады.

Сонымен жалпы казандықтан белінетін CO₂ шығарындысының көлемі:

$$60366,9 + 5414,9 = 65781,8 \text{ тонна.}$$

Метан және азот оксиді шығарындыларын есептейу. CO₂ шығарындысының есептегендегі алынған отын мөлшері өзгермей қалатын болғандықтан CH₄ және N₂O шығарындыларына 3.3-3.4-ші кестелердегі мәліметтер қолданылады және 3.8-шы кесте құрылады.

Кесте 3.8. Көмір жаккандағы белінетін CH₄ және N₂O шығарындыларына қатысты мәліметтер

Отын түрі	Мөлшері, ТДж	CH ₄ шығарындысының		N ₂ O, шығарындысының	
		салыстыр- малы коэф- фициенті, т/ТДж	мөлшері, т	салыстыр- малы коэф- фициенті, т/ТДж	мөлше- рі, т
Шұ- бар- кел көмірі	628,48	0,001	0,63	1,5	0,94

CH₄ және N₂O шығарындыларына қатысты салыстырмалы коэффициенттер 3.2-ші кестеден алынды.

Ал отын ретінде мазутты қолданғанда белінетін шығарындылар (CH₄, N₂O) мөлшерін анықтауга 3.3-3.4-ші кестелердегі мәліметтер қолданылады, себебі CO₂ шығарындысының есептегендегі алынған отын мөлшері өзгермей қалып отыр. Анықталған мәліметтер негізінде 3.9-ші кесте құрылады.

CH_4 ауаға белінетін жалпы мөлшері:

$$0,63 + 0,21 = 0,84 \text{ тонна},$$

N_2O ауаға белінетін жалпы мөлшері:

$$0,94 + 0,04 = 0,98 \text{ тонна}.$$

Кесте 3.9. Мазутты жаққандағы белінетін CH_4 және N_2O шығарындыларына қатысты мәліметтер

Отын түрі	Мөлшері, ТДж	CH_4 шығарындысының		N_2O , шығарындысының	
		салыстырмалы көзғілшілдегі коеффициенті, т/ТДж	мөлшері, т	салыстырмалы көзғілшілдегі коеффициенті, т/ТДж	мөлшері, т
Мазут	69,96	0,003	0,21	0,0006	0,04

Сонымен қазандыктан белінетін шығарындылардың жалпы көлемі: CO_2 – 60905,6 т, CH_4 – 0,84 т, N_2O – 0,98 т.

CH_4 және N_2O CO_2 -ге эквивалентті түрде айналдыру үшін сәйкесінше олардың мөлшерін 21 және 310 көбейту қажет.

Егерде қазандық сұйық отынмен істейтін болса, онда дәл жоғарыда жүргізілген есептеу жолдары колданылады.

3.2 Автомобиль көлігінде отын жағудан орын алғатын жылыжай газдар шығарындыларын бағалау

Автомобилдік көлік CO_2 , CH_4 және N_2O сияқты елеулі көлемде жылыжай газдарының шығарындыларын шығарады.

3.2.1 Көміртек оксидінің шығарындыларын бағалау

Ішкі жану қозғалтқыштарындағы жанған отыннан белінетін көмір кышқыл газы шығарындыларын есептеу үшін отын мен қозғалтқыш түрлерінің сипаттамалары колданылады. Осы әдіс

бойынша көміркышыл газының шығарындылары мынадай тәсілмен бағаланады. Бірінші көлік (женіл, жұқ таситын, автобустар, арнайы машиналар) түрлері бойынша отынның әрбір түрінің тұтынылуы бағаланады. Содан кейін тәмсендегі формула бойынша отынның әрбір түрі және көліктің түріне арналған шығарындылар факторына тұтынылған отын санын көбейту жолымен жалпы CO_2 шығарындылары бағаланады:

$$E = M \cdot K_1 \cdot JHM \cdot K_2 \cdot 44/12$$

бұл жерде:

E – салмақты бірлікке CO_2 жылдық шығарынды мөлшері, тонна/жылына;

M – бір жылда іс жүзінде тұтынылатын отын мөлшері, тонна/жылына;

K_1 – отындағы көміртектің тотығу коеффициенті (жанып кеткен көміртектің үлесін көрсетеді), мәліметтер 3.10-кестеден алынады;

JHM – жылу шығару нетто-мәні (Дж/тонна), кежетті мәліметтер 3.10-кестеде келтірілген;

K_2 – көміртек шығарындыларының коеффициенті (С/Дж тонналары), 3.10-кестеден алынады;

44/12 – С көміртек эмиссиясын CO_2 көміртек оксидіне қайта есептеуге арналған коеффициент.

Кесте 3.10. Автокөлік үшін жағылған отынды CO_2 шығарындыларына қайта есептеуге арналған коеффициенттер

Отынның түрі	Жылу шығару-дың томенгі нетто-мәні, ЖНМ ТДж/олшем бірлігі	K_2 , тС/ТДж көміртек шығарындысының коеффициенті	K_1 тотықкан көміртек фракциясы
Бензин	44,21	19,13	0,995
Дизель отыны	43,02	19,98	0,995
МГЖ	47,17	17,91	0,99
Табиги газ	34,78	15,04	0,995

3.2.2 Метан және азот оксидінің шығарындыларын бағалау

Автокөліктен бөлінген CH_4 және N_2O шығарындыларын есептеу бір жылда жаңған автомобиль отынның жалпы саны туралы мәліметтердің негізінде 4 сатыда жүргізіледі:

1) әрбір кәсіпорын үшін автомобиль бірліктері (3.11-ші кесте) айқындалып, олардың жыл бойына қолданатын отын мәлшерлері белгіленеді, сонымен қатар отынның энергетикалық бірліктері – (Дж) джоуль, (ТДж) терраджоуль және т.б. нақты қолданылатын бірлікке ауыстырылады;

2) отынның әрбір түрі үшін метан және азот оксидінің шығарындыларына қатысты коэффициенттер пайдаланылады (3.12-ші кесте);

3) әрбір газға тиісті шығарындылар мәлшерлері анықталады;

4) әрбір газдың ЖЖӘ көбейту жолымен CO_2 балама шығарындыларына езгерту.

Қадамдардың еркайсысы әрбір газ үшін (CH_4 , N_2O) кайталаңады.

Шығарындыларды есептеуге колданылатын формула:

$$E = M \cdot \text{ЖНМ} \cdot K_3$$

мұндағы:

E – жылжай газының жылдық шығарындылары, тонна/жылына;

M – бір жылда жағылатын автомобиль отынның мәлшері, тонна/жылына;

ЖНМ – отынның жанатын түріне арналған жылу шығару нетто-мәні (Дж/тонна), мағыналары 3.2-кестеден алынады;

K_3 – парниктік (жылжай) газдар CH_4 немесе N_2O , (тонна/Дж) шығарындыларының коэффициенттері, 3.4-кестеде келтірілген.

Метан немесе азот оксидінің шығарындыларын CO_2 баламаға аудару CH_4 үшін 21-ге және N_2O үшін 310-га көбейту жолымен жүргізіледі.

Кесте 3.11. Автомобильдердің түрлері бойынша белу

Өндіріс орны	Автомобильдің параметрлері		Автомобильдер дәрежесі
	козгалтқыш көлемі (V_h), л	толық масса (M_n), т	
ТМД	$V_h < 1.4$		Женіл автомобильдер
	$1.4 < V_h < 2.0$		
	$2.0 < V_h$		
	$V_h < 1.4$		
	$1.4 < V_h < 2.0$		
	$2.0 < V_h$		
Алғыс шетел	$M_n < 3,5$		Жүк таситын көліктер, микроавтобустар
	$3,5 < M_n < 17,0$		
	$17,0 < M_n$		
Алғыс шетел	$M_n < 3,5$		Жүк таситын көліктер, микроавтобустар
	$3,5 < M_n < 17,0$		
	$17,0 < M_n$		
ТМД	$M_n < 3,5$		Жүк таситын көліктер, микроавтобустар
	$3,5 < M_n < 8,0$		
	$8,0 < M_n < 12,0$		
Алғыс шетел	$12,0 < M_n$		3,5 т артық жүк көліктері
	$M_n < 3,5$		
	$3,5 < M_n < 8,0$		
	$8,0 < M_n < 12,0$		
	$12,0 < M_n$		

Автомобиль көлігінен пайда болатын метан және азот оксидінің шығарындыларын есептеу үшін Казакстанның барлық автомобиль паркі 3.11-ші кестеде көрсетілген топтарға болінеді.

К е с т е 3.12. Автокөлік жакқан отыннан пайда болған метан және азот оксиді эмиссияларының коэффициенттері

Олшем бірліктері	Шығарындылар коэффициенттері	
	CH ₄	N ₂ O
Женіл жолаушылар автомобильдері, отын - бензин		
г/МДж	0,006	0,1
Женіл жолаушылар автомобильдері, отын - дизель		
г/МДж	0,006	0,6
3, 5 тоннага дейінгі жүк таситын автомобильдер және микроавтобустар, отын - бензин		
г/МДж	0,006	0,1
3, 5 тоннадан арттын жүк таситын автомобильдер, отын - бензин		
г/МДж	0,006	0,1
Жүк таситын автомобильдер, отын - дизель		
г/МДж	0,006	0,6
Жүк таситын автомобильдер, отын - СМГ		
г/МДж	0,006	0,6
Автобустар, отын - бензин		
г/МДж	0,006	0,1
Автобустар, отын - дизель		
г/МДж	0,006	0,6

3.3 Мұнайды өндіру, тасымалдау, сақтау және өндеу кезіндегі шығарындылар

Мұнайды өндіру, сақтау және тасымалдаумен байланысты жылыжай газдарының шығарындылары тәменгі формула бойынша есептелінеді:

$$E = B \cdot C \cdot D$$

мұндағы:

E – жылыжай газдарының тоннамен берілген шығарынды көлемі;

B – шығарылған өнімнін көлемі (мұнайдын, м³);

C – ұшпалы шығарындылардың коэффициенті;

D – ұшпалы шығарындыдағы CH₄ шоғырлануы, пайыздық катынаста.

CH₄ көлемін тоннаға аудару үшін стандартты атмосфералық жағдайы кезіндегі метан тығыздығы туралы мәліметтер қолданылады, 20°C температурада және 760 мм сынап бағананың атмосфералық қысымында, 0,72 кг/м³ құрайды.

3.4 Газды өндіру, тасымалдау және қайта өндеу кезіндегі шығарындылар

Газ өндіргенде орын алатын метан шығарындысын есептеуге келесі формула қолданылады:

$$E = B \cdot C \cdot D$$

мұндағы:

E – жылыжай газдарының тоннамен берілген шығарынды мөлшері;

B – шығарылған газ өнімінің көлемі, м³;

C - ұшпа шығарындыларының коэффициенті;

D - газдағы CH₄ шоғырлануы, %.

CH₄ көлемін тоннаға аудару үшін стандартты атмосфералық жағдайы кезіндегі метан тығыздығы туралы мәліметтер қолданылады, 20°C температурада және 760 мм сынап бағананың атмосфералық қысымында, 0,72 кг/м³ құрайды.

3.5 Леспе газды алауларда жағу кезіндегі көміртек оксидінің шығарындылары

Леспе газдарды алауларда жакқанда түзілген CO₂ шығарындыларын есептеу үшін тәмендегі формула қолданылады:

$$3,67 K_1 \cdot E = B \cdot K_2$$

мұндағы:

E – тоннамен берілген CO₂ шығарындысы;

B – өртөнген газ көлемі, м³;

K_1 – Қазақстанда қолданылатын алаулар үшін өртөу тиімділігі 0,98-ге тең;

K_2 – шығарындылар коэффициенті, тС/ТДж.

3.6 Қемірді өндіру және өндеде болінетін жылыжай газдары

Қемірді өндіргенде кейбір геологиялық қабаттан метан және қемір қышқыл газдары «ілеспе газ» ретінде бөлінетін белгілі. Жылыжай газдарға жататын олардың шығарындылары да есептелінеді.

Ашық және жерасты өндеулер жүргізгенде жылыжай газдар шығарындыларының негізгі пайда болуы мүмкін кезеңдер төменде тізілген:

1) Өндіру кезіндегі шығарындылар – қемірді ұсактау және тау жұмыстары кезіндегі жақын жатқан қабыршыктарда үсталатын газдардың босау нәтижесінде пайда болады.

2) Өндіргенен кейінгі шығарындылар – өндіру уақытында ұсактау кезінде қемірден газдардың бар түрлері босамайды. Қемірді келесі өндеу және тасымалдау кезіндегі шығарындылар өндіргенен кейінгі шығарындылар деп аталады. Осыған байланысты, қемір, әдеттегідей, тіпті оны өндіргенен кейін де, ұсактау кезеңіне қарағанда баяу түрде газ босатуды жалғастырады.

3) Төменгі температуралық тотығу – бұл шығарындылар қемірді тотықтыратын атмосфералық оттегінің әсерінен шығады, нәтижесінде CO_2 пайда болады.

4) Бақыланбайтын өртену – егер төменгі температурадағы тотығу кезінде пайда болатын жылу қемірде сақталса, оның температурасы көтеріліп, тұтанатын жағдайға әкеліп соғуы мүмкін. Бұл көрініс бақыланбайтын өртену ретінде белгілі, ол тотығудың төтеше шығуы болып табылады. Бақыланбайтын өртену жедел реакциямен сипатталады, кейде көрінетін от және CO_2 байқалады. Бақыланбайтын өртену табиги және антропогенді болуы мүмкін.

Кен орындары игеріліп болғаннан кейін де жабық қемір шахтадарында метанның болашақ орын ала беруі мүмкін.

Есептеулер негізіне қаралатын бассейн қабаттарының газдылығы жөніндегі мәліметтер алғанады, олар кен орындарына тауелді өндірілетін қемірдің 1 тоннасына/8-ден 15 мың m^3 құрайды. Екібастұз қемір бассейні жөніндегі мәліметтер негізінде қемір қабаттарындағы газ компоненттерінің орташа құрамы (%): CH_4 - 70%; CO_2 - 7%; O_2 - 1,4 %; H_2 - 0,5 %; N_2 - 20%; C_xH_y - 1%.

Айқыналған мәліметтерден сәйкес $10,5 m^3$ дейінгі қемірдің бір тоннасына ($15 m^3$ -ке 70%) метан және $1,05 m^3$ қеміртек оксиді ($15 m^3$ -ке 7%) дәл келеді.

Стандартты жағдайда және $20^{\circ}C$ температурасы кезінде метанның тығыздығы $0,72 \text{ kg/m}^3$ құрайтынын есепке ала, қемір өндіруден болған метан шығарындылары есептелінеді.

3.7 Жылыжай газдарының шығаратын өнеркәсіптік үдерістер

3.7.1 Шойын және болат өндірісі

Металлургия өнеркәсібінде іс жүзінде құрамында қеміртегі бар өндіріс қалдықтары, қоқыс үйінділерін коса алғанда, толығымен өндіріске қайтадан қайтарылады. Кейбір бастапқы материалдар құрамында қеміртек аз болатынын ескеріп, жылыжай газдары шығарындыларының көлемі тек қана құрамында қеміртегі көп мөлшерде болатындар үшін ғана есептелінеді. Құрамында қеміртегі едәүір мөлшерде болатын материалдардың қатарына: шойын, эк тас, болат, электродтар және доломит жатады.

Құрамында қеміртегі бар материалдар химиялық реакцияға үшінрағанда, әсіресе тотығу реакциясына түсіненде, оның құрамындағы қеміртек CO_2 газына айналады. Осы түзілген газдың көлемі келесі формуламен анықталады:

$$E = T \cdot F_1$$

Мұндағы:

Е – эк тасты күйдіруден түзілетін CO_2 жылдық шығарындысы, тонна;

Т – шикізаттың жылдық шығындары, тонна;

F_1 - флюсқа арналған шығарындылар коэффициенті.

Әдетте эк тасты күйдіру кезінде ететін реакция:



Әк тасты қолдану кезіндегі стехиометриялық қатынас $\text{CO}_2 : \text{CaCO}_3 = 0,44$, шығарудың нақты коэффициенті (F_1).

Доломитті қолдану кезіндегі стехиометриялық қатынас $\text{CO}_2 : (\text{CaCO}_3 \text{ MgCO}_3) = 0,447$.

Егер шикізат құрамындағы кальций карбонатынан тұратын фракцияның тазалығы (f) белгілі болса, онда коэффициентке түзету енгізу қажет, яғни эк тас үшін $0,44f$, ал доломит үшін $0,447f$.

CO_2 шығарындыларын есептеу әдісі өндіріс үдерісі барысында шикізат және дайын өнімдердегі кеміртекті бақылауга негізделген.

3.7.2 Шойын өндірісі

Шойын өндірісінде белінетін CO_2 шығарындыларының көлемін анықтау төменде келтірілген формууланы қолдануға негізделген:

$$E_w = F \cdot M_b + (M_p - M_w) \cdot 44/12$$

мұндағы:

E_w – шойын (тонна) өндірісі кезінде қалпына келтіргіштен пайда болатын CO_2 жылдық шығарындысы;

F – қалпына келтіргіш үшін шығарынды коэффициенті CO_2/t (3.13-кесте);

M_b – қалпына келтіргіштің массасы, т;

M_p – кендегі кеміртектің массасы, т;

M_w – кеміртекті (т) кеміркышқыл газына қайта есептеу коэффициенті;

44/12 – молекулалық салмактар шамаларының қатынасы, бұл жерде кеміртек оксидінің $\text{CO}_2 = 44$ г/моль, кеміртектің С = 12 г/моль, немесе

$$44 : 12 = 3,667.$$

Кең құрамындағы кеміртек (M_p) нелге тең, ал шойынның құрамында кеміртектің мөлшері шамамен 4%, яғни шойындағы кеміртектің массасын (M_w) алу үшін өндірілген шойын (т) мөлшерін 0,04-ке көбейту қажет.

Кесте 3.13. Болат (қалпына келтіргіш CO_2/t т) өндірісі кезіндегі үндестік бойынша CO_2 (F) шығарындылар коэффициенті

Қалпына келтіргіш	Шығарындылар коэффициенті
Кемір	2,5
Кемір коксі	3,1
Мұнай коксі	3,6

3.7.3 Болат өндірісі

Болат өндірісі кезінде белінетін шығарындылар (мысалы, оттекті конверторларды (К) немесе электр дугалы пештерін (ЭДП) пайдалану) шойын (3-5%) және болат (0,5-2%) құрамындағы кеміртек айырмашылықтарымен анықталады. Бұдан басқа, электр дугалы пешінде балқытылатын болат үшін, сондай-ақ электродтар жануы кезінде босайтын кеміртек косылады:

$$E_c = F_{\text{ЭДП}} \cdot M_{\text{ЭДП}} + (M_w - M_c) \cdot 44/12$$

бұл жерде:

E_c – болат өндірісі кезіндегі CO_2 жылдық шығарындылары, (тонна);

$F_{\text{ЭДП}}$ – электрболаты ($\text{CO}_2/\text{т}$ электрболаты) үшін шығарындылар коэффициенті;

$M_{\text{ЭДП}}$ – ЭДП өндірілген болаттың массасы (т);

$M_{\text{ш}}$ – шекті шойындағы көміртек массасы (т);

M_c – болаттағы көміртек массасы (т);

44/12 – көміртектің коміркышыл газ коэффициентіне қайта септей (тисті молярлық және атомдық салмактар қатынасы, $M_{\text{CO}_2} = 44 \text{ г/моль}$, $A_C = 12 \text{ г/моль}$ немесе $M_{\text{CO}_2} : A_C = 44 : 12 = 3,667$).

ЭДП балқытылған болат үшін шығарындылар коэффициенті үндестік бойынша электродтың тотығуы үшін ЭДП балқытылған болат тоннасына 5 кг CO_2 құрайды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

4 ТАРАУ

ГИДРОСФЕРАНЫ ЛАСТАЙТИН ӨНДІРІСТІК ТӨГІНДІЛЕР

4.1 Гидроресурстар мен ақаба суларға сипаттама

Гидросфера дегеніміз Жердегі барлық судың жиынтығы: материктік (терендіктері, топырактары, беттік кабаттары), мұхиттық, атмосфералық. Жалпы су көлемінін (1390 млн км^3) 94% мұхиттарда, 3%-дан азы тұщы су ($35,8 \text{ млн км}^3$). Гидросфера биосфераның басқа беліктері – литосфера (жер асты сулары), атмосфера (булы дымқыл) және оларда тіршілік ететін тірі ағзалармен тығыз байланыста.

Судың негізгі нысандарына іүрлік бетінің рельефинде және жер койнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су нысандары, жер асты сулары бар жер койнауының беліктері. Пайдалану түрлеріне қарай су нысандары: орта пайдаланудағы су нысандары; бірлесіп пайдаланудағы су нысандары; оқшау пайдаланудағы су нысандары; ерекше қорғалтын табиги аумақтардың су нысандары; ерекше мемлекеттік маңызы бар су нысандары болып бөлінеді.

Жер бетіндегі барлық тіршілік осы теориялық тұрғыдан сарқылмайды деп есептелінетін су ресурсына тікелей тәуелді. Мысалы, адам сусыз шамамен сегіз тәуліктен артық өмір сүре алмайды, жылына ол орта есеппен 1,2 тоннадай суды пайдаланады. Өсімдіктер құрамының 90%-ы да судан тұрады. Негізгі тұщы суды пайдаланушы ауыл шаруашылығы. Су мелиорация, мал шаруашылық жүйесін қамтамасыз етуге тагы

басқа жұмыстарға жұмсалады. Мысалы, ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге қажетті су мөлшері:

1 т бидайға – 1500 т

1 т күрішке – 12000-20000 т

1 т капустаға – 7000 т

1 т мақтаға – 10000 т.

Су сонымен қатар барлық өнеркәсіп саларына да қажет.

Мысалы, кейбір өндірістерде шамамен жұмсалатын су көлемі:

1т шойын – 50-150 т

1т пластмасса – 500-1000 т

1т цемент – 4500 т

1т күкірт кышкылы – 25-80 т

1т каучук – 2000-3000 т

1т қағаз – 100000 т алуға.

Куаттылығы 300 мың кВт электростанциясының жұмыс істеуіне шамамен 300 млн т/жылғына су жұмсалады. Ал химия өндірісі орта есептегендегі тәулік сайын 1-2 млн. м³ суды пайдаланып және шығарып отырады.

Жоғарыда көрсетілген өндірістердің бәріне тек тұщы су қажет. Жер бетіндегі барлық тұщы судың 10⁻²%-н ғана жұмсай аламыз, себебі тұщы судың қоры біркелкі тараалмаған, көп мөлшері кол жетпес жағдайда: 72,2% – мұздықтарда; 22,4% – ыза суларында; 0,35% – атмосферада; 5,05% – тұракты өзен мен көлдерде.

Су ресурстарын пайдалану мен тұтыну үдерістерінің нәтижесінде құрлықтарғы нысандарда су мөлшері мен сапасы төмендеуде, мысалы, су қоймаларының кеүіп қалуы немесе көлемдерінің азаюы, кіші өзендердің жоқ болып кетуі, құдықтардың құрғауы, ыза сулары деңгейлерінің төмендеуі.

Табиғи немесе антропогендік себептер нәтижесінде су тұзданады, осыған байланысты қурамындағы тұздың мөлшеріне қарай сулар: тұщы (тұз мөлшері < 1 г/л), тұзданған (25 г/л дейін) және тұзды (> 25 г/л) болып бөлінеді.

Тұздануға ерекше үлес қосатын өнеркәсіптен шығатын ақаба сулар, дренажды сулар, коммуналдық және басқада шаруашылықтың сулары.

Осы пайдаланылудан шықкан суларды адам организміне қауіп төндіретін көз деп те карауга болады. Бүкілдүниежүзілек денсаулық сактау ұйымының мәліметтері бойынша жұқпалы аурулардың 80%-ы судың қанағаттанарлық емес сапасына не оның жетіспеуіне қарай санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуына байланысты. Шамамен 2 млрд. адам санитарлық-гигиеналық нормага сәйкесіз суды қолданып отыргандарына байланысты жыл сайын 5 млн. адам, оның ішінде жартысынан көбі балалар, әртүрлі аурулардан өлуде.

Кермек суларды тұтынудан адамның несеп және от жолдарына тас байланады, ал кейбір тұздар жеткіліксіз болса жүрек-кантамыр аурулары жиі кездеседі. Ауыз суда фтор жетіспесе тіс жегісі (кариес), ал шамадан артық болса флюороз ауруына шалдығады. Өндірістерден шықкан көптеген химиялық қосылыстары бар ақаба сулар су қоймаларына түскенде ауыз суга өтіп улағыштық касиеттерден басқа мутагенді, канцерогенді бағытта аурулар туғызады.

Қазіргі кезде Қазақстан тұрғындарының 25%-ы таза сумен қамтылмаған. Оның бір себебі өзендер мен көлдердің (Ертіс, Есіл, Жайық, Нұра, Сырдария, Балқаш және т.б.) гидроэнергетикалық құрылыштар және өнеркәсіптік кәсіпорындардың ақаба суларымен ластануының салдарынан табиғи режимінің бұзылуында. Осының салдарынан көптеген аурулар түрлерінің таралуы орын алған келеді.

Су ресурстарын қолдану, оның тазалық жағдайына бақылау жасау, сонымен бірге басқа да оларға көткестік мәселелерді шешу тек үлттық мүлде тұрғысынан ғана емес, халықаралық бірлесіп қарастыруды талап етеді.

Су мәселесінің экономикалық дамуды тежейтін негізгі факторға айналуына жол берілмеуіміз қажет. Қазірдің өзінде Арап теңізі, Балқаш көлі, Іле, Сырдария, Ертіс өзендері мен тағы басқа да су нысандары республика экономикасы мен экологиялық жағдайына орасан зор зиян келтіруде. Осыған байланысты су нысандарын ластанудан қорғайтын шараларды үйымдастыруға, жасауға ерекше назар аударуымыз қажет. Мысалы, су нысандарын қорғайтын шараларға:

- сусыз және суды аз мөлшерде қолданатын технологияларды және сүмен жабдықтаудың тұйық айналуын;
- тиімсіз сырттанып жұмысалының су көлемін жаңа технологияларды енгізу арқылы азайтуды;
- табиғи көздерден алынатын сұлардың ластануын төмөндөтуді немесе болдырмауды;
- акаба сұларды терендегің тазалауды жатқызуға болады.

Қазакстанның су корғау кодексі бойынша су нысандарын экологиялық талаптарға сәйкестендіріп ұстau үшін, жер бетіндегі сұларды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылуын болғызбай сақтап қалу мақсатында, сонымен қатар жануарлар мен есімдістер әлемінің тіршілік ететін ортасын сақтау үшін су корғау белдеуі белгіленеді. Су корғау белдеуі деп шектеулі шаруашылық қызметтіңің режимі белгіленетін, су нысанына және су шаруашылығы құрылыштарына іргелес жаткан су корғау аймағы шегіндең ені кемінде 20 метрдей болатын аймақты айтады.

Кел, езен, бұлактардың айналасында белгіленген корғаныс алқабында тыйым салынады:

- жерді жыртуға;
- авиациялық-химиялық жұмыстарды журғізуға;
- пестицидтерді, дефолианттарды, басқа да улы химиялық заттектерді қолдануға;
- тыңайткыш ретінде мал шаруашылығы кешендерінің сүйік ағындысын пайдалануға;
- мал шаруашылығының тұрақты және жазғы фермаларын құруға;
- орманды кесу мен ағаштарды тамырымен жоюға;
- улы химиялық заттектердің, минералды тыңайткыштардың, жанар май, әртүрлі әндірістердің қалдықтарын сақтайтын қоймаларды орналастыруға.

Мұнда, әдетте, шаруашылық іс-әрекеттері шектелген немесе тыйым салынған және орманды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Жер үсті және жер асты сүйін ластанудан корғау үшін су қоймаларын жағалай орман есіру

жәдет, себебі ормандық төсеништің, яғни шірігеп жапырактардан, қылқандардан, бұтактардан және жануарлар қалдықтарынан жиналған қабаттың суды сінірге және оны топырақ арқылы сұзілуіне қосатын үлесі зор. Ормандар су қоймаларының гидрологиялық тәртібін реттеп, топырақтың әрозияға ұшырауына кедергі келтіріп тұрады, ал оның төсениші сұзілу үдерісін қүштейді. Сузу үдерісінде ластағыш заттектер топырақтағы коллоидты бөлшектермен тұтылып қалады, ал олардың біраз белігі микроғазалармен ретке келтіріледі.

Өзендердің су корғау белдеуі аумағының шамасы оның қайнар көзінен басталатын жазғы кездегі ұзындығына байланысты келеді:

Өзен ұзындығы, ... км дейін 10 50 100 200 500 > 500

Белдеуінің ені, м 15 100 200 300 400 500

Келдердің акваториясына қарай белгіленетін аймақтың көлемі: 2 км² – 300 м, одан жоғарыларға – 500 м.

Су корғау белдеуіндегі табиғи ресурстарды корғауды, су көлемі мен сапасын ұстап тұруды және де басқа шектелген шаруашылық іс-әрекеттерін қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер жүйесі.

Біздің планетамызда манызды тіршілік көздің бірі мұхит, сондыктан әр азamat оның экожүйесін сақтауға міндетті. Мұхиттың биологиялық ресурстарын шектен тыс пайдаланбау және оны әр түрлі улы заттектермен (мұнай, пестицидтер, ауыр металдар, биогенді заттектер және т.б.) ластамау мақсатында мұхиттың экологиялық және экономикалық белдеулері (белдемдері) белгіленеді.

Мұхиттың экологиялық белдемінің ең негізгілері: жагалық (литораль), ашиқ теніздік (пелагиаль, батиаль) және тереңсулық (абиссаль). Литораль дегеніміз ені 1 км-ге, кейде 10–15 км-ге жететін, түрлі су есімдіктері осетін, мұхиттардағы толысу кезінде су басатын және судың қайтуы кезінде құрғап қалатын жағалау белігі. Пелагиаль – мұхиттың бірқатар тік зоналарын қамтитын су қалындығы, бұл мұхиттың түбіне байланыссыз гидробионттардың тіршілік ететін аймағы


Абиссаль – Элемдік мұхит түбінің 75%-дан астам ауданың қамтитын тіршілік таралуының экологиялық белдеуі.

Мұхиттың экономикалық белдемі дегеніміз халықаралық тұрғыда бекітілген, әр түрлі мемлекетке қарасты жататын кеңістіктегі мұхит суы мен тубінің межеленуі. Бұл аймақтың суларға – 12 миль және іргелес белдемге – 24-200 миль (1 теңіздік миль 1,85 км-ден артық) бөлінеді. Жағалық мемлекет осы участкердегі тірі және минералдық ресурстарды бақылауда, өндірде, сақтауда, сонымен бірге осы ресурстарды басқаруда, өндірде, жалға беруде тәуелсіз құқыққа иелі. Мұхиттың экономикалық белдемінің дүниежүзілік ауданы шамамен 130 млн. км² немесе мұхит айдынының 36%-ы.

4.2 Ақаба суға және оны нормалау мен тазалаудың катысты есептеу жолдарына сипаттама


Өнеркәсіптен, ауыл шаруашылығынан, коммуналдық-тұрмыстық, атмосфералық және т.б. жағдайларда пайдаланудан шықкан ластанған су ағындыларын ақаба су деп айтады. Былайша айтқанда адамның тұрмыста және өндірістік іс-әрекетінде пайдаланылғаннан кейін шықкан су.

Төмендегі 4.1-ші суретте ақаба сулардың пайда болу жолына қарай топтастыру жолдары көлтірілген.




Сурет 4.1 – Ақаба судың пайда болу жолдарына байланысты түрлері

Табиғатты, қоршаған ортаны ластанудан корғау мен табиги ресурс ретінде тиімді пайдалану мақсатында кайтарылып колдану үшін ақаба су құрамындағы ластағыш заттердің түрі мен мөлшеріне қарай әртүрлі әдіспен тазаланылады. 4.2-4.3-ші суреттерде ақаба сулардың құрамы мен тазалауда қолданылатын әдістер берілген. Бұларға механикалық, физикалық-химиялық, химиялық, биологиялық және түйдектелген әдістер жатады.



Сурет 4.2 – Су сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

Механикалық әдісте ақаба судағы ірі және ұсақ түйірлі тез тұнатын белшектерді өздігімен түндірып немесе оларды және калқып шығатын заттектерді түндірғыш, сүзгіш, құмұстағыш арқылы өткізіп, немесе әртүрлі конструкциялық техника күралдарын (торларды, електерді, гидроциклондарды, т.б.) колданып, ал судың бетіндегі калқыма органикалық ластағыштарды – мұнайұстағыш, май мен шайыраулағыш жабдықтар мен материалдарды (пено полиуретан) пайдалану арқылы жояды.



Сурет 4.3 - Ақаба суларды тазалайтын әдістердің топтастырылуы

Ақаба судың улылығын азайтуға көнінен тұндырыштар немесе тұндырыш шұнқырлар пайдаланылады. Тұндырыш ғимараттарында ақаба сулардағы суда ерімейтін заттер гравитациялық күшпен не тұнбаға түседі немесе судың бетіне қалқып шығады.

Химиялық әдісте ластағыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып, оларды химиялық агенттерді колдану арқылы жояды. Химиялық тазалауда колданылатын негізгі әдістерге: бейтараптау (нейтралдау), тотықтыру және тотықсыздандыру жолдары жатады.

Бейтараптау үдерісін құрамында қышқылы немесе сілті бар ақаба суының pH магныасын 6,5-8,5 аралықта көлтіру мақсатында колданады. Бейтараптау үшін қышқылды ақаба суымен сілтілі ақаба суын арапастыруға, реагенттер қосуға, ақаба суын бейтараптау қасиеті бар сүзгіш материалдар арқылы жіберуге болады. Сүзгіш материалдар ретінде әк, мрамор және доломит колданылады. Бұл әдіспен, әдетте, құрамында әр түрлі минералды қышқылдары бар ақаба сулары тазаланады. Сілтілі суларды бейтараптау мақсатында құрамында CO_2 , SO_2 , NO_2 оксидтері бар түтінді газдарды жіберу әдісі менгерілуде, бұл жағдайдағы қолайлылығы екінші жағынан газды шығарындылардың құрамындағы зиянды заттерден құтылу мәселесі де шешіледі.

Тотықтандыру үдерісі ақаба судағы улы қоспаларды (цианидтерді, мышьяктың еритін қосылыстарын және т.б.) басқа жолмен шығару қолайсыз немесе мүмкін емес болғанда ғана колданылады. Ақаба суды тазалау үшін тотықтырғыш ретінде газ тәрізді немесе сұйылтылған хлор, ауа оттегі, озон, гипохлорит, сутектің асқын тотығы, калий перманганаты және басқа реагенттер пайдаланылады.

Ақаба суды тазалайтын физикалық-химиялық әдістерге коагуляция, флотация, электролиттік ірілендіру, су буымен айдау, сорбция, экстракция, гиперсүзгілеу, эвапорация, десорбция, дезодорация, дегазация, электрохимиялық тәсілдер (электролиз, электркагуляция, электрфлотация, электрдиализ), ультрадыбыспен суды өңдеу, т.б. жатады. Бұл әдістер қатарымен жүретін физикалық және химиялық үдерістерге негізделген.

Механикалық және физикалық-химиялық әдістер ақаба суларын тазалаудың алғашқы кезеңі, осыдан кейін олар биологиялық тазалауға жөнелтіледі.

Биологиялық жолмен ақаба суын тазалау үшін ластағыштарды ыдырататын, өздерінің коректенүіне, есүіне және көбеюіне пайдаланатын микроагзалар немесе оларды өз бойына сініртін есімдіктер (биосұзбелер ретінде қалып ескен камыс, қоға, т.б.) колданылады. Биологиялық тазалауга қатысатын ағзаларға әр түрлі бактериялар, балдырлар, санырауқұлактар, ең төмен сатыдағы жәндіктер, күрттар және басқалар жатады.

Микроорганизмдердің қатысуымен екі үдеріс – тотығу (аэробты) және тотықсыздану (анаэробты) жүреді. Аэробты үдерісте активті лайда немесе биопленкада өсетін микроорганизмдер суда еріген оттекті пайдаланады. Олардың тіршілігіне оттектің тұракты құйылуы мен 20-30°C шамасындағы температура қажет. Анаэробты тазалау үдерісі оттектің қатысуыныз өтеді, бұл жерде жүретін негізгі үдеріс – лайдың ашуы. Осы әдістер ақаба суларда көп мелшердө органикалық заттерлер болғанда және тұнбаларды залалсыздандыруға колданылады.

Ақаба судын биологиялық тазалануын табиги жағдайда (суландырылатын жерде, биологиялық тоғандарда) және әртүрлі конструкциялық жасанды құрылыштарда – биосұзгіштерде, аэротенкалар мен окситенкаларда жүргізуге болады. Өндірістік ақаба сулардың биологиялық тазалауын негізінде жылдамдығы жоғары болғанына байланысты жасанды жағдайда жүргізеді.

Аэротенк мәжбүрлі түрде аэрациялық кондырғымен жабдықталған, қалкалармен бірнеше белек бөліктеге бөлінген темірбетон резервуары. Аэротенкада тазалау үдерісі ауаланған ақаба су мен тірі ағзалардан және қатты субстраттардан (балдырлардың өлі боліктегін және әртүрлі қатты қалдықтардан) құралған активті лай қоспасының жіберілуіне қарай жүреді. Құрғақ лайдың $1\text{g } 10^8$ ден 10^{12} дейін бактерияданалары болады. Органиканың негізгі массасы бірнеше сағат ішінде өндөлінеді. Аэротенкадан активті (белсенді) лай мен өндслеген ақаба су әрі қарай екінші тұндырығышка откізіледі. Тұбіне түсken белсенді лай сорғы станциясының резервуарына жіберіліп, ал тазаланған ақаба су не қосымша онан арғы

тазалануға немесе дезинфекциялануға бағытталады. Биологиялық үдеріс иәтижесінде белсенді лайдың биомассасы жоғарылады. Оның артық мөлшері тұнбаны өндейтін гимаратка жіберіледі де, негізгі бөлшегі циркуляциялық турде аэротенкіге кайтарылады. Аэротенкадағы активті лайдың мелшері 2-4 г/л шамасында ұсталуға тиіс.

Биосұзгілерде ақаба су кесекті материалдардан құрылған қабат арқылы сүзілінеді. Кесекті сүзгіш ретінде кеңінен ұсақталған тас, ірі құм, шлак, керамзит, пластмасса, металл торы және басқа материалдар колданылады, олардың бетінде түзілетін биологиялық қабықша қабат активті лайда жүретін функцияны орындайды. Бұл беткі қабықша қабат ақаба судағы органикалық заттерді адсорбциялайды да және өндейді де. Биосұзгіштің тотықтырыштық қуатын жоғарылату мақсатында сұзбелу үдерісінің бағытына қарама-қайшы қысымдағы ауа жіберіледі.

Ақаба суды биологиялық үдеріспен тазалағанда массасы көп мелшердегі тұнба шығады, оны утилдеу, не залалсыздандыру, немесе аулақтандыру қажет. Осы мақсатта активті лайды тығызыдаудан, сусыздандырудан, термиялық және басқа да өндеуден өткізеді. Залалсыздандырганнан кейін тұнбаны органоминералдық тыңайткыш немесе кейбір материалдарға қосымша құрауыш ретінде пайдалануға жатады. Активті лайды рекуперациялайтын технологиялар жасалған, олардың көмегімен белокты-витаминді өнімдерді, азықтық ашытқыларды және құрама азық өнеркәсітеріне қажетті техникалық витаминдерді алуға болады.

Қазіргі шақта өндірістік және коммуналды – үй-жай ақаба суларын тиімді түрде тазалау ең өзекті инженерлік-экологиялық мәселелердің бірі. Бұл мәселенің күрделенуі үй-жай және өндіріс ағындыларының жалпы бір канализация жүйесіне құйылуына, адам мен жануарлар нәжістерін жууға судың кеңінен колданылуына, кір жуғыш ұнтақтардың шампундердің және әртүрлі беттік активті заттардың қосылуына байланысты. Суды тазалауға биологиялық әдісті қолданғаның өзінде

органикалық заттектердің 90% және анорганикалық қосылыстардың 10-40%-нанған күтылуға болады.

Акаба суды биологиялық әдіспен тазалаганда ауру тудыратын бактериялардың 91-98%-ы ғана жойылады, сондыктан тазаланган акаба суларды су коймаларына жіберудің алдында заалалсыздандыру қажет. Акаба суды заалалсыздандыру үшін кеңінен қолданылатын әдістің бірі газ тәріздес хлормен немесе хлорлы эк ерітіндісімен хлорлау.

Хлорлау әдісін қолданғанда бактериялардың өніп-өсуінен басқа органикалық заттектердің қышқылдануы да тоқтатылады, коагуляция үдерісі жеделдетіледі және іс азаяды.

Механикалық тазалау жолын қолдану немесе өздігінен табиғи түрде тазалану арқылы акаба судан белінген құрамында минералды және органикалық катты заттектері бар тұнбалар жергілікті ауылшаруашылық және орман дақылдарының тыңайткышы ретінде пайдаланылуымен катар, биогаз алуға да жарамды. Ал ортақ канализациядан шықкан акаба судың құрамында алуан түрлі улы заттектер кездесетінне байланысты олардан шықкан тұнбалар тыңайткыш ретінде қолдануға жатпайды.

Кейбір өндірістерден тасталатын акаба сулардың температуралары табиғи ортанінен анағұрлым жоғары болғандықтан оның тигізетін зияндық әсеріне де назар аударылады. Жыны акаба сулар суаттардағы судың температурасын көтереді, бұл жағдайда суда еріген оттектің мөлшері күрт төмендейді, ал ол өздігінен тазалану үдерісінің тегжелуіне әкеп соғады. Орын алған қолайсыз әсер судагы есімдіктер мен балықтардың тірілік жағдайларына нұскан келтіреді, себебі судың жаппай гүлденеу, балдырлардың қалтауы басталады, яғни жылулық ластану әвтрофтану үдерісінің журуіне жағдай жасап, көптеген уытты ластиғыштардың пайда болуына себебін тигізеді.

Биологиялық тазалау әдісі суды тұзсыздандыра алмайтынына байланысты, бұл тазалау әдісінен кейін судагы тұздардан күтылу үшін арнайы оларды бөліп шыгаратын тазалау әдістері қолданылады. Бұларға дистилляция (булау), қатыру (мұздату),

мембрандық, ионалмасу, т.б. әдістер жатады. Казіргі шақта осы әдістердің ішінде экологиялық тұргыдан ен тиімдіге көрі осмос жатады.

Көрі осмос әдісі бұл осмостық қысымнан жоғары қысымның (6-8 МПа) күші арқылы сулы ерітінділерді сұзу. Бұл энергияның көп мөлшерін қажет етпейтін үдеріске жатады. Жапонияда өнімділігі 1000 м³/с дейінгі қондырғылар менгерілген. Ресейдегі қондырғылардың өнімділігі төмендеу. Осы тәсілдегі ең қыындыққа түсетін ол жартылай өткізгіштік мембрана мен қысымды жасау.

Көрі осмос пен ионалмасу әдістері барлық өлдерде кеңінен қолданылып жүр. Әсіресе АЭС мен жоғары қысымды қазандықтары бар ЖЭС үшін тұзсыздандыру суды дайындауда пайдаланылып жүрген негізгі әдістер болып келеді. Сонымен қатар, бұл әдістер суайналым циклімен істейтін өнеркәсіптің акаба суларындағы құнды құрауыштарды байытуға және бөліп алуға жіңі қолданылады.

Казіргі кезде табиғи су нысандарын ластанудан қорғауды және су ресурстарын тиімді пайдалануды жүзеге асыру үшін ең онтайлы жолдың бірі тазаланған акаба суларды қайтара пайдалану. Қесіпорындар үшін акаба суды тазалап, су коймаларына жіберудің орнына, өндіріске қайтару экономикалық тұргыдан анағұрлым тиімді болып келеді, себебі оларды су коймаларына жіберуге қойылатын санитарлық талап шарттары өте қатаң.

Айналма сүмен қамтамасыз ету деп техникалық айналымда пайдаланылған немесе тұрмыстық су құбыры торабы сұнының тазартылғаннан кейін қайтадан айналымға түсін айтады. Бұл жағдайда өнеркәсіп салаларында пайдаланылған судың тек 1-3%-ғана су нысандарына тастануға тиіс.

Ластану дәрежесіне және жылулығына қарай өндірістегі айналма сүмен қамту жүйесінің үш үлгісін ерекше атауға болады:

1) Су ластанбайды, тек ысыды. Мұндай жағдайда қолданылған суды салқыннатады да (тогандарда, сепкілейтін шашырмалы әуіттерде немесе сусалқыннатқыштарда) өндіріске кайтарады.

2) Су ысымай тек ластанады. Ластанған суды өндіріске кайтару үшін әртүрлі әдістерді (тұндырыштарды, тогандарды, сүзгіштерді және т.б.) пайдалану арқылы тазалайды.

3) Су әрі ысыды, әрі ластанады. Ондай жағдайда суды жүйелі түрде тазалайды да, салқыннатады да.

4.3 Шектік рауалы төгіндінің шамасын есептеу

Ақаба суларды өзендерге, көлдерге, т. б. суаттарға ағызып жіберу үшін қажетті түрде ластағыш заттектердің мөлшерлері шектік рауалы мөлшерден (концентрациядан) асырмайтын жағдайды сактау қажет. Бұл талапты орындау үшін бақылау нүктесіндегі судың сапасын қамтамасыз ету мақсатында ағынды судағы заттектердің массасын нормалайды, яғни шектік рауалы төгінді (ШРТ) деген көрсеткіш қолданылады. ШРТ әр мекемеге және әр зиянды заттекке тағайындалады. ШРТ жергілікті су пайдалану жүйесіндегі заттектің шектік рауалы мөлшері, су нысанының ассимиляциялық мүмкіндігі мен су пайдаланушылар арасында заттек массасының онтайлы бөлінуі ескеріліп жүзеге асырылады.

Әдістемелік ұсныныс. Ақаба сумен су нысандарына бірдей зияндылық лимитті көрсеткіші бар бірнеше заттектер тасталатын болса, міндettі түрде жиынтық (суммация) эффектісі ескеріледі, яғни осы заттектердің шын мәніндегі мөлшерлерінің C_1, C_2, \dots, C_n өздерінің ШРМ-не қатынастары 1-ден аспауы қажет:

$$C_1 / \text{ШРМ}_1 + C_2 / \text{ШРМ}_2 + \dots + C_n / \text{ШРМ}_n \leq 1$$

Шын мәнінде шығарылатын зиянды заттектердің мөлшері ШРТ-дан аспауды қажет.

Су нысанындағы судың құрамы мен сапасын есепке ала отырып, ШРТ шамасын ($\text{г}/\text{с}$, $\text{г}/\text{сағатына}$ немесе $\text{т}/\text{жылтына}$) ақаба

судың сағатына жұмсалатын көлемін q ($\text{м}^3/\text{сағат}$) акаба судағы зиянды заттектердің максималды рұқсат берілген мөлшеріне $C_{a,c,ruk}$ ($\text{мг}/\text{л}$ немесе $\text{г}/\text{м}^3$) көбейтіп анықтайды:

$$\text{ШРТ} = q C_{a,c,ruk}$$

Ақаба судың жалпы көлемі q әдетте белгілі шама. Ақаба судағы қоспалардың рұқсат берілген мөлшерін анықтауда қолданылатын формула:

$$C_{a,c,ruk} = n (C_{mi} - C_{bi}) + C_{bi},$$

бұл жерде:

n – ақаба суды сүйилту (араластыру) еселілігі;

C_{bi} – ақаба суды қосқанша су нысанында болған i – заттектің мөлшері;

C_{mi} – су нысанындағы сол заттектің рұқсат берілген максималды мөлшері мен барлық бір қауіптілік лимитті тобына жататын заттектердің ШРМ ескерілген.

Табиғи су нысанына ақаба су жіберілгенде оның араласуымен бірге сүйилуы да орын алады. Жұмыс істеп жатқан немесе жобаланып отырылған қасіпорынның ақаба суларын табиғи су коймаларына ағызуға болатын мүмкіндікті (ШРТ-ны) анықтау үшін ең алдымен, мысалы, өзенге жіберетін болсақ, өзен суымен ақаба суын қандай дәрежеде араластырып сүйилту қажеттілігі есептелінеді. Ақаба суды сүйилту дегеніміз оның құрамындағы зиянды заттектердің мөлшерін табиғи суды араластырып төмендету. Араластыру арқылы ақаба суды сүйилтудың еселік дәрежесі келесі формула арқылы анықталады:

$$n = \frac{\gamma Q + q}{q},$$

бұл жерде:

n – өзен суымен ақаба суды сүйилту дәрежесі;

Q – өзен суының жұмсалатын мөлшері, $\text{м}^3/\text{с}$;

q – ақаба судың жұмсалатын молшері, m^3/s ;

γ – араластыру коэффициенті, бұл көрсеткіш барлық уақытта бірден тәмен болады.

Өзендеңі судың ағысы жыл бойында әртүрлі болғандықтан, есептеуге ең нашар кездесстін жағдай ескеріледі.

Өзен суының жұмсалатын молшері гидрометриялық сипаттама болып саналады. Оны тәжірибе түрде гидрогеологиялық мекемелер анықтайды. Өзен ағымы бірқалыпты болмағандықтан есептеу жүргізгенде ең нашар жағдай назарға алынады, яғни 95%-дық қамтамасыздықтагы ең томенгі орташа айлықтық жұмсалатын молшер.

Жаңа мекемелерге жоба жасағанда өзен суының орташа айлық жұмсалатын молшері мен араластыру коэффициенті гидрометеорология қызмет орындарының мәліметтерінен алынады, ал ақаба судың жұмсалатын молшері есептеу арқылы анықталады немесе ұқсас істеп жатқан мекеменікі пайдаланылады.

Ақаба судың сүйілту дәрежесін анықтағаннан кейін ол өзендеңі немесе басқа да су қоймаларындағы судың сапасын қалай өзгертуі сол қарастырылады.

Су сапасының нормативтік көрсеткіштері оның құрамындағы қалқыма заттарға, дәміне, түсіне, температурасына, pH мағынасына, минералдық құрамына, еріген оттекке, биохимиялық оттек қажеттілігіне, ауру қоздырғыштарының болуына, улы және зиянды заттарға байланысты. Ақаба судың құрамы мен сапасына қарай тазалау дәрежелері есептелінеді.

4.4 Зиянды заттектерден ақаба суларды тазалау дәрежесін есептеу

4.4.1 Қалқыма заттектерден ақаба суды тазалау дәрежесін есептеу

Ақаба суды қалқыма заттектерден тазалау қажеттілік дәрежесін томенгі формула арқылы анықтайды:

$$\mathcal{E}_{\text{кз}} = \left(C_{AC}^{x,3} - C_{TC}^{x,3} \right) \cdot 100 / C_{AC}^{x,3}$$

бұл жерде:

$\mathcal{E}_{\text{кз}}$ – қажетті тазалау дәрежесі, %.

$C_{AC}^{x,3}$ – тазалауға дейінгі бастапқы ақаба судагы қалқыма заттектердің молшері, mg/l .

$C_{TC}^{x,3}$ – су қоймасына тастан алдындағы тазаланған ақаба сулардағы қалқыма заттектердің есептеу арқылы шықкан молшері, mg/l . Ол келесі формула арқылы есептелінеді:

$$C_{TC}^{x,3} = C_{o,c}^{x,3} + n C_{pukc}$$

бұл жерде:

$C_{o,c}^{x,3}$ – ақаба суды қоспай түрганда өзен суында болған қалқыма заттектердің молшері, mg/l ;

C_{pukc} – ақаба суды жібергенде өзен суында болуға рұқсат етілген қалқыма заттектердің молшері, mg/l . Шаруашылық – ауыз су үшін $C_{pukc} = 0,25 \text{ mg/l}$, ал балық шаруашылығына арналған су қоймалары мен әлеуметтік-үй-жәй шаруашылығына пайдаланатын су үшін $C_{pukc} = 0,75 \text{ mg/l}$.

4.4.2 pH көрсеткішінің өзгеруіне байланысты ақаба суларды тазалау дәрежесін есептеу

Мәдени – үй-жәй шаруашылығына қолдануға бағытталған су қоймалары суының құрамы мен қасиеті жалпы талапқа сай болуға тиіс, яғни pH мәні 6,5-8,5 аралығынан ауытқымау қажет.


Мүмкіндігінше ақаба суда болуға тиісті қышқылдың молшерін (C_{mk}) келесі формуламен табады:

$$C_{mk} = (n-1) \cdot X_k$$

бұл жерде:

X_k – 1 л өзен суына қосуға болатын қышқылдың максималды молшері, mg-экв/l (Черкинськийдің графигі бойынша табылады, 4.4-ші сурет).

Хемл. I н қышқыл
ерітіндісі



Сурет 4.4 – 1 л өзен суына араластырылатын қышқылдың максималды мөлшерін анықтайтын график, мг-экв/л.

График мына жолмен қолданылады. Мысалы, сілтілігі 3 мг/л $pH = 7,25$ дейік. Абсцисс белдігіндегі 7,25-ке сай нүктеден негізгі 3-ші қисықпен (В-3) кескенге дейін перпендикуляр жүргізіп, кесілген жердегі нүктеден координат X_k белдігіне перпендикуляр түсіріп, 1,35-ке тең мағынаны табамыз. Осы табылған мағына санитарлық норма (X_k) бойынша су қоймасындағы судың I литріне канша қышқылдың максималды мөлшерін косуға жарайтынын көрсетеді.

Ақаба суды қышқылдан қандай дәрежеге дейін тазалау керектігін төмендегі формула арқылы анықтайды:

$$\mathcal{E}_k = (C_k - C_{mk}) \cdot 100\% / C_k$$

бұл жерде C_k – ақаба судағы қышқылдың мөлшері, мг-экв/л.

4.4.3 Су қоймаларына ақаба суды тастау алдында температуралы есептеу

Есептеуді санитарлық талапты ескере отырып жүргізеді: жазғы айларда ақаба суды тастағанда өзен суының температурасы 3 °C жоғары көтерілмеуге тиіс.

Ақаба судың шектік максималды мүмкін болатын температурасы келесі формуламен анықталады:

$$t_{AC} = \left(\frac{\gamma \cdot Q}{q} + 1 \right) t_{рукс.} + t_{max},$$

бұл жерде:

$t_{рукс.}$ – рұқсат етілетін температура (3 °C);

t_{max} – ен жылы айдағы ақаба суы араласпаған кездегі өзен суының температурасы.

Есептеу арқылы шықкан мағына ақаба судың температурасымен салыстырылады. Егер де ақаба судың температурасы есептеу арқылы алынған мағынадан төмен болса, онда ақаба судың температурасын төмендету үшін арнайы шаралар қолданудың қажеті жоқ. Егер де ақаба судың температурасы есептеу арқылы алынған мағынадан жоғары болса, бұл жағдайда су қоймаларына жіберудің алдында ақаба суды алдын-ала салқыннату қажет.

4.4.4 Ақаба суды зиянды заттектерден тазалауды есептеу

Егер де ақаба суда бірнеше зиянды заттектер болса, онда ақаба судағы барлық компоненттерді лимиттік зияндық

корсеткіштеріне (ЛЗК) қарай З топқа: санитарлық-токсикологиялық, жалпы санитарлық, органолептикалық болінеді. Мысалы, санитарлық-токсикологиялық ЛЗК – мышьякті, синапты, корғасынды, селенді, нитраттарды, бензолды, жалпы санитарлық ЛЗК – никельді, мырышты, кадмийді, аммиакты, органолептикалық ЛЗК – фторды, мұнайды фенолды жатқызады.

Ақаба судағы заттектердің мөлшері мен шектік рауалы концентрациясы немесе мөлшері (ШРК) арасындағы қатынасы есептелінеді:

$$C_{AC_1}/\text{ШРК}_1 + C_{AC_2}/\text{ШРК}_2 + \dots + C_{AC_n}/\text{ШРК}_n = C_{AC}$$

Сонымен қатар, ақаба суды араластырылмай түргандагы су қоймаларында болған заттектердің мөлшері мен ШРК қатынасы есептелінеді:

$$\frac{C_{o1}}{\text{ШРК}_1} + \frac{C_{o2}}{\text{ШРК}_2} + \dots + \frac{C_{on}}{\text{ШРК}_n} = C_o$$

Әр ЛЗК-ке қатысты қажетті тазалау дәрежесі төменгі формуламен анықталады:

$$\mathcal{E}_{AC} = \left(1 - \frac{(n-1)C_o}{C_{AC}} \right) \cdot 100\%$$

Зиянды заттектерден ақаба супарды тазалау дәрежесін есептеп, анықтағаннан кейін, таза су алу үшін тазалауға арналған тиімді пайдалануға жататын жолдар ұсынылады.

Тапсырма 4.1. Ақаба су үшін тазалау қажеттілігін есептеу. Жобаланған кәсіпорынның ақаба сүйн орталықтандағы маган шаруашылық-ауыз суды қамтамасыз етуге колданылатын ел орналасқан жерден өзенге тастау үйгартылған.

Кәсіпорынның ақаба сүйн талдау жасалып, оның көлемі

($q = 0,2 \text{ м}^3/\text{s} = 720 \text{ м}^3/\text{сағатына}$) мен құрамын сипаттайтын көрсеткіштер анықталады:

- 1) қалқыма заттектердің мөлшері – 60 мг/л;
 - 2) құрғак қалдықпен анықталған минералдық құрамы – 360 мг/л;
- оның ішінде:
- хлоридтер – 220 мг/л
 - сульфаттар – 100 мг/л;
 - 3) оттекке биохимиялық қажеттілігі (ОБК) – 80 мг/л;
 - 4) корғасын – 2,0 мг/л;
 - 5) бензол – 1,5 мг/л;
 - 6) нитрохлорбензол – 0,3 мг/л.

Ақаба судың алғашқы үш көрсеткіші жалпы олардың құрамына бағытталған талаптарды қанағаттандыру қажет, ал соңғы үшеуі – ШРК.

Зерттеу арқылы анықталған өзендеңі қалқыма заттектердің мөлшері 42 мг/л тең. Су қолдану категориясына негізделетін болсак, ақаба судағы қалқыма заттектердің концентрациясы $C_{AC,PK} = C_{e,c} + 0,25 = 42,25 \text{ мг/л}$ аспау қажет.

Есептеу арқылы алынған қалқыма заттектердің концентрациясын (42,25 мг/л) кәсіпорынның ақаба сүйнінде қалқыма заттектердің концентрациясымен (60 мг/л) салыстырғанда тазалауды жақсылап жүргізуін қажет екенін айғастайды. ШРТ белгілегендеге назарға алынатын концентрация 42,25 мг/л тең болады. Қалқыма заттектер үшін ШРТ:

$$\text{ШРТ} = 720 \cdot 42,25 = 30420 \text{ г/сағатына.}$$

Ақаба судың құрғак қалдық арқылы анықталған минералдық құрамы, сонымен қатар хлоридтер мен сульфаттардың көлемі рауалы мөлшерден аспайды, соңықтан ШРШ нактылық құрамды пайдаланып белгілейді.

Минералды заттектерге құрғак қалдық арқылы:

$$\text{ШРТ} = 720 \cdot 360 = 259200 \text{ г/сағатына;}$$

оның ішінде хлоридтер үшін:

$$\text{ШРТ} = 720 \cdot 220 = 158400 \text{ г/сағатына};$$

сульфаттар үшін:

$$\text{ШРТ} = 720 \cdot 100 = 72000 \text{ г/сағатына}.$$

Су колдану категориясын ескергенде, ақаба судың оттекке биохимиялық қажеттілігі 3 мг/л аспауы қажет, өнеркәсіптің ақаба сұындағы ОБҚ 80 мг/л тен болғандықтан ақаба судың тазалауды жақсарту керек. Осы көрсеткіш үшін

$$\text{ШРТ} = 720 \cdot 3 = 2160 \text{ г/сағатына}.$$

ШРК сақтау үшін және қорғасын, бензол, нитрохлорбензол зияндық санитарлық-токсикологиялық көрсеткішпен нормаланатынын ескеріп, олардың қосындысын табады:

$$C_1/\text{ШРК}_1 + C_2/\text{ШРК}_2 + C_3/\text{ШРК}_3 = 2,0/0,1 + 1,5/0,5 + 0,3/0,05 = 29,$$

бұл 1-ден аспауы қажет, ал негізінде асып отыр.

Заттектердің әр қайсысына тазалау белгіленеді және ақаба судағы олардың концентрациясының шектік шамасын: қорғасын – 0,05 мг/л, бензол – 0,1 мг/л, нитрохлорбензол – 0,015 мг/л белгілейді.

Косынды 1 -ден аспайтынына көзімізді жеткізейік

$$0,05/0,1 + 0,1/0,5 + 0,015/0,05 = 1.$$

Анықталған мөлшер мағыналары арқылы әр ластағышқа ШРТ белгіленеді:

қорғасынга: $\text{ШРТ} = 720 \cdot 0,05 = 35 \text{ г/сағатына};$
бензолға: $\text{ШРТ} = 720 \cdot 0,1 = 72 \text{ г/сағатына};$
нитрохлорбензолға: $\text{ШРТ} = 720 \cdot 0,015 = 10,8 \text{ г/сағатына}.$

Тапсырма 4.2. Тұрмыстық жағдайда қолданылатын су қоймасының сұймен араластыруға арналған ақаба судағы (AC) зиянды заттектердің рұқсат етуге болатын молшерлерін анықтау. Есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер вариантында бойынша 4.1-ші кестеде берілген.

Кесте 4.1. Есептеу жұмыстарына қажетті мәліметтер

Вариант	Ақаба судағы зиянды заттек	q, м ³ /с	Q, м ³ /с	K, мг/л	Коэффициент, β	ШРК, мг/м ³
1	Керосин	0,045	17,5	0,01	0,000189	0,1
2	Анилин	0,045	14,5	0,02	0,000180	0,1
3	Бензол	0,045	16,0	0,15	0,000181	0,5
4	Корғасын	0,045	11,5	0,3	0,000190	0,03
5	Нитрат	0,045	14,3	0,5	0,000189	10,0
6	Аммиак селитрасы	0,045	10,5	0,2	0,000185	2,0
7	Дихлорэтан	0,045	11,6	0,1	0,000187	0,02
8	Фенол	0,045	15,1	0,25	0,000182	0,001
9	Мұнай	0,045	10,2	0,01	0,000189	0,1
10	Хром	0,039	15,5	0,2	0,000187	0,05

Есептеу. Есептеуге қажетті қосымша мәліметтер мен қолданылатын формулалар томенде көлтірлген.

Турбуленттік коэффициенттердің берілген мағыналары: E = 0,003; η = 1; φ = 1,2. Ақаба сұймен жіберілетін зиянды заттектердің Кшрктін СН 254-71 алынады.

Ақаба суды араластыру кезінде орын алғатын гидравликалық факторларды ескеретін коэффициент (α) мағынасы төменгі формуламен табылады:

$$\alpha = \eta \cdot \varphi \cdot \sqrt{E/q}$$

Ақаба суды коймадағы сүмен араластыру коэффициенті (μ) келесі формуламен есептеледі:

$$\mu = (1 - \beta) / (1 + \beta \cdot Q/q)$$

бұл жерде:

q – ақаба судың жалпы мөлшері;

Q – ақаба суды қабылдайтын қақпа жаңындағы су шығыны.

Қақпа түбінде қабылданатын ақаба суды неше еседей сүйылту қажеттілігін сипаттайтын мағынаны (η) темендеғі формуланы қолдану арқылы айқындайды:

$$\eta = (\mu \cdot Q + q) / q$$

Коймадағы сүмен араластыруды назарда ұстай отырып, ақаба судағы зиянды заттектердің қандай рауалы мөлшерде болатынын анықтайтын көрсеткіш (K_e), мг/л:

$$K_e = (\mu \cdot Q/q) \cdot (K_{шРК} - K_1) + K_{шРК}$$

бұл жерде K_1 – ақаба суды жібермеске дейінгі қойма сүйнің зияндылық коэффициенті.

Бақылау сұрақтары

- 1) Ақаба су деп нені айтамыз?
- 2) Ақаба суда зиянды заттектер қандай агрегаттық түрде кездеседі?

- 3) Ақаба суды тазалауға қандай физикалық-химиялық әдістер қолданылады?
- 4) Реагенттік су тазалау әдісі деген не? Мысал келтірініз.
- 5) Механикалық тазалау әдісінің қандай түрлерін білесіз?
- 6) Биологиялық тазалау әдісіне сипаттама берініз.
- 7) Шектік рауалы төгінді деп қандай көрсеткішті айтамыз?
- 8) Ақаба судың қышқылдылығы қандай көрсеткішпен сипатталады?
- 9) Қандай нормативтік көрсеткішті шекті рауалы концентрация деп айтамыз?
- 10) Тазалау дәрежесі нені сипаттайды?
- 11) Ақаба судың сапасы қандай негізгі көрсеткіштермен сипатталады?
- 12) Табиғи суаттарға жіберердің алдында не үшін өндірістерден шықкан ақаба су сүйылтылады?
- 13) Жылды ақаба суды өзендерге жіберуге бола ма?
- 14) Ақаба суды тазалауға қандай биологиялық әдістер қолданылады?
- 15) Ақаба суды су коймаларына жібергенде қандай талаптар койылады?
- 16) Аэротенканы қолданғанда қандай әдіс пайдаланылады?
- 17) Сүзгілеу әдісі ақаба суды тазалауға бағытталған қай топ әдістеріне жатады?
- 18) Коагуляция мен флокуляция әдістерінің айырмашылығы қандай?
- 19) Ақаба суды тазалауға қандай адсорбенттерді қолдануға болады?
- 20) Шектік рауалы төгінді нормативі неше жылға тағайындалады, қандай жағдайда уақытша келісілген төгінді нормативі белгіленеді?

Ақаба суды араластыру кезінде орын алғатын гидравликалық факторларды ескеретін коэффициент (α) мағынасы томенгі формуламен табылады:

$$\alpha = \eta \cdot \varphi \cdot \sqrt{E/q}$$

Ақаба суды қоймадағы сүмен араластыру коэффициенті (μ) келесі формуламен есептеледі:

$$\mu = (1 - \beta) / (1 + \beta \cdot Q/q)$$

Бұл жерде:

q – ақаба судың жалпы мөлшері;

Q – ақаба суды қабылдайтын қақпа жаңындагы су шығыны.

Қақпа түбінде қабылданатын ақаба суды неше еседей сүйілту қажеттілігін сипаттайтын мағынаны (n) темендеғі формуланы қолдану арқылы айқындаиды:

$$\eta = (\mu \cdot Q/q) / q$$

Қоймадағы сүмен араластыруды назарда ұстай отырып, ақаба судағы зиянды заттердердің қандай рауалы мөлшерде болатынын анықтайтын көрсеткіш (K_g), мг/л;

$$K_g = (\mu \cdot Q/q) \cdot (K_{шРК} - K_1) + K_{шРК}$$


Бұл жерде K_1 – ақаба суды жібермеске дейінгі қойма сүйнің зияндылық коэффициенті.

Бакылау сұрақтары

- 1) Ақаба суда деп нені айтамыз?
- 2) Ақаба суда зиянды заттер қандай агрегаттық турде кездеседі?

көшс, қоршаган орта ластанудан қоргалынады. Аз немесе қалдықсыз технологиялық кешендер ұйымдастыру қажеттігі айқын, яғни бір жердің шенберінен аспайтын қалдықсыз өндірістер смес, қалдықсыз өндірістік кешендер туралы сез көтерілгені орынды. Бұл жағдайда бір өндірістің қалдығы басқа өндіріске шикізат ретінде пайдаланылады.

Қалдықтар өте кеп мелшерде пайдалы көндерді шығарғанда және байытқанда пайда болады. Қазіргі кезде қолданылатын технологияларға байланысты бастапқы алынған шикізат мелшерінің 10 пайзы қалдыққа айналып отырады. Осыған байланысты бос жыныстан тұратын таулар пайда болады, көп көлемді сулар ағынға жіберіледі.



Сурет 5.1 - Қалдықтардың жалпы жіктелуі



Сурет 5.2 - Қалдықтарды агрегаттың күйіне байланысты топтастыру

Казірлі уақытта дүние жүзі бойынша жер қойнынан жыл сайын 100 млрд. тоннаға дейін руда, құрылым материалдары, отын (4 млрд. т мұнай және газ, 2 млрд. т көмір) беткі қабатқа шығарылып отырылады, шамамен 92 млн. т минералды тыңайтқыштар мен 2 млн. т улы химикалтар пайдаланылып, олар да жер бетіне таралады. Атмосфераға 200 млн. тоннаның үстінде көміртек оксиді, 53 млн. тоннадай азот оксидтері, 50 млн. т көмірсутектері, 146 млн. т күкірттің диоксиді, 250 млн. т шаш газ тәрізді қалдық ретінде шығарылады. Ал су қоймаларына жыл сайын орта есеппен 32 млрд. м³ тазаланбаган су, әлемдік мұхиттарға – 10 млн. т дейін мұнай тасталады. Осы жағдайларға байланысты қоршаған ортада пайда болған қолайсыз өзгерістер кайтысыз түрге айналып отыр.

Қалдықтардың мөлшерін азайту үшін әртүрлі халық шаруашылығы салаларының арасында байланыс үйімдастырып, шикізатты кешенді түрде пайдалану мәселелерін шешу қажет. Табигаттағыдай өнеркәсіпте де айналым болу керек. Өнеркәсіп комбинатының жанынан улағыш қалдықтарды зиянсыздандыратын немесе өндеп пайдалы заттар шығаратын қосымша өндірістер

үйімдастырылса экономикалық түрғыдан пайда түсірілумен қатар табигатқа тиетін қолайсыз асер де жойылып отырады.

Шықкан көздеріне байланысты өндірістегі қалдықтар екі топқа болінеді: өндіріс қалдықтарына және тұтыну қалдықтарына. Өндіріс қалдықтарына бұйым алу үдерісінде шықкан және жартылай немесе түтелімен өзінің бастапқы тұтыну сапасын жоғалтқан шикізаттың, материалдардың, шала бұйымдардың қалдықтары жатады. Бұл топқа сонымен қатар шикізатты физикалық-химиялық жолмен өндегенде, пайдалы көндерді шығарғанда және байытқанда шықкан, бірақ-та өндірістік үдерістің бағытталған мақсатына жатпайтын, онімдер кіреді. Оларды шамамы өндегеннен кейін халық шаруашылығында немесе шикізат ретінде басқа өндірісте, немесе отынға пайдалануға болады. Өндіріс қалдықтарына сыртқа тастанынатын технологиялық газдарды немесе ақаба суларды тазалағанда шықкан катты заттар да жатады. Тұтыну қалдықтарына пайдалануда болғаны үшін тозып, ездерінің тұтыну касиетін жойған бұйымдар мен материалдар жатады. Олар өндіріс жағдайында белгілі тәртіппен шығынга шығарылады, ал тұрмыста тастанынады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары пайдага асырылатын және пайдага асырылмайтын болып бөлінеді.

Пайдага асырылатындарға – өндейтін технология болғанына байланысты өнеркәсіптің өзінде немесе халық шаруашылығының басқа салаларында шикізат, шығыратын өнімге қосымша зат, отын, жем, тыңайтқыш ретінде пайдаланылатын қалдықтар жатады.

Тап осы кезеңде өңдеу жүргізетін технологияның болмағанына және алынған өнімдерге тұтынушының жоқтығына байланысты немесе экономикалық түрғыдан колдануға ғимсіз қалдықтарды пайдага асырылмайтындарға жатқызады.

Өндірісте шикізатты жер қойнауынан шығарғанда, оны физикалық-химиялық жолмен өндегенде жанама немесе қоса шықкан өнімдер қалдықтарға жатпайды. Бұл өнімдерге мемлекеттік стандарт белгіленеді және баға қойылады.

Пайдага асырылатын және асырылмайтын қатты және сұйық қалдықтар жанатын және жанбайтын топтарға белінеді. Жанбайтын пайдага асырылмайтын қатты өндірістік қалдықтарға кокыстар, кектер, руданы байытқан шықкан қалдықтар және т.б. жатады. Бұлардың өндірістік технология әзірше болмағандықтан зиянсыздандыру үшін көмек. Жанатын пайдага асырылатын қалдықтарға ағаш қалдықтары, макулатура, токима материалдарының қалдығы, құрамында резина бар қалдықтар, пайдаланылған былғаныш, істен шықкан жарамсыз майларды, еріткіштерді жатқызуға болады. Бұл қалдықтарды зиянсыз түрге айналдыру үшін камералық цехта жағады да, болініп шықкан жылуды өндірістік айналымдарда пайдаланады немесе жанбайтын қалдықтарды зиянсыздандыруға колданады. Ал жағу үдерісінің нәтижесінде шықкан қалдықтар көмеге жіберіледі.

Қалдықтарды жер астына, геологиялық кен орындарына (көмір шахталарының, тұз кендерінің оқпандарына, кейде арнайы жасалған орларға – полигондарға) немесе теңіз түбинің терен ойпандарына кайтадан шықпайтындей етіп орналастырады. Радиоактивті және едауір улы қалдықтарды мүлде қауіпсіз етіп көму амалы әлі толығымен шешімін таптаған экологиялық мәселелердің бірі болып табылады.

Улы қалдықтарды көму уақытша амалсыз қолданылатын шара, себебі бұл жағдайда коршаған ортаның ластану қауіптілігі тұрақты сакталып отырады. Кейбір тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды көму алдында жағу арқылы олардың көлемін азайтуға болады. Улы қалдықтардың әруақытта қауіптілік (ұыттылық) сыныбын негізге ала отырып, оларды көму, сактау, жинақтау, тасымалдау туралы шешім кабылданады.

Қауіпті қалдықтар деп құрамында зиянды заттектері бар, қауіпті қасиеттер (улылық, өртенетін және жарылатын қауіптілігі бар, жоғары радиоактивті) тән немесе жұқпалы аурулардың қоздыргыштары бар, сонымен катар өздігінен немесе басқа заттектермен қосылғанда адамның денсаулығына және коршаған ортаға қауіп тәндіретін қалдықтарды айтады.

Қалдықтардың коршаған ортага әсері олардың сапалық және сандық құрамына байланысты. Қалдықтардың химиялық құрамы әркелкі, себебі олар әр түрлі физикалық-химиялық қасиеттері бар курделі поликомпонентті заттектердің қоспасынан тұрады. Осы қалдықтардың биосфераға тигізетін зияндылығы мен қауіптілігін сипаттайтын кейбір негізгі көрсеткіштер 5.3-ші суретте көрсетілген.




5.3-ші сурет. Зиянды және қауіпті қалдықтардың негізгі сипаттамалары

Коршаған орта мен адам денсаулығына өте қауіпті қалдықтарға (арнайы қалдықтарға) шамамен 600-дей заттар мен қосылыстар жатады. Олардың құрамына кіретіндер:

- пестицидтер және олардың құрамына кіретін химия өндірістерінің қалдықтары;
- радиоактивті қалдықтар;
- сынал және оның қосылыстары, сынапты термометрлер;

- мышьяк және оның косылыстары, құрамында мышьягі бар металлургиялық өндіріс пен жылу электростанцияларының қалдықтары;
- корғасынның косылыстары, көбіне олар мұнай өндейтін және бояу өндіретін касіпорындардың қалдықтарында болады;
- пайдаланылмаған медикаменттер, улы химикалдар, бояулар, лактар, коррозияға қарсы қолданылатын заттар, синтетикалық желімдер, косметикалық заттар;
- тұрмыстық химия құралдарының қалдықтары.

Егерде өндіріс қалдықтары кейбір зиянды заттердің табиги ортага өтуіне себебін тигізетін болса, онда олардың осындағы қабілеті артқан сайын коршаган ортага қатысты қауіптілігі де жоғарлап отырады (5.4-ші сурет).



Сурет 5.4 - Қалдықтардың экологиялық қауіптілігін жоғарылататын негізгі қасиеттері


Өнеркәсіптің барлық салаларынан көп мөлшерде қалдықтар шығатынына жоғарыда тоқталып кеткенбіз. Мысалы, жылына Ресейде түсті металлургия саласында 2 млрд. т руда өндірілетін болса, оның тек 1%-ы ғана құндылық өнімге айналып отырады. 100 млн. т қолемінде шықкан улы қалдықтардың 6-7%-ы ғана залалсыздандырылады немесе көміледі. Жалпы 7 млрд. тоннадай жиналған қалдықтардың ішінде 1 млрд. тоннадай қауіпті қалдықтарға жатады.

Ресей мен Қазақстанның әр түргиңінән жылына келетін қатты қалдықтардың қолемі шамамен 15-16 т. Қатты қалдықтардың жинақталуы оларды өндеу үдерісінің кеңінен дами

алмагандығымен түсіндіруге болады. Кауіпті қалдықтардың тек 1/4 қолеміндей ғана қазіргі шакта өнделуге жататындар.

Радиоактивті қалдықтар. Коршаган ортага және түрғындарға ерекше қауіптілік туғызатын қалдықтарға радиоактивті қалдықтар жатады. Олар уран өндірістерінде, ядролық реактормен жұмыс істеген кезде, ядролық сынақтар өткізілгенде, радиоактивті изотоптарды қолданғанда, АЭС белшектеу және жөндеу жұмыстарын жүргізген кездерде, радиоактивті медициналық аспаптардың белгі істен шыққанда пайда болады, сонымен қатар радиоактивті қалдықтарға АЭС, тағы басқа радиоактивті заттармен қатынасты нысандар қызметкерлерінің жұмыс күйінде жатады.

Радиоактивті қалдықтар әртүрлі сәуле (α , β , γ) шыгаратын кездерге жатады. Радиоактивті қалдықтар белсенділіктеріне және агрегаттық күйіне қарай толтастырылады (5.5 -ші сурет, 5.1-ші кесте).



Сурет 5.5 - Радиоактивті қалдықтардың жіктелуі

Кесте 5.1. Казақстанда радиоактивтік қалдықтардың келесі түрде жіктелуі қабылданған

Қалдық түрі	Сәулеленудің белсенділігі		
	γ, мбэр/сағатына	β, нКи/г	α, нКи/г
Жоғары активті	> 1000	> 100000	> 10000
Орташа активті	30 – 1000	100 - 100000	10-10000
Тәмен активті	0,03-30	> 2	> 0,2

Катты қалдықтар радиоактивті деп есептелінеді, егерде олардың мәншікті белсенділігі α - сәулелену козі ретінде қарағанда $3,7 \cdot 10^2$ Бк/кг - $7 \cdot 10^3$ Бк/кг аралығында; β - сәулелену $7,4 \cdot 10^4$ Бк/кг; γ - $> 10^{-7}$ г-экв.рад/кг болса.

Адам үшін иондаушы сәулеленудің қауіпті дәрежесі сәулеленудің белсенділігіне ғана емес, жартылай ыдырауының физикалық кезеңіне де байланысты, себебі осы кезең өткеннен кейін заттектердің радиоактивтілігі де, мөлшері де төмендейді.

Әрбір радионуклидтің әзіне тән жартылай ыдырау кезеңі бар. Мысалы, уран-238-дің жартылай ыдырау кезеңі $4,5 \cdot 10^9$ жыл, уран-235 – $7 \cdot 10^8$ жыл, калий-40 – $1,25 \cdot 10^9$ жыл, плутоний-240 – 6620 жыл, плутоний-239 – $2,4 \cdot 10^3$ жыл (судағы ШРМ – 81,4 Бк/л, ауадағы – $3,3 \cdot 10^{-3}$ Бк/л), полоний-210 – 138,3 тәулік (судағы ШРМ – $3 \cdot 10^{-5}$ мкКи/мг, ауадағы ШРМ – $2 \cdot 10^{-10}$ мкКи/м³), радий – 8100 тәулік (ауадағы ШРМ – $3 \cdot 10^{-16}$ Ки/л), йод-125 – 60,2 тәулік, йод-129 – 16 млн. Жыл, йод-131 – 8,05 тәулік, йод-132 – 2,26 сағат, стронций-90 – 27,7 жыл, цезий-137 – 65 тәулік, цезий-134 – 100 тәулік (ауадағы ШРМ – 0,002 Бк/л) құрады.

Өндіріс қалдықтарының немесе үйніттылық (қауіптілік) класын (сыныбын) анықтау. Құрамында адам денсаулығына өте зиянды әсер ететін, сондай-ақ қоршаған ортага қауіп туғызатын үлілік касиеті бар заттектерден тұратын қалдықтарды үлі қалдықтар деп атайды. Ал колданғанда немесе катысу арқылы ағзаның өмір тіршілігін

бұзатын заттектердің касиетін үлілік немесе үйніттылық дейді. Қалдықтарда кездесетін үлілік касиеті бар заттектерге мысал ретінде ауыр металдарды, қышқылдық пен сілтілік көрсеткіштері pH 3,5-нан томен және 9-дан жоғары ерітінділерді, пестицидтерді көлтіруге болады.

Үйтты қалдықтардың негізгі көздеріне онеркасіт, ауылшаруашылығы, сонымен қатар казіргі кезде көп тараған шағын кәсіпорындар мән шеберханалар жатады. Үйтты қалдықтардың 70-80%-ын шығарушыларға химия және мұнай өндеу онеркасіпперін жатқызуға болады.

Шығарылатын үйтты қалдықтардың жылдық көлемі АҚШ-та – 275 млн. т, Германияда – 6 млн. т, Ресейде – 20 млн. т, Казақстанда – 3 млн. т. Адамның жан басына шакқанда мөлшер жағынан барлық елдердің ішінде алда тұрған Нидерландия. Дүние жүзі бойынша әр адамның үлесіне орта есептеп үйтты қалдықтардың көлетін көлемі 0,1 т, дамыған елдерде 0,5 т. Үйтты қалдықтарды үйіндіге тастауға, не қоқыс өртейтін зауыттарға жіберуге жатпайды. Олар үлілігін, яғни қауіптілік сынныбына байланысты көміледі немесе арнаулы қоймаларда сакталады.

Өндіріс қалдықтарының қауіптілік сынныбы заттектердің үлілігін негізге ала отырып есептеу әдісі арқылы анықталады. Әр заттың үлілік индексін (K_i) анықтау үшін оның топырақтағы шекті рауалы концентрациясы (ШРК) негізге алынып төмөнгі формуламен анықталады:

$$K_i = \text{ШРК}_i / (S + C_3),$$

бұл жерде:

ШРК_i – қалдықтың құрамындағы i-затының топырақтағы шектік рауалы мөлшері;

S – i-затының суда ерігіштігін сипаттайтын өлшемсіз коэффициент (ерігіштік шаманы 100% болу арқылы табылады);

C₃ – бұл компоненттің қалдықтағы мөлшері, т/т.

Улылық индексі қалдық құрамындағы 3 негізгі құрауыштар үшін анықталады. Содан кейін приоритетті улы заттер арқылы жалпы улылық индексі (K_{Σ}) табылады:

$$K_{\Sigma} = \frac{1}{n^2} \sum_{i=1}^{i=n} K_i, \quad \text{бұл жерде } n \leq 3.$$

Қалдықтардың улылық (кауіптілік) сыйныбын олім мөлшері (дозасы), яғни жануар ағзасына енгізгенде олардың 50%-ын елтіретін мөлшер арқылы да анықтауга болады. Бұл жағдайда улылық индексін келесі тәндеумен табады:

$$K_i = \lg (\Theta D_{50})_i / (S + 0,1F + C_3),$$

бұл жерде F - белгілі құрауыштың өлшемсіз ұшпалылық коэффициенті (ұшпалылықты 760 мм сыйнап бағанастына бөлу арқылы табады).

Жалпы улылық индексті білгеннен кейін 5.2-ші кестедегі мәліметтерді пайдаланып қауіптілік сыйныбын (класын) табады.

Кесте 5.2. Қалдықтар улылығының класификациясы

К _Σ анықтағанда негізге алынатын шамалар		Улылық (кауіптілік) сыйныбы	Улылық дәреже
Топырактағы ШРК, мг/кг	Өлімші мөлшер (ΘD_{50}), мг/кг		
< 2	< 1,3	I	Айрықша қауіпті
≥ 2 ≤ 16	≥ 1,3 ≤ 3,3	II	Жоғары қауіпті
≥ 16,1 ≤ 30	≥ 3,4 ≤ 10	III	Орташа қауіпті
> 30	> 10	IV	Болымсыз қауіпті

Сонымен, барлық өндіріс қалдықтары тәрт қауіптілік сыйныпка бөлінеді: бірінші – айрықша қауіпті (радиоактивті заттер, бенз(а)пирен, диметилтиофосфат, корғасын, сыйнап метал түрінде және олардың бейорганикалық қосындылары); екінші – жоғары қауіпті (метилмеркаптан, азот оксидтері, никель, марганец, құқіртті сутек, формальдегид, фторлы сутек); үшінші – орташа қауіпті (каракүе, құқіртті көміртек, метил спирті, темекі); төртінші – болымсыз қауіпті (аммиак, аммиакты-карбамидты тыңайтқыштар, бокситтер, темір оксидтері, әк тастар).

Бірінші сыйныптық қалдықтары болаттан жасаған қабырғасының калындығы 10 мм, санлаусыз жабылатын қакпағы бар баллондарға жиналады, сосын бетон контейнерлеріне орналастырып барып көмеді. Екінші сыйныпка жататын қалдықтарды сактау үшін полиэтилен, ал үшінші сыйнып қалдықтары өндіріс алаңында немесе полигондарда ораусыз сакталады.


Дүние жүзі деңгейінде өнеркәсіп қалдықтарының қауіптілігін (улылығын) бағалау үшін бірнеше әдістер колданылып жүр. Олардың ішінде өте ынғайлы әдісті жасаған Environmental Protection Agency (EPA), бұл әдістің мақсаты – мүддесі 5.6-шы суретте көлтірілген.

Осы қалдықтарды топтастыру жолын экологиялық қауіпсіздікті сактау мақсатында барлық шаруашылық салаларында колдануға болады.


5.2 Қоршаған табиғи ортаның сапасын, өндіріс қалдықтарымен ластануын бақылау жүйесі. Улы өндіріс қалдықтарын зиянсыздандыру, өндеу және көму

Халық шаруашылығының барлық салаларында пайда болған қалдықтарды бақылауда ұстал, тиісті жолдармен пайдалануды, сактауды, т.б. басқару үшін қажетті жұмыстар жиынтығы мен оларды колдануға бағытталған үдерістерді кынданатын кейір колайсыз касиеттер 5.7-5.8-ші суреттерде берілген.

ШЫҚҚАН ҚАЛДЫҚТАР



Қалдықтардың технологиялық үдерістердің қынадататын қасиеттері




Сурет 5.7 - Өндеуге колданылатын технологиялық үдерістердің жүру барысының қындауына соқтыратын қатты қалдықтардың колайсыз қасиеттері

Қалдықтарды зиянсыздандыру төрт әдіс: жағу, химиялық немесе биологиялық жолмен нейтралдау, көму арқылы жүргізіледі.

Әртүрлі жылуфизикалық қасиеті бар қалдықтарды жағуға арнағы арналған қондырғылардың конструкциялары жасалған. Кейбір өнеркәсіпперде жағу үдерісі қазандыктың күш беретін қондырғыларында жүргізіледі. Жағу алдында өндеу арқылы қалдықтарды көп жылу шығаратын қасиет беріп жанғыш затқа айналдырады. Жанғыш қалдықтардың бәрі жағылады. Қалдықтарды жағуды 1000-1200 °C шамасында жүргізген орынды, себебі бұл жағдайда атмосферага белініп шығатын ластаушы заттардың көлемі минимумға дейін төмендейді.

Бірқатар елдерде қауіпті қалдықтарды жағуға өте жоғары температуралы үстай алатын цементтік пештер колданылады.



Сурет 5.8 - Қалдықтарды менгеруге бағытталған жолдар

Негізінде цементтік пеште химиялық тазартуға пайдаланылған өнеркәсіп ерітінділері, баспа бояулары, бояу сұйылтқыштары мен олардың қалдықтары, колданылған майлар және жангандың көп жылу белетін органикалық қалдықтар

жағылады. Қалдықтарды көмудің орнына жою үшін жағу әдісін қолданған тиімді келеді, себебі оларды жаққанда белінген жылуды цемент шығаруға пайдаланса, осыған жұмысалатын біраз отынның мөлшері қыскартылады.

Жанбайтын улы қатты және паста тәрізді 2-ші және 3-ші сыныпты қалдықтарды зиянсыздандыру оларды тығыздаудың калындығы 1 м-дей саздан немесе бетоннан жасалған шұнқырларға көмү арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда ең кеңінен қолданылатын әдіске бір қалдықтың түрін екінші қалдықпен зиянсыздандыру жолдары жатады. Мысалы, байыту фабрикаларының сілтілі сұйық қалдықтары мен зауыттардан шығатын қышқылды ерітінділерді арнайы тұндырыш-тогандарға бір-бірін бейтараптау үшін бірге жинайды.

Сонымен катар қазіргі кезде коксохимиялық зауыттардан шығатын күкіртті шайырлы заттарды бейтараптауға азоттың шайытқыштарын өндіретін зауыттардың әкті шламдары қолданылып жүргені белгілі. Ал көмірді кокстауда белініп шығатын құрамында күкіртті сутегі бар газ аммиак суымен бейтараптандырылады.

Әдетте улы емес жанбайтын қатты қалдықтар ашық жерде сақталынады немесе жэй көміледі. Құрамында 1-3 кауіптілік сыныптарына жататын заттары бар қалдықтарды көмүге тыйым салынған, сондыктan полигонға жіберер алдында өнеркәсіптің өзінде оларды сусыздандырып пасталық түрге айналдырады.

Оте улы қалдықтарды, әсіресе құрамында мышьяк пен кадмий барларын, зиянсыздандыру мен көмү ерекше назар аударуга жатады. АҚШ-та түсті металлургияның мышьягі бар қалдықтары цементпен араластырылып, су өткізбейтін жыныстарда орналаскан арнайы полигондарда көміледі. Жапонияда құрамында кадмий бар қалдықтарды пісіру арқылы суға тезімді улы емес шыны тәрізді кесекке айналдырады. Шымкент қорғасын зауытынан қалдық ретінде шығатын кальций арсенаты өндірістің өз аймағында темірбетон шұнқырларында сақталады. Мышьяк қалдықтарын суға ете

төзімді шынылы түрге айналдыруға бағытталған көптеген әдістер белгілі.

Қатты және ете қаруандырылған аударуға тұратын жолдардың бірі – *биологиялық технология* (биотехнология). Биологиялық технологияда адамға пайдалы өнімдерді алуға және қоршаған органды тазалауға тірі организмдер мен биологиялық үдерістер қолданылады. Биотехнологияны адамдар ежелден қолданып келе жатыр. Барлық ауыл шаруашылық өндірістері биотехнологияға негізделген. Мысалы, наң пісірудің немесе шарап ашытудың негізі болып микробиологиялық үдерістер саналады. Биотехнологияның мүмкіншілігі ауқымды. Микробиологиялық организмдердің әралуан түрлері кейбір органикалық заттарды сіңірумен катар, оларды зиянсыз түрге немесе пайдалы өнімдерге, мысалы, шалшықты газга, айналдыра алады. Бірақ-та, биологиялық әдісті қолдану оның ұзак уақытты қажет етуіне байланысты белгілі шамада шектелуде.

Биотехнологияның жетістігі мен микроорганизмдердің жаңа түрлерін алу экологиялық қорғау жолындағы мақсаттарға жетуге мүмкіндік туғызады деген үміт орындалатынына соңғы кезде көз жеткізіп отырған жағдайлар аз емес. Мысалы, биологиялық жолмен ыдырайтын жаңа пластиктер түрлері жасалуда. 1990 жылы американың JCJ компаниясы қанттарды бактериялармен ферментациялау арқылы дүние жүзінде алғаш рет биологиялық жолмен ыдырайтын “биопол” деген термопластикті алды. Ол пленкалар, ыдыстар, буып-түйетін тоқылмаған материалдар алуға пайдаланылады. Қазіргі кезде көп елдердегі ірі ғылыми лабораториялар мен фирмалар әр алуан қасиеттер тән биологиялық жолмен ыдырайтын полимерлік материалдар алушын іргелі биотехнологияларын жасау үтінде.

Тікелей қоршаған органды қорғауға бағытталған биотехнология әдістері соңғы кезде қарқынды түрде дами бастады. Экологиялық биотехнологиялардың негізгі дамыған бағыттарына мыналар жатады:

- әкаба сұларды биологиялық жолмен тазалау;
- қатты қалдықтарды биологиялық әдістермен өндедеу (әкаба судың түбіне жиналатын ұсақ тозанды тұибаны пайдала асыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды өндедеу, қаруандырылған зиянсыздандыру мен жою);
- ауаны ароматты заттектерден биологиялық жолмен тазалау;
- қоршаған ортадағы ксенобиотиктерді (тірі организмдерге жат химиялық заттектер) биодеградациялау;
- органикалық химия қалдықтарымен және мұнаймен ластанған топырақты биологиялық жолмен рекультивациялау;
- органикалық қалдықтарды және биомассаны пайдалану арқылы қалпына келетін энергиямен, шикізат көздерімен қамтамасыз ету (биогаз және екінші реттік отын түрлерін алу, органикалық тынайтқыштардың трансформациясы және т.б.);
- аурулар мен ауыл шаруашылық мәдени дақылдарының зиянкестерімен құресуге химиялық пестицидтерге ал्यернативті қаруандырылған биологиялық шараларды жасау.

Улы қалдықтарды зиянсыздандыруға физикалық әдістер де қолданылып жүр, атап айтқанда, әртүрлі сәуле түрлерімен (мысалы, ультра құлғын сәулесі) құрделі молекулалардан құралған органикалық сүйік қауіпті заттарды жай молекулалардан тұратын зиянсыз зат түріне айналдыруға болады.

Соңғы жылдардың кейбір ғылыми енбектерде электромагнитті ракеталардың көмегімен қалдықтарды құн жүйесі манынын сыртына тастау ұсыныстары кездесіп жүр. Осы жолмен АЭС қалдықтарын жоюды ұсынып жүрген АҚШ-дағы Массачусеттс технология институтының ғалымдары.

5.3 Қалдықсақтағыштар (полигондар)

Полигондар – бұл кәдеге асыруға жатпайтын өнеркәсіп қалдықтарын зиянсыздай мен көмуге бағытталған арнайы табигат қорғау құрылыштары.

Полигон күрүдүң негізгі мақсаты - қалдықтарды көмүге белгінген жерді экономикалық тұрғыдан тиімді тұрде колдану арқылы топырақты, атмосфераны, жер асты мен бетіндегі суларды улы заттектермен ластанудан сактау.

Полигондар ретінде пайдаланатын жер 20-25 жылдай мерзімге белініп беріледі. Олар қонысты аймактан аулақтандырылады, санитарлық қорғау зонасының ені 3 км –ге тен болуга тиіс. Полигонның алшақтығы ауылшаруашылық егістік жерден және транзитті жолдардан 200 м-ден, орман алқабынан 50 м-ден кем болмауы кажет. Санитарлық қорғау зонаны көгалдандыру және периметр бойымен ені 50 метрдей келетін орман қорғау алқабымен полигонды жабдықтандыру қарастырылады.

Жергілікті суды қорғау мен санитарлық эпидемиялық қызмет мекемелерімен келісілген нұсқауларда полигонға қабылданатын және кабылдауға жатпайтын улы қалдықтардың түрлері анық көрсетіледі. Қалдықтар міндетті тұрде құжаттандырудан өткізіледі. Эр өнеркәсіп мекемесі санитарлық ережелерді негізге ала отырып, қалдықтарды жинауға, сактауға, буып-түюге, тасымалдауға, көмүге, т. б. істерге қатысатын адамдарга арналған қауіпсіздік техникасының нұсқауларын жасайды. Полигон басшыларымен және жергілікті санитарлық эпидемиологиялық қызмет мекемесімен келісілгеннен кейін бұл құжатты өнеркәсіп мекемесінің басшысы бекітеді.

Полигондар онашалау, үйлер салынбаған, жақсы желденетін, нөсер жаңбыр жауғанда, кар ерігенде және тасқын болғанда судың астында қалмайтын жерлерге орналастырылады. Полигонды жиі жел тұратын багытты анықтай, ел тұратын жердің ық жағында, су алатын жерден, қыстақ шұнқырлардан, үылдырық шашатын және балықтардың мекендейтін жерлерінен төмен, су жинауға арналған ашық коймалардан тыс аймакка орналастыру қажет. Полигон аймагында жер асты сулары 20 м-ден артық тереңдікте жатуға тиіс, сонымен қатар осы полигон орналасқан жерде топырақтың фильтрация коэффициенті 1 мкм/таулік артық болмауы керек. Эсіресе ішуге колданылатын

жер астындағы сулардың үстінде қалдықтарды көмүге болмайды.

Дүние жүзі бойынша іс жүзінде қатты тұрмыстық қалдықтар (КТК) айналымы келесі жолдармен үйімдестерилады:

- 1) көмү және жарым-жартылай өндірілу жұмыстарын жүргізуге арнайы полигондарды салу;
- 2) азот тыңайтыштарын немесе биоостынды компостау (кордалау) арқылы алу;
- 3) сыптырның жағатын зауыттарда қалдықтарды жағу;
- 4) ферментациялау (мал шаруашылығының ағындарынан биогаз алу);
- 5) бастапкы сорттау, пайдаға асыру және қалдықтардағы құнды құрауыштарды пайдалану;
- 6) қатты тұрмыстық қалдықты пиролиздеу – ауасыз жоғары температурада (шамамен 1700 °С) қыздыру.

Қалдықтарды орналастыру үшін арнайы обьектілер жасалады (полигондар, шламсактау орындары, тау жыныстарының үйінділерін сактайтын жерлер және т. б.). КТК сактайтын нысандарды салар алдында геологиялық, гидрогеологиялық және басқа да барлау жұмыстары жүргізіледі, осыны негізге ала отырып, мемлекеттік экологиялық саралтау қорытындысы жасалып, полигонға рұқсат беріледі.

Қоршаған табиғи ортаны ластану деңгейін төмөндөту мақсатында бұрынғы бақылаусыз қоқыс тастайтын жерлердің орнына үлкен қалаларда полигондар салу кеңінен дамып келе жатыр. Полигондар салу үшін 20-25 жыл оданда көп жылдар уақытында қалдықтарды жинауға болатын сазды жер таңдалады. Таңдалған аланың табанына фильтратты жинақтау үшін үлкен астауға ұқсастырып, терендігін 1,5 м немесе оданда терендеде етіп қазады. Егерде сазды жер болмаса, бірақ су жақсы ететін жерге полигон салу қажет болса, онда астаудың түбіне қалындығы 0,5 м сазды басқа жерлерден әкеліп салады.

Тәулік ішінде полигонның бір аланына қалдықтарды орналастырып, оларды әр 2 м биіктікте бульдозермен тығыздаپ отырады. Екінші тәуліктегі қалдықтарды басқа аланға әкеліп орналастыра береді, ал алдыңғы алан қалындығы 0,25 м жекелегіш қабатпен жабылады. Бұл жекелегіш қабатпен жабу және тығыздау жұмыстарын жүргізу ауаның ластануы мен шыбын-шіркеулердің және кеміргіштердің таралуын шектейді.

Полигонның алатын жерінің көлемін азайту мақсатында қалдықтарды 60 м биіктікке дейін қабат-қабатпен орналастырады. Полигон толғаннан кейін оның соңғы беткі қабатын есімдік етуге арналған қабатпен жабады.

КТҚ арналған полигондарды орналастыру үшін ауыл шаруашылығына жарамсыз жерлер мен жыралар жиі пайдаланылады. Полигондар толық толтырылғаннан және есімдіктерге арналған топыракпен беті жабылғаннан кейін оның үстінде саябак, ойын алаңдарын ұйымдастыруға немесе басқа да мақсаттарға пайдалануга болады.

5.4 Қалдықтарды іске асыру (қәдеге жарату)

Қалдықтарды қосымша шикізат ретінде тиімді пайдалану көттеген мәселелердің шешу жолдарын ашуға мүмкіндік туғызды. Қалдықтарды қайтадан қолдану қоршаған ортандың үнемдеумен, бастаның материалдарды, электрэнергиясын үнемдеумен, еңбек ресурстарын босатумен байланысты көттеген мәселелерді шешуге жол ашады.

Кейде ойланбастан көттеген заттектер мен материалдар қалдықтарға жатқызыла береді, шын мәнінде оларды әр түрлі қажеттілікке немесе басқа өндірістерге шикізат ретінде қолдануға болады. Кезінде Д.И. Менделеев “Химияда қалдықтар болмайды, тек қана қолданылмаган шикізат болады” деп айткан. Сонымен катар ол озат технологияның басты мақсаты пайdasыздан пайдалы өнім алуға бағытталған болу қажет деп те ескерткен. Сондықтан ішінара немесе толығымен қайта өндеу арқылы қажетке жаратылатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарына екінші реттік материалдық ресурстар ретінде қарауға болады.

Біздің халық шаруашылығыныңдан жыл сайын шығатын қалдықтардың көлемі 1 миллиард тоннадай. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек біздің елде жиналған қатты өндіріс қалдықтарының көлемі 20 млрд. т шамасында. Оның ішінде 5,2 млрд. т түсті metallurgия өндірісінің меншігіне жатады (4 млрд. тонна – тау-кен өндірісінікі, 1,1 млрд. тонна байыту фабрикаларының және 105 млн. тонна metallurgиялық өндеу үдерістерінен шықкан қалдықтар). Сонымен катар әр түрлі қоймалар мен кен байыту фабрикаларының тұндырығыштарында көп мөлшерде сұйық қалдықтар жинақталған. Қалдықтардың 70-75%-ы тау-кен өндірістерінен, 20%-ы байыту және қалғандары metallurgия кәсіпорындарынан пайда болады.

Қалдықтардың негізгі көлемі тау-кен қазбаларынан, metallurgия, химия, мұнай және газ, ағаш, қағаз, құрылымдарынан өндіретін өнеркәсіптерден және ауылшаруашылығы мен үй-жай шаруашылықтарынан шығып отырады.

Өнеркәсіп қалдықтарының көбісінің құндылығы едәуір, оны оларды дұрыс пайдаланғанда білуге болады. Өндіріс қалдықтарын пайдала асуры мәселесі шешілетін болса, ауылшаруашылығында пайдалануға жататын біраз жерлерді босатуға мүмкіншілік туады.

Егерде қалдықтар шаруашылық айналымға түсірілсе, олар қоршаған ортандың жақсартумен катар, жердегі шикізат қорын да үнемдейтін сөзсіз. Өнеркәсіп өндірістері дүниежүзілік шикізат қорының күрт елеулі азаюына әкелді. Ғалымдардың болжауы бойынша, қазіргі пайдалану деңгей сақталған жағдайда, мұнай мен газдың қоры 80-170 жылға, мырыш, никель, мыс қоры 100 жылға, көмір кенін 1700 жылдай уақыт бойы ғана шығаруға жетеді. Табиғи ресурстардың қоры шексіз еместігіне байланысты оларды кешенді түрде пайдалануға ерекше көңіл аударып, атап айтканда, аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияларды жасау және халық шаруашылығының әртүрлі салаларында шикізат базасын қалдықтарды кеңінен пайдалану арқылы көбейту қажет. Түсті metallurgияда негізінде пайдалы

элементтердің 2-3% ғана алынып, 97-98% пайдалыс нааре ретінде тасталынады.

Манызды шикізат қорына қалдықтардың ішінде күл мен қоқысты жатқызуға болады. Осы құнды материалдың көзірігі кезде 20%-дан аспайтын белігі ғана өнділінеді. Күл негізінде цементке толтырыш ретінде колданылады. Тұтін газдарынан алынған 1,3 т коңыр көмірдің күлі 1т цементтің орнын толтырады. Коңыр көмір құлінің құрамында 5-30% темірдің оксиді, 30% әк және едәуір мөлшерде коксталған көмірдің қалдығы бар екендігіне байланысты металлургияда оны темір концентратын алу үшін пайдалануға мүмкіндік бар.

Казакстанның түсті металлургиясының шикізат базасы ретінде тек күлді ғана емес, өндірілетін руданың құрамында бірқатар металдардың мөлшері көптеген жылдар бойы мол жинақталған жүзделген миллион тонна қождарды да пайдалану кеңінен қарастырылуда. Геологиялық барлау жасауға, тасымалдауға, рудниктер және байыту фабрикаларын салуға қаражат жұмысалмайтынына байланысты шлактардан алынған металдардың өзіндік құны рудадан алынғаннан бірнеше есе төмен болады.

Казакстанның түсті және кара металлургия саласындағы көптеген өнеркәсіптерден белініп шығатын газдар құқырт қышқылын алуға шикізат ретінде пайдаланылып келеді. Металлургия өнеркәсіпперінің құрамында құқырті бар газдардан алынған қышқылдың өзіндік құны, сонымен катар, 1 тоннадай өнімге жұмысалған қаржының үлес салмағы табиғи шикізаттан өндірілген құқырт қышқылына қараганда 2 еседей төмен.

Кеңі бар шикізатты кешенді турде пайдалануды мақсатқа ала отырып, Қазакстанда металлургиялық, мұнай және т.б. өндірістердің қалдықтарын колдану арқылы азот, фосфор және баска да минералдық тыңайтқыштарды, құқырт қышқылын, биологиялық активті препараттарды өндіруге бағытталған химия өнеркәсібі дамуда.

Азот тыңайтқыштарын алуға оттекті өндіргенде шықкан металлургиялық өнеркәсіп қалдықтары пайдаланылады.

Сульфитті рудаларды құйдіргенде белінген газдардан немесе мұнай өндірісінің құқыртті қалдықтарынан алынған құқырт қышқылы аммоний суперфосфатын, сульфатын, гидросульфатын және басқада бірқатар әртүрлі шаруашылыктарға қажетті химиялық қосылыстар алуға колданылады.

Металл сыйықтары өнеркәсіп қалдықтарының ішінде ерекше назар аударуға тұратын қалдыққа жатады. Өндіріс үдерістерінен шығатын металл сыйықтарының жалпы көлемінің 67% кесінділерден, металл ұнтақтарынан, жоңқадан, табакша үлгілерден, 31%-ы амортизациялық сыйықтардан, қалған 2%-ы қоқыстан алынған металл қалдықтарынан тұрады.

Амортизациялық сыйықтарға шығынга жіберілген, істен шықкан жабдықтар, саймандар, бұйымдар және т.б. инвентарлар жатады. Мысалы, вагондар мен рельстердің 30 жыл, кемелердің 25 жыл, көпірлердің 100 жыл, автомобилдердің 10 жыл, электр қуатын жүргізу жолының колдану мерзімі 50 жыл ғана.

Машина жасайтын өнеркәсіпперде амортизациялық сыйықтардың 55% технологиялық жабдықтар мен саймандарды ауыстырган кезде шығады. Өндірістегі металл қалдықтарының өндеуге жататын көлемі металдар мәнін ертіпе қоспаларының мөлшеріне байланысты келеді. Қалдықтардың шығатын негізгі көздеріне металдарды механикалық өндеу, түрлі формаларға келтіру, қуда үдерістері жатады.

Металлургиялық өнеркәсіппер тек металл сыйықтары мен қалдықтар шығаратын көз ғана емес, сонымен катар олар негізгі пайдаланушының қатарына жатады. 1 тонна электрлік болат өндіруге 940 кг, 1 т мартен болатына 500 кг, 1 т шойын алуға 20 кг-нан 700 кг-ға дейін металл сыйықтары пайдаланылады. Металл сыйықтарынан алынған болаттың құны рудадан алғаннан 60-70%-ай арзанға түседі.

Шет елдерде ерекше назар алюминий және каңылтыр банкілерін жинау мен өндеуге аударылады. АҚШ-та қайтадан өнділіп шығарылған алғашқы өнімдер алюминий ыдыстары болған. 1990 жылы жасалған 88 млрд. банкілердің 55 миллиарды, яғни 62,5% қайтадан өндеу арқылы қалдықтардан

алынған. Қалдықтарды өндөу арқылы алынатын алноминий мен қанылтыр банкілерінің мөлшері Ұлыбританияда 5%-ан, ал Батыс Еуропа елдерінде 25%-ан асқан емес, экономикалық түргыдан қарағанда, колданылған банкілердің өндеп, қайтадан өнім алу арзан түсетініне байланысты болашақта осы жол кеңінен пайдаланылатынына құмән жоқ деуге болады, себебі бастапқы шикізаттан өндірғеннен гөрі қалдықтардан банкілер шыгарғанда 10 еседей аз мөлшерде энергия жұмсалады.

Өте қын және де кідіртуге болмайтын мәселелерге пластмасса мен әртүрлі полимерлі материалдарды өндөу және қайтадан пайдалану жатады. Бұл мәселелер жарым-жартылай шешілген, себебі оларды өндеуден откізу үшін алдымен ұқыпты түрде сұрыптау және белектеу қажет. Сонаң соң олар үгітіліп, жуылып, белініп болған соң, белгілі өнім түрлерін алуға пайдаланылады. Белгілі анықталынған сипаттамасы болмаған ала-құла (әр текті) пластмассалар тек төмөнгі сортты материалдар алуға жұмсалады. Полиуретан мен жасанды талшықтардан жасалған кейір бүйімдарды қайтадан өндөу өте қынға түседі, биохимиялық ыдырауга түспейтін болғандықтан олар көмүге де жатпайды, сондықтан қазіргі кезде орын алған шешімсіз мәселелердің бірі пластмассалық жарамсыз қалдықтар. Дүние жүзі бойынша жыл сайын 80 млн. тоннаның үстінде шыгарылатын пластмассалардың 70%-дан артығы автокөліктегі аккумуляторлары мен азық-түлік салатын ыдыстар түрінде қалдыққа айналып отырады.

Сонғы 15-20 жылда пластмассалардың жаңадан жетілдірілген түрлерін жасау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Негізгі мақсат мұнайдан өндірілетін әдеттегідей арзан пластмассалардың орнына табиғи жағдайда биологиялық жолмен микроагзалардың қатысуымен коршаган ортага залал келтірмейтін қосылыстарға ыдырайтын түрлерін алу. Осындай полимерлі материалдар ауылшаруашылық дақылдарынан (жүгеріден, картоптан, катты тағам қалдықтарынан) алынған крахмал немесе целлюлоза мен полиэтилен коспаларынан алтынады. Биологиялық жолмен ыдырайтын полимерлерге химиялық синтез арқылы алынған

синтетикалық полизифирлер және микроагзалардың қатысуымен түзілген биополимерлер, биосахаридтер жатады. Осындай жаңа материалдар толығымен дымқылды жағдайда биохимиялық жолмен ыдырайтын және әртүрлі жағдайда қордалылады. Биополимерлерден негізінде бірсыныра өнімдер шыгарыла басталды. Мысалы, бұрынғы полистиролдан жасалған жонқалардың орнына амортизациялық бұйып-түнгі ариалған жонқалар, орауыш қаптар, бір реттік әртүрлі ыдыс-аяктар, контейнерлер және т.с. жасалуда.

Москвада полимерлер негізінде жана материалдар жасайтын "Норпласт" атты ғылыми-өндіріс бірлестігі үйімдастырылған. Бастапқы шикізат – мұнайды үнемдеу үшін, полимерлердің белгілі белігі әртүрлі түрге боялатын және металмен оңай араласатын табиғи толтырғыштармен, анорганикалық қосылыстар немесе өнеркәсіп қалдықтарымен, мысалы, мактандың жаман-жұмандымен, жүзімнен алынған өнімдермен, лигнинмен айырбасталады. Бұл материалдар күбырлар, түрмистік химия баллондарын, электрохимиялық өнеркәсіпперіне қажетті белшектер, әртүрлі көшілік колды тауарлар жасауға колданылады.

Ағаш өндейтін және қағаз шыгаратын өнеркәсіппердің қалдықтарын өте құнды шикізатқа жатқызуға болады. Ағаш қалдықтары (қабықтар, жонқалар, үгінділер және т. с.) энергия немесе жылу алу үшін пайдаланылады. Егерде оларды сұйық отынмен араластырып жакса, өте жақсы ағаш тәрізді жанады. Осымен қатар үгінділер технологиялық мұқтаждықты өтеуге де колданылады, тез кебетін қасиет беру үшін оларды шікі кірпішке де қосуға болады.

Кептеген елдерде макулатураны өндөу арқылы жазатын қағаз, типографиялық қағаз, жанбайтын қағаз және т.б. түрлерін алуға өте үлкен назар аударылуда. Мысалы, Германияда бүкіл колданылатын қағаздың 44% макулатурадан (жылына 2,8 млн. т шамасында жиналады) алынады, бұл жағдай жыл сайын 40 млн. ағашты кесуден сақтайды. Сонымен қатар, ағаштың орнына қағазды макулатурадан алғанда 60%-дай энергия үнемделеді,

атмосфераның ластануы 15% және судың ластануы 60%-ға дейін темендейді.

Жеңіл өнеркәсіптің жүн жуатын саласында жұнді бастапқы өндеген кезде қалдық ретінде бөлініп шығатын жүн майы (химиялық аты ланолин) медицина және парфюмерия өнеркәсітеріне қажетті ете құнды шикізат болып саналады.

Қант өндірісінің қалдығынан спирт алынады. Мысалы, Қазақстанда шығарылатын этил спиртінің 2/3 бөлігі Тараздың қант-рафинал комбинатының қалдығынан алынады.

Дүние жүзінің көптеген елдерінде шыны бұйымдар қалдықтарын тиімді пайдалану жүзеге асырылуда. Батыс Еуропаның 17 елінде шыны ыдыстарын пайдала асыруды Еуропалық шыны ыдыстар жөніндегі федерация қадағалап және үйлестіріп отырады. Барлық елдерде түсті шынылар толығымен кайтадан өндеуге түседі. Шыны ыдыстарды халықтан жинап отыру жаксы үйімдастырылған.

Екінші реттік энергоресурстарды тиімді пайдаланудың халықшаруашылық маңызы ете зор. Екінші реттік энергоресурстар дегендеміз тікелей тап осы өндірістің өнімдерінің, қалдықтарының, жанама және аралық өнімдерінің энергетикалық потенциалдары. Екінші реттік энергоресурстар 3 топка бөлінеді:

- 1) жанғыштар (H_2 , CH_4 , CO , пеш газдары, май, шайыр, целлюлоза және т.б.);
- 2) жылу (бөлінген газдардың, өнімдердің, жанама өнімдердің, сұтынылатын судың, экзотермиялық реакциялардың);
- 3) технологиялық аппараттардан шығатын газ бер сұйықтықтардың қысымы.

Екінші реттік энергоресурстар химиялық өндірістің азот, күкірт, фосфор, хлор қосылыстарын, соданы шығаратын және мұнай-химия салаларында пайдаланылады. Жанғыштар қазандықтарда отын ретінде колданылады. Бөлінген жылу қалдықтарды өндейтін қондыргыларда, жылу айырбастағыштарда кейбір заттарды қыздыруға колданылады, осы жағдайлармен жылуды тұтыну қажеттілігін төмendetuge

болады. Қысым утилизациялық турбиналарда компрессорларды, сорғыларды, желдеткіштерді жұмыс істетуге колданылады және электрэнергия алуға пайдаланылады.

Екінші реттік энергетикалық ресурстарды жүзеге асыру жылу мен энергияны үнемдеумен катар, атмосферага болінетін жылу мөлшерін азайтып, қоршаган ортанды қоргауға себебін тигізеді.

Құс фабрикаларында қалдық болып шығып отырган құс жұндері жоғары сапалы мал жемін, яғни құрамында 85%-ға дейін белогі бар үн алуға арзан шикізат ретінде колдануын тауып жатыр. Бұндай өндіріс Германияда жақсы жолға қойылған, 3 т қалдықтан 1.2 т үн алынады.

Қалдықтар мәселесі қолымында бар заттарды тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Бір көргенде, мысалы, күйіп кеткен лампалардан вольфрам алу түкке тұрмайтын іс сияқты. Жанып кеткен бір лампочкада 10 мг-дай вольфрам болады, ал оның миллионында – 10 кг. Өнеркәсілте осы қымбат, тәншы металдың 10 кг алу үшін құрамында вольфрамы бар минералдар – вольфрамит, шеелиттің 1 тоннадан кем емес көлемі өндөледі, сонымен катар, біраз энергия мөлшері жұмсалады. Вольфрам оксидінің геологиялық қоры не бәрі 1 млн. тоннадай. Жер шары масштабымен есептегенде ашылған қор 50 жылғағана жетуі мүмкін, бұрынғы Одаққа кіретін мемлекеттерді есепке алмаганда, жылына дүниежүзі бойынша вольфрам рудасының 25 мың тоннасы өндіріледі. Бұл мәлімет вольфрам қосылыстарын тастауды азайту тиімді екенине ерекше көңіл аударудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Румынияның аяқ-кім өнеркәсіп институтында тері қалдықтарынан табиги терінің қасиетінен айырмашылығы жок материал шығаруға бағытталған пластикалық масса алу жолы жасалып өндіріске енгізілген. 1 кг қалдықтан 0,9 кг материал алынады.

5.5 Қатты тұрмыстық қалдықтар

Ерекше назар аударуға және кідіртпей өндеуге жататын қалдықтарға тұрмыстық қалдықтар жатады, себебі осы қалдықтардың мөлшері мен әртүрлі аурулар эпидемиясының арасында тікелей байланыс бар.

Қазақстан Республикасы қоршаган ортанды қорғау министрлігінің деректері бойынша Қазақстан аумағында 22 млрд. тонна қалдықтар, оның ішінде 96 млн. тонна қатты тұрмыстық қалдықтар немесе коммуналдық қалдықтар жиналып қалған. Бұл ретте тек қатты тұрмыстық қалдықтар колемі жылына 3,8 млн. тоннана артуда. Орта есеппен жылына үлкен қалаларда бір адамға шаққанда жалпы 300 кг тұрмыстық қалдық келеді, оның ішінде азық-тұлік қалдықтарының жылдық мөлшері 80-90 кг. 1 т азық-тұлік қалдықтарының құнарлығы орта есеппен 250 кг дәнді жемшөлтікіне нара-пар келеді.

Іс жүзінде олардың барлығы құрамдық боліктеге белгібестен тасымалданады және ашық қоқыс орындарына жиналады. Тұрмыстық қалдықтарды пайдалаубай тастайтын болсақ, онда әртүрлі ауруларды қоздыратыш ошақтың көзін ашумен катар, біраз жер көлемін пайдасыз жерге айналдырамыз.

Адам басына шаққандағы қалдықтардың жиналу нормалары накты көрсеткіштерге сәйкес келмейді, өйткені қатты тұрмыстық қалдықтар көлемдері абсолютті шамада да, адам басына шаққанда да үздіксіз есіл келеді.

АКШ-та тұрмыстық қатты қалдықтардың 41%-ы "айрықша қауіпті" болып топтастырылады, ал Венгрияда – 33,5%-ы, Францияда – 6%-ы, Ресейде – 10%-ы, ҰлыБританияда – 3%-ы, Италия мен Жапонияда – 0,3%-ы.

Қала қалдықтарында құрамындағы әртүрлі заттарға келетін мөлшер массалық %-бен алғанда: қағаз (30-40), азық-тұлік қалдықтары (30-40), металдар (2-4), ағаш (1,5-3), кездемелер (2-4), шины (3-6), тастар (1-2), тері, резина (1-2), пластмасса (1-1,5). Қала сыйырындысын жинайтын негізгі жер қоқыстар үйіндісі, шамалы мөлшері қайтадан өндөледі немесе арнайы үйимдастырылған зауыттарда жағылады.

Тұрмыстық қалдықтарды бірнеше бағытпен өндеуге мүмкіндік бар, мысалы, тыңайтқыш, жанатын газ және синтетикалық мұнай, құрылые плиталарын, қағаз және тағы да контеген заттарды алуға болады. Жану үдерісінің иәтижесінде бөлінетін жылу іске асырылып, бу қазандықтарды жылдытуға пайдаланылса, қождан іріктел жиналған металл қалдықтары metallurgia өнеркәсібіне, ал шықкан қождар құрылые материалдарын өндіруге қолданылады. Тұрмыстық қалдықтарды жою, яғни негізгі мақсатын орындаумен бірге, зауыттар басқа өндірістерге шикізат ретінде қажетті өнімдерді – жылу, металл, қождарды да шығарады. Мысалы, Москвандың Н1 қоқыс жағатын зауытынан шыққан шлакты зерттеу арқылы алынған мәліметтерге (Г.И. Сидоренко, 1990 ж.) сүйенсек, жылуна тұрмыстық қалдық жинайтын жерге тек Москвандың өзінен мынадай көлемде металдар тасталады екен: Mo – 8,3 т, Co – 11,4 т, V – 12,4 т, Ag – 27,6 т, Ni – 75 т, Sb – 115 т, Sn – 244 т, F – 353 т, Cr – 689 т, Pb – 1573 т, Cu – 2180 т, Zn – 6762 т. Бұл мөлшер жыл бойына үлкен көн орындарынан алынатын мөлшерге эквивалентті.

Санкт-Петербург маңындағы Горелово поселкесінде 1972 жылдан бастап тұрмыстық қоқысты өндейтін зауыт қызмет етуде, оның ең негізгі шығаратын өнімі компост (тыңайтқыш), бірак-та қоқыстың 30%-ы, яғни пластмасса, резина, тері, ағаш, металдан тұратын белгілі өндөлінбайды.

Жылдық өнімділігі 110 мың тона төнірегіндегі зауыт 1975 жылдан бастап Ташкентте іске қосылған. Жыл сайын тұрмыстық қоқыстан 400 т кара және 5 т түсті металдар, 20 мың т компост алынады. Компост деп микроорганизмдермен ыдырау нәтижесінде есімдіктер мен жануарлар қалдықтарынан шыққан органикалық тыңайтқыштарды айтады. Оны алуға көң, көң бөкпесі және құстар саңғырығы, шымтезек, қала сыптырындысы, ағаштардың түскен жапырақтары, сабан және т. б. тұрмыстық қалдықтар қолданылады. Қордаландыру үдерісінің нәтижесінде органикалық массадағы есімдіктер сініруге қолайлы коректік заттектер (азот, фосфор) түрлерінің мөлшері жогарылайды, патогенді микрофлора заарсызланады.

целлюлоза мен иектин заттектері азаяды, сонымен қатар тынайтын топыраққа енгізуге қолайлы сусымалы түрде алынаады. Оле тапшы органикалық тынайтындардың (көңіл, шымтезек) орнына компост кеңінен пайдалануға жатады.

Тұрмыстық қалдықтардың барлық түрі компост алуға жатпайды. Егерде қоқыстагы азық-түлік қалдықтардың мөлшері 20%-дан төмен болса, олардан тұрмыстық тынайтын алынбайды. Себебі қалдықтарды кордальандыру аэробы микробтардың қатысумен жүрсін биохимиялық үдеріс. Бұл микробтардан ете көп мөлшерде жылу белінің шыққандықтай қоқыс 70 °С-ге дейін қызды. Бұл жағдайда ауру қоздырагын микробтар жойылып, шикізат қызын, тұрмыстық тынайтыншықта айналады. Табиги жаңдайда бұл үдеріс айван жүрсе, зауыт жаңдайында аэрация арқылы 2-3 күнде аяқталады. Ал қалдықтарға азық-түлікке жататын компоненттер аз болса үдерістің жүру жылдамдығы күргөтіледі.

Тұрмыстық қоқысты қайта өндөу үшін магниттік сепарация әдісі де қолданылып келеді.

Откізгіштігі жоғары магниттер параметрлерінде заттарды бөле алады, параметрлерінде қасиет барлық органикалық заттарға тән. Сонымен қатар қуатты магнитті оріс бактериялардың қолтеген түрін де жояды.

Токио галымдары қоқыс балқытатын пеш жасаган. Алдын-ала сортталған күрамында полимерлі материалдар, консерві банкілері және айнек сыйықтары бар қоспа пешті балқытылады, осының нәтижесінде қоспа көлемі 40 есеге дейін ықшамдалинады. Балқытылған массаны тас жолдарын салуға, қыйыршық тастын орнына қолдануға болады.

Сондықтан жылдары қатты тұрмыстық қалдықтарды өндесуге барлық елдерде назар аударылып келе жатыр. Ең көп қалдықтардың өндөйтін слідін бірі Австрия, олар КГК-ны 63 %-н іске жаратып отырады. Қолтеген мемлекеттерде өндөлеттін КТК мөлшері 50 % шамасында, ал Ұлыбританияда өндөуден өтетін қалдықтар мөлшері 39 %-дан аспалғанына байланысты осы уақытқа дейін ондық мемлекеттер қатарына кіре алмай келе жатыр.

КТК өндесу мәселесіне қазіргі шақта ТМД сілдерімен қатар Қазақстан да ерекше мән беріп, қолтеген қалдықтарды өндөуге бағытталған зауыттар іске қосылған және де барлық аймақтарда жана зауыттар салу қолға алынған. Мысалы, Алматы, Астана және Жанаөзен қалаларындағы зауыттардың өнімділігі 50 м³/жылина.

Тапсырма 5.1. Коммуналдық қалдықтардың көлемін, массасын, тығыздығын анықтау. Бір контейнерде жинақталған қалдықтың көлемі (V , м³) томенде формуламен анықталынады:

$$V = h \cdot S$$

бұл жерде:

h – контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтың биіктігі, м;

S – контейнер түбінің аудалы, м²;

Егерде контейнерлер саны бірден көп болса онда жалпы жинақталған қалдықтың көлемі (V_k) келесі тәндеумен есептелінеді:

$$V_k = V_1 + V_2 + V_3 + \dots + V_n$$

бұл жерде:

$V_1, V_2, V_3, \dots, V_n$ – ер контейнердегі қалдықтар көлемін сипаттайтын.

Ал контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтың массасы (m , кг) төменгі формула комегімен анықталады:

$$m = m_i - m_0$$

бұл жерде:

m_i – қалдықтар тиелген контейнердін массасы, кг;

m_0 – қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

Жинақталған барлық контейнерлердегі қалдықтардың жалпы массасын (m_k , кг) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_k = m_{i1} + m_{i2} + m_{i3} \dots + m_{in}$$

Бұл жерде:

$m_{i1}, m_{i2}, m_{i3} \dots m_{in}$ – контейнерлердегі коммуналдық қалдықтардың массасы.

Коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтауга (ρ , кг/м³) қолданылатын формула:

$$\rho = m / V,$$

Бұл жерде:

m және V – есептік бірлікті тиесінше коммуналдық қалдықтардың массасы мен қолемі.

5.6 Биогаз

Сонғы жылдары халықтың шаруашылық және тұрмыстық қажеттерін қанағаттандыру үшін энергия көздерінің (көмір, мұнай, газ) жетіспеуіне қарай оларға тенденс алмастырыш іздестірілуде. Осы энергетикалық дағдарысқа байланысты сонғы кезде органикалық қалдықтардан отын есебінде қолдануға болатын биогаз алуға үлкен үміт арттыруда.

Биогаз дегеніміз органикалық қалдықтардың (коң, сабан, арам шептер, ағаш ұнтағы, т. б.) немесе басқа да тұрмыстық органикалық қалдықтардың ыдырау үдерістерінде пайда болатын газдардың қосындылары. Биогаздың орташа құрамы: метан – 55-60%, көмірқышыл газы – 35-40%, азот, сутек, оттек, құқыртті сутек қосындылары да болады. Өнеркәсіптік биогаз алу әдістері XIX ғасырдың аяғынан белгілі. Дүние жүзіндегі қазіргі шакта биогаз алу үшін 8 млн. қондырғы жұмыс істеді. Биогазды қант және сүт зауыттарынан, мал шаруашылығының сүйінкі қалдықтарынан алады жолға қою тиімді келеді.

Биогаз алу үдерісі екі сатылы анаэробты жағдайда, яғни ауасыз жүргізіледі. Бірінші сатыда қышқыл түзуші бактериялар арқылы курделі органикалық заттектер (қалдықтарда бар белоктар, майлар мен көмірсулары) арналып биореакторларда майлы қышқылдарға, спирттерге, сутекке, көміртек оксидіне және тағы да басқа бірқатар жай заттектерге дейін ыдыратылады. Екінші сатыда метан түзуші бактериялар қолданылып, бірінші сатыда түзілген қосындылардан метан, көміртек диоксиді мен шамалы мөлшерде басқа қосындылар алынады. Осы үдерістердің нәтижесінде бөлінген энергия жылу энергиясына ауыстырылып субстратты жылтытуға қолданылады.

Биогаз алу үдерістерін зерттей отырып көп елдердің (АҚШ, Франция, Жапония) галымдары бактериялардың метандық және басқа түрлерін алу әдістерін жасады; кейбір фирмалар осы микроагзаларды сатумен айналасуда. Осы жасанды бактерияларды қолдану жолы ашыту мен биогаз алу үдерістерін жылдамдатады, алынған биогаз фермаларда суды жылтытуға, АҚШ-та, Қытайда, Бразилияда, Индияда, Жапонияда тамак пісіруге қолданылады. Биогаз алуды алғашқы рет жолға қойған Румыния мемлекеті, оларда биогаз алатын зауыт 1982 жылдан бастап істеп келе жатыр. Қытай елінде қажетті биогаз қолеміне байланысты әртүрлі пішінді қондырғылар жасалып, басқа елдерді де сұраныс бойынша қамтамасыздандыруда.

Ресейде де биогаз алу әдісі жасалып, ол Воронеж облысында ірі шошқа есіретін фермаларда қолданылып келе жатыр. Басқа жануарлардың көндерінен биогаз 1,5 есе көп алынады. Бұл елде биогаз алуға арналған қондырғыларды жасау жолға қойылған.

Биогаз алғанда биомассаны ашытуды бейтаранты ортада (қышқылданбау үшін әк тас қолданылады) +40 °C ... +60 °C аралығында суды өткізбейтін ыдыстарда жүргізіледі. Ыдыстардың қолемі 6-12 м³. биогаздың шығу өнімділігі тәулігіне 0,15 м³/м³. Найдаланылатын қалдықтардың құрамында көмірсулар массасы көп, ал азот аз болуы (C : N = 30 : 1) керек. Егерде азоттың мөлшері көп болса, аммиак түзіліп, метандық бактериялардың есүін тегжейді. Үдеріс нәтижесінде биогаздың

түзілуі токтайды. Сондыктан азоты кеп биомассаға (шошқалардың сұйық қалдықтары, бұршақ дақылдарының қалдықтары) көмірсүтектерді (майдаланған сабан, қант қурагының сығындысы, қант қызылшасының қалдықтары) қосады.

Тапсырма 5.2. Қатты тұрмыстық қалдықтардан(КТК) болінетін биогаз мөлшерін есептеу.

КТК полигонын жобалаганда қалдықтардың құрамындағы органикалық заттердердің анаэробты жолмен ыдырауына ерекше назар аудару қажет, себебі осы үдерістің нәтижесінде биогаз болінетін айқын, сондыктан оны қәдеге жарату жолын қарастыру етсі манызды мәселелердің бірі болып саналады.

Биогаздың орта есептен 40..60 % метан, 30..45 % көміртек диоксиді, 5..10 % азот, күкіртті сутек, оттек, кеміртек және басқа газдар қурайды. Биогаздың жылу шығару мүмкіндігі - 18..25 МДж/м³.

КТК 1 тоннасы анаэробтық жолмен ыдырағанда болінетін биогаздың көлемін (V) төмөндегі формуламен анықтауга болады:

$$V = P_{\text{КТК}} \cdot K_{x,0} \cdot (1-Z) \cdot K_p, \text{ м}^3,$$

бұл жерде:

P_{КТК} – полигонда жинақталған КТК жалпы массасы, кг;

K_{x,0} – қалдықтардың 1 тоннасындағы жөнділ ыдырайтын органикалық заттердердің массалық үлесі (K_{x,0} = 0,5..0,7);

Z – органикалық заттың құлділігі (Z = 0,2..0,3);

K_p – есепті кезеңдегі органикалық заттың анаэробты ыдырау деңгейінің барынша мүмкіндігі (K_p = 0,4..0,5).

Күтпеген жағдайды есепке ала отырын, биогазды жинақтау жүйесін пайдаланудың барлық кезеңдегі қатты тұрмыстық қалдықтардың 1 тоннасынан жинақтауга мүмкін биогаздың үлес көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V = V_c \cdot K_c \cdot K,$$

мұндағы:

V – КТК 1 тоннасынан жинақтауга мүмкін болатын биогаздың көлемі, м³;

K_c – биогаз жинақтау жүйесі тиімділігінің коэффициенті (K_c = 0,5);

K – күтпеген жағдайға арналған түзету коэффициенті (K = 0,65..0,70).

Есептегу кезінде мынадай өлшемдерді ескеру қажет:

- биогаздың анаэробты ыдырауы кезінде КТК құлділ ыдыратылған 1 г затынан алынған 1 г биогаз, биогаздың салмақтық мөлшері;

- биогаздың көлемді массасы – 1 кг/м³,

- биогаздың жылу шығару мүмкіндігі – 5000 ккал/м³ (~21 МДж/м³).

6 ТАРАУ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ (ФИЗИКАЛЫҚ) ЛАСТАНУ

Коршаған ортага тасталатын шығарындылардың ішінде энергетикалық шығарындылардың алатын орны ерекше. Өнеркәсіптік аймактардың, қаланың, үйдегі жағдайтын және табиғи аймактардың энергетикалық ластануына себеп болатын негізгі көздерге өнеркәсіптік кәсіпорындар, энергетика саласының нысандары, байланыс және көлік жүйелері жатады.

Шу, діріл, магнит орістері және басқа физикалық әсерлер шартты түрде адамды коршаған органдың акустикалық ластануына әкеледі. Бірінші кезекте акустикалық ластанудың әсер тигізетін нысаны болып адам және оның денсаулығы саналады.

Адамзат барлық уақытта дыбыс пен шу дүниесінде өмір сүріп келе жатыр. Адам құлағы қабылдайтын сыртқы органдың механикалық теңселуін дыбыс деп атайды. Естілетін дыбыс 16 Гц – 20 Гц, инфрадыбыс – 16 Гц-тен төмен, ультрадыбыс – 21 кГц – 1 ГГц. Инфрадыбыс пен ультрадыбыс адамның құлағы қабылдамайтын дыбыстарға жатады.

Ультрадыбыстың жиілік диапазоны – төменгі жиілікті (20-100 кГц) және жоғары жиілікті (100 кГц-1000 МГц) болып бөлінеді. Ультрадыбыстарды газдар сүйкіткістармен салыстырғанда бірнеше есе жақсы сініре алады. Мысалы, ауада ультрадыбыстың сіну көзфициенті сумен салыстырғанда 1000 есе жоғары. Ультрадыбыс өнеркәсіппе тексеру-олшеу (дефектоскопия, мұржалар қабырғаларының калындығын анықтауга және т. б.) мақсатында колданылады, сонымен катар әртүрлі технологиялық үдерістердің жүргізуге және күшетуге (болшектерді тазалауға, пісіруге, дәнекерлеуге, үгітуге және т. б.). Ультрадыбыс диффузия үдерістерін, ерітуді және химиялық реакцияларды жылдамдатуға да пайдаланылады.

Ультрадыбыстың басқа дыбыстар сиякты адам организміне тигізетін зиянды әсері бар. Ол нерв жүйесінің бұзылуына, тамырдағы қысым мөлшерінің, каннан күрамы мен қасиетінің

озгеруіне себебін тигізеді. Ультрадыбыс ауа, немесе сұйық және қатты орта арқылы өтеді. Адам организміне түйіскен байланыс арқылы өткен ультрадыбыс етсі кауіпті келеді.

Катты үздіксіз дыбыстарды шу дейлі. Шу адамзаттың өмір серігі. Денгейіне карай шу адамға қолайлы және қолайсыз әсер тигізеді. Мысалы, табиги наэік шулар – жапырақтардың сывлдыры, өзен ағысының дыбысы, құстар әні, т.б. адамға қолайлы әсерін тигізеді, нерв жүйесінің ауруларын емдеуге колданылады. Ал қатты шулардың пайда болуы адамдардың есту қабілеттерінің төмендеуіне және әр түрлі нерв жүйе ауруларының көбеюіне себеп болады. Ұзакқа созылған катты шулар жүректің, бауырдың жұмыс істеу қабілеттерін бұзады және нерв клеткаларын тоздырады. Нервтік жүйе клеткаларының әлсіреуіне байланысты бүкіл ағзаның жұмыс істеу қабілеті төмендет, әртүрлі патологиялық взгерістер орын алады. Катты шулар тек адамдарға ғана емес осімдіктер мен жануарлар әлеміне де қолайсыз әсерін тигізеді. Мысалы, шулы көшелерге жақын жерден үя салған құстардың қанында холестерин мөлшері, тыныш жерде үясы бар құстардің анағұрлым жоғары болатынын биологтар талай рет тәжрибе түрінде дәлелдей жүрг.

Әр түрлі механикалық, аэродинамикалық және электр магниттік құбылыстар шудың пайда болуына себеп. Машиналар мен механизмдер жұмыс істегендегі олардың бөлшектері бір-біріне соғылысу мен қажалудың арқасында және өндірістерде колданылатын соғылу үдерістерінің (штамптау, темір соғу) нәтижесінде шудың механикалық түрі орын алады. Аэродинамикалық және гидродинамикалық шулар газдар мен сұйыктар акқанда пайда болады. Ал электр магниттік шулар әр түрлі электрлік қондырылыштардың жұмыс істегендегі жарыса кабаттаса шығады.

Шу деңгейі дыбыстық қысыммен өлшенеді, өлшем бірлігі децибел (дБ). Шу әсерінің шекті рауалы деңгейі децибелмен белгіленеді. Шудың мөлшері 20-30 дБ-ге дейін болса ол адам ағзасынан зиянның тигізбейді. 130 дБ шамасындағы шу адамға қолайсыз әсер өтеді. Шу 150 дБ асса, оны адам ағзасы котере

алмайды. Шудын шектік деңгейі 80 дБ. Кейбір шектік рауалы шу деңгейлері 6.1-ші кестеде берілген.

К е с т е 6.1. Эртүрлі мақсаттагы жерлерге белгілі рауалы деңгейлер

Жер	Шудың рауалы деңгейлері, дБА*	
	Тұн	Күн
Елді мекендердің коныс орналасқан жерлері	45	60
Көпшілік дем алатын жерлер	35	50
Ауыл шаруашылығына бағытталған жерлер	45	50
Корыттар мен заказниктер	30-ға дейін	35-ке дейін

* Шуаңшегіш А шкаласымен өлшенген шу деңгейі дБА өлшем бірлігімен беріледі.

Өте қатты шу (100 дБ жоғары) есірткі секілді әсер етіп, адам масаяды. Қазіргі кездегі электр музықага елігушіліктің бір себебі болып осы шуылдан масаю саналады, оның шуы ауырсындыратын шектен асып, 130 дБ-ге дейін жетеді. Тұнға уақыттагы 30-40 дБА деңгейіндегі шу адамды қатты мазалайтын факторға жатады.

Әр кезден шығатын шу деңгейі әр түрлі: жапырак сылдыры мен тыныш жағдайдың теңіз толқынының шартыны 20 дБ, ақырын баяу сөйлескенде 40-45 дБ, қатты сөйлегендеге 60-70 дБ, шансорғыштікі 70-80 дБ, коңырау сағаттікі (1 м-ге дейін) 80-95 дБ, мотоцикл, автокөлік және басқа көліктердікі 80-100 дБ, өндірістегі зат үтітін агрегаттікі 100 дБ, күн күркірегендеге 130 дБ, реактивті ұшактікі 150 дБ үстінде, космостық ракеталардікі 175 дБ шамасында. Қаладағы тіршілікте шудың негізгі кезі – автокөлік болып табылады.

Қазіргі кезде барлық үлкен қалаларда шу деңгейі жоғарылай түсude. Дүние жүзінде ен шулы калага Рио-де-Жанейро жатады.

Оның көптеген аудандарында шу мөлшері 80 дБ үстінде. Шулы қалалар қатарына Египет астанасы Каир да (12 млн. адамы бар, яғни бұл бүкіл Египетте тұратын халықтың 1/4 бөлігі) кіреді. Оның негізгі кешелерінде шу күші кейбір кезде 100 дБ-ге дейін жетіп қалады.

Әр адамның шуды қабылдау қабілеті әр түрлі, ол олардың жасына, өткір мінезділігіне, деңсаулығына, коршаған жағдайына байланысты. Күннен күнгө техниканың дамуына байланысты күшті шу көздері көбейіп, адамды үйде де, өндіріс мекемелерінде де жиі мазалауда. Сондықтан шу мәселесі шешуді қажет ететін маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. У сиякты шу әсері адамға белгілі бір із қалдырады.

Өндірістік шудан қорғану үшін шусыз технологиялық үдерістерді, шусыз көлік пен құралдарды пайдалану, шуды азайттын арнаулы асфальттан жол қантамасын жасау, құрылыштарда дыбыс сініргіш материалдарды колдану, жасыл желек жолақтарын өсіру, шулы өндірістерді елді мекендерден сыртқа қарай шыгару, шуға қарсы арнаулы экрандар құрастыру қажет.

Шуды азайтуға колданылатын ең тиімді әдіс - шу шыгаратын көздің (қондырығыларда, машиналарда, агрегатта және т.б.) тіkelей өзінде оның күшін төмендету. Шу күшінің деңгейі (L_p) келесі формула мен есептелінеді:

$$L_p = 10 \lg P/P_0$$

бұл жерде:

P – шудың күші, Вт;

P_0 - шектік шу күші, ол 10^{-12} Вт тен;

L_p - шу күшінің деңгейі, дБ.

Шудың механикалық түрін мынадай жолдармен: машиналар мен механизмдердің конструкцияларын жақсарту, металдан жасаған бөлшектерді пластмассага ауыстыру, соғылу үдерісіне бағытталған технологияларды соғыспайтын түрлерге (мысалы, штамптауды - престеуге, шетелеуді - пісіруге және т.с.)

сініру әдістерді инфрадыбысқа қолдану өте тиімсіз келеді. Ең тиімді ұтымды жол - дыбыс шығатын көзben күресу.

6.2-ші кестеде іс-жүзінде құрылышта жиі қолданылатын шуды сініретін кейбір материалдар туралы сипаттама көлтірлген.

Кесте 6.2. Дыбыс сініргіш қабілеттілік пен материалдар қасиетінің арасындағы байланыс

Шу сініргіш материалдан жасалатын қорғандар	Қалындығы, мм	Шу сініргіш қабілеттіліктің орташа магынасы, дБ
Бетон және темірбетон	50	44
Бетон және темірбетон	100	47
1 кірпіштен жасалған кірпіштік калау	250	43
1,5 кірпіштен жасалған кірпіштік калау	380	49
Екі тектадан жасалған гипсті шымылдық	80	44
Арасында 60 см аяға аралығы бар гипсті шымылдықтар	80	49
Темірбетон блоктарынан жасалған шымылдық	9	42
Болат табагы	0,7	25
Болат табагы	2	33
Сыланған ағаш кабырға	40	32
Шыны	4	28

Діріл – ортаның физикалық ластануының бір түрі. Ол айнымалы қысымның механикалық көзінен берілу нәтижесінде пайда болатын жілілік ауқымы кен күрделі тербелмелі үдеріс.

Адамға әсер ету жолына байланысты діріл екі түрге бөлінеді:

- жалпы, ол отырған немесе түрегеп тұрған адамның денесіне салмақ түскен жер арқылы берілетін;
- локалды (жергілікті), түрегел тұрған адамның қолы немесе аяғы арқылы денеге өтетін.


Діріл биологиялық активтігі жогары факторлардың бірі.

Шуылмен ластану сияқты діріл децибелмен, немесе діріл жылдамдығымен (m/s), діріл шапшаңдату шамасымен (m/s) өлшенеді. Дірілдің амплитудасы мен жиілігінің маңызы зор. Себебі 6-7 Гц тен резонанстық жиілік адамның жанына бататын етіп ақсазаны мен басына әсерін тигізді. Жиілігі төмен діріл адам организмінде жүретін алмасу процестерін: көмірсуларының алмасуын, каннның биохимиялық көрсеткіштерін өзгертеді, бұл белоктық, ферментативтік, сонымен қатар витаминдік пен холестериндік алмасуды бұзады.

Жұмыс барысында ұзак уақыт дірілдің әсерінде болған адам әр түрлі кәсіптік ауруға ұшырайды, мысалы, ақсазанның жаралы кеселіне, психикалық және нерв жүйесі ауруына, гипертония, діріл ауруына шалдықтырады. Кәсіптік аурулардың ішінде діріл ауруының алатын орны ерекше, осы аурумен жиі ауыратындар машина жасау, металлургия, құрылыш, тау-кен өнеркасітерінде, көлік саласында және ауыл шаруашылығында істейтін жұмысшылар.

6.1-ші суретте діріл көзінің әсері мен одан адам ағзасындағы орын алатын өзгерістер көлтірлген.

Діріл жиілігі 16-20 Гц шамасында болғанда діріл ауруы пайда болатын жағдай туады. Діріл жылдамдығының кабылданатын мөлшері 10-4 m/s деңгейінде, ал 1 m/s ауру сезіле бастайды. Діріл ұзак уақыт әсер еткенде гимарат, техника бұзылуы мүмкін.



Сурет 6.1 - Дірілдің ағзага тигізетін әсері

Табиғи коршаган ортаға қолайсыз әсер ететін факторға жылулық ластануды да жатқызуға болады. Жылулық ластану дегеніміз коршаган ортаға жылу-энергетика кешендерінен, мұнай өндіру саласында косалқы газдарды жаққанда бөлінген, мұнай-химия кәсіпорындарының газ алауларынан және т.б. адамзаттың шаруашылық әрекеттерінен болініп шықкан жылумен ауаның, судың, топырақтың жылынуы.

Жылулық ластанудың нәтижесінде кала орталығының температурасы оның шет аймақтарына қараганда белгілі дәрежеде жогары болады. Кейбір аймақтарда ауа температурасының артуы мен ылғалдануы тұманның, аймақтық

бұлттың және жергілікті жауын-шашиның пайда болуына апарып соктырады. Су қоймаларындағы температура жылулық калдықтар арқасында көтерілсе, көптеген су ағзалары өзінін осуін, азықтануын және көбеюін тоқтатады, сонымен жұтандану басталады, осы қолайсыз жағдаймен катар, суда жаппай ғүлдену басталып, гидротехникалық ғимараттарды балдырлар қаптап басып кетеді.

Жылулық ластану қолайсыз әсер тигізбеу үшін осы факторды нормалау қажет. Балық шаруашылығына бағытталған су қоймаларының температурасы табиғи жазғы судың температурасынан 5°C артық көтерілмеуі тиіс. Ал шаруашылық-ауыз суға және мәдени-тұрмыстық жағдайға қолданылатын су нысандарына өндірістен шыққан жылы суларды араластырганда олардың суының температурасы 10 жыл ішінде ен ыстық айларда болған температурадан 3 °C-ден артық көтерілмесуі қажет.

Тап осылай нормалау проблемасын шешуді жақсы жолдың бірі деп санауга болмайды. Тиімді жол деп суды қайтарып қолдануды, яғни тұйық циклды пайдалануды айтуда болады.

Тапсырма 6.1. Бөлмедегі немесе жұмыс орнындағы шу деңгейін анықтау.

а) Белгілі бір бөлмеде шу шыгаратын екі бірдей ластағыш көзі бар, яғни қондырығы бар дейік. Олар өшіріліп тұрғанда коршаган ортадағы, яғни болмедегі шу деңгейі $L_n = 60$ дБА шамасында. Егерде екесінде қоссақ бөлмедегі шу деңгейі $L_s = 65$ дБА дейін көтеріледі. Ал екесінің біреуін ғана қоссақ шу деңгейі L_x неше дБА тен болатынын есептеу арқылы табу қажет?

Есептеу.

$$L_{\Sigma} = 10 \lg(10^{0,1L_n} + 2 \cdot 10^{0,1L_s}) = 10 \lg(10^{0,1 \cdot 60} + 2 \cdot 10^{0,1 \cdot 65}) = 10 \lg(10^6 + 2 \cdot 10^{0,1L_s}) = 65.$$

Бұл жерде $L_Z = 10 \lg(10^{0.1Lz}) = 10 \lg(10^{0.1 \cdot 65})$ есекере

$$\text{отырып табамыз } 10 + 2 \cdot 10^{0.1Lx} = 10^{6.5}$$

Сонда бір көзден шығатын шу деңгейі төмендегі қатынаспен табылады:

$$L_x = 60 + 10 \lg(10^{0.5} - 1)/2 \approx 60 \text{ дБА.}$$

Сонымен бөлменің өзін шу шығаратын үшінші кез ретінде қарастырасқ, онда шу деңгейін бір деңгейде шығаратын үш көз болады.

Егерде тек бөлмедегі бір ғана шу шығаратын көзді қоссак, бөлмедегі шудың жалпы деңгейі төмендегідей болады, яғни 63 дБА.

$$L_{\Sigma} = 60 + 10 \lg 2 \approx 63 \text{ дБА.}$$

б) Цехта шу шығаратын 3 көз бар, екі көздің әркайсыынан 60 дБА-ден, ал үшіншіден 85 дБА деңгейінде шу коршаган ортага таралады. Осы үш көз бірден жұмыс істегендеге цехта орын алатын шу деңгейі қандай мөлшерде екенін анықтау қажет (сыртта болатын шу ескерілмесе).

Есептеу. Жалпы шу деңгейі төменгі формуламен есептелінеді:

$$L_{\Sigma} = 10 \lg \sum_{i=1}^3 10^{0.1L_i} = 10 \lg(2 \cdot 10^{0.1 \cdot 60} + 10^{0.1 \cdot 85}) = 60 + 25 = 85 \text{ дБА.}$$

в) Шудың қарқындылығы қалқаның (қабырганың) бір жағында (I_1) $0,1 \text{ Вт}/\text{м}^2$, ал оның екінші жағында қарқындылық (I_2) $0,01 \text{ Вт}/\text{м}^2$ құрайды. Осыны ескере отырып, қалқаның дыбыс бәсендетуілігін (R) табу қажет.

Есептеуге колданылатын формула:

$$R = 10 \lg(1/\tau) = 10 \lg(I_1/I_2),$$

оған мағыналарды қойсақ

$$R = 10 \lg(0,1/0,01) = 10 \text{ дБ.}$$

Тапсырма 6.2. Нұктелі ластағыш көзден 100 м-дей алшақтықта орналасқан «S-баяу» сипаттықтағы шуөлшегішпен өлшенген шу деңгейі 80 дБА құрады. Егерде шуөлшегішті ластағыш көзден 10 м-дей алшақтықта орналастырасқ қондырығы қандай магынаны көрсетеді және осы жағдайда шуөлшегіштің жаңындағы операторға қауіптілік туа ма?

Есептеу. Шумен ластайтын кез нұктелі болғандықтан, таралатын дыбыс толқынын сфералық деп санауга болады. Бұл жағдайда R_1 алшақтықтағы дыбыс қарқындылығының R_2 алшақтықтағы дыбыс қарқындылығына қатынасы сфералардың аймақтар көлеміндерінің көріс қатынастарына сәйкес болады, яғни

$$\frac{R_{10}}{R_{100}} = \frac{R_{100}}{R_{10}} - 100.$$

Осыған орай, 10 м алшақтықта шу деңгейі 100 м алшақтықтағы жерден 20 дБА жоғары келеді, ол төмендегі формуламен анықталады:

$$\Delta L = 10 \lg(100) = 20 \text{ дБА}$$

нақты көрсеткенде шу деңгейі

$$L_{10} = 80 + 20 = 100 \text{ дБА құрайды.}$$

Шу тұракты түрде болмаган кезде жұмыс орынындағы шу мөлшері 110 дБА аспауы қажет, сондыктан жеке қорғаныс құралдарын пайдаланса оператор қондырығының жаңында бола алады.

Тапсырма 6.3. Өндіріс бөлмесінде станок орналасқа жұмыс орнында орта геометриялық жиілілік мағынасы 500 Гц-тік оқтавтық жиілілік жолағында болатын шу қысымының деңгейін табу кажет.

Орта геометриялық жиілілік мағынасы 500 Гц-тік оқтавтық жиілілік жолағында станоктың шулық қуаттылық деңгейі 105 дБ құрайды. Шу көзі мен есептеу жүргізетін нүктесі аралығы $r = 5$ м. Бөлменің көлемі: $a = 20$ м, $b = 5$ м, $c = 5$ м.

Алған шу қысымының деңгейін ГОСТ 12.1.003-83 сәйкес өндірістік бөлмелердегі тұракты жұмыс орнына және жұмыс зонасына рұқсат етілген шамамен салыстырып, шуды қандай мөшерге дейін төмендегу кажет екенін анықтау.

Есептеу. Бөлме көлемін ескере отырып B_{1000} – табылады. Ол 1000 Гц орта геометриялық жиіліліктегі бөлменің көлеміне және оның пішініне тәуелді келеді. Сондайтан оны есептеу келесі формуламен жүргізіледі:

$$B_{1000} = V / 20 = a \cdot b \cdot c / 20 = 500 / 20 = 25 \text{ м}^2.$$

500 Гц-тегі жиілілікте бөлме тұрактылығы V жиілілік көбейткіш $\mu = 0,75$ пайдалану арқылы анықталады.

$$B_{500} = B_{1000} \cdot 0,75 = 18,75 \text{ м}^2.$$

Төмендегі формула арқылы бөлмедегі шу есептелінеді:

$$L_{\text{бөлме}} = L_p + 10 \lg (\chi \omega / \Omega r^2 + 4\Psi / V_{\text{бөлме}}),$$

бұл жерде:

χ – бөлме көлемін есепке алатын коэффициент;

ω – дыбыс бағытының факторы (бағытсыз көздер үшін $\omega = 1$);

Ω – дыбыс таралатын көністіктегі бұрыш ($\Omega = 2\pi$);

r – шу көзі мен есептеу нүктеге дейнгі алаштық, м;

Ψ – бөлмедегі дыбыс өрісін ескеретін коэффициент;

$V_{\text{бөлме}}$ – бөлменің акустикалық тұрактылығы, м^2 .

Бөлмедегі шу бағытының факторын және дыбыс өрісіндегі акустика диффузиясын есепке алмасақ ($\Phi=1, \chi=1, \psi=1$), онда бөлмедегі шу мөшері

$$L = 105 + 10 \lg \left(\frac{1}{2\pi r^2} + \frac{4}{18,5} \right) = 98,4 \text{ дБ}$$

тен болады. ГОСТ 12.1.003-83 сәйкес біздің жағдайда 500 Гц жиілілікте рұқсат ететін дыбыс қысымы 83 дБ құрайды, осыған орай төмендегу тиісті шу мөшері $\Delta L = 15,4$ дБ болады.

Алаштығы $r = 5$ м жерде нүктелі көздің ортасынан шығатын жалпы дыбыс қысымын табу. Көз бос көністіктегі орналасқан (жер бетінен белгілі бір биіктікте орналасқан).

Оқтавтық жиілік жолағында көзден шығатын дыбыс қуаттылығының шамасы төменгі 6.2-ші кестеде көлтірілген.

Кесте 6.2 Өртүрлі жиіліліктегі дыбыс мөшері

$f, \text{Гц}$	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L, \text{дБ}$	87	90	92	91	87	82	80

Есептеу: Шу шыгаратын көз бос көністіктегі орналасқанына карай, одан шыққан дыбыстың көністіктегі бұрышы $\Omega = 4\pi$. Көз 50 м-ден жақын жерде орналасқасын дыбыстың ауда сінірілу коэффициенті β назарға алынбайды.

Сонымен катар көз нүктелі болғандықтан, дыбыс бағытының факторы да қарастырылмайды ($\Phi = 1$). Назарға алған есептеу нүктесіндегі 125 Гц жиілігіндегі дыбыс қысымының деңгейі төменде көлтірілген формуланын көмегімен айқындалады:

$$L_p = L + 10 \{g\Phi - 10 \lg(\Omega) - 20 \lg(r) - \beta r / 1000\} = 87 + 10 * 0 - 10 \lg(4\pi) - 20 \lg(5) = 87 - 10 * 1,1 - 20 * 0,7 = 62 \text{ дБ.}$$

Осыған үксас жолмен басқада жиіліктегі дыбыс қысымын есептеп анықтауға болады. Қорытындылай келе есептеуге алынған нұктедегі шу деңгейлері, яғни шу спектрі төмөндегі кестеде көтірілген.

Кесте 6.3. Әртүрлі жиіліктегі дыбыс мөлшері

$f, \text{Гц}$	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L_p, \text{дБ}$	62	65	67	66	62	57	55

Сонымен әр түрлі жиіліктегі таза п-сандық үндердің жалпы қосынды дыбыс қысымы келесі формуламен табылады:

$$L_{p\Sigma} = 10 \lg(10^{0,11\rho_{125}} + 10^{0,11\rho_{250}} + 10^{0,11\rho_{500}} + \dots + 10^{0,11\rho_{8000}}) =$$

$$= 10 \lg(10^{6,2} + 10^{6,7} + 10^{6,6} + 10^{6,2} + 10^{5,7} + 10^{5,5}) = 72,1$$

Пайдаланылған әдебиет

- Ақбасова А.Ж., Сайнova Г.Ә. Экология: Жоғары оку орындарына арналған оқу күралы. – Алматы: «Бастау» баспасы. 2003.- 292 бет.
- Ақбасова А.Д., Сайнova Г.А., Колушпаева А.Т. Ростостимулирующие и бактерицидные препараты: Монография. – Германия: LAP Lambert Academic Publishing. – 2012. – 176 р.
- Ақбасова А.Ж., Даумбеков М.С., Сайнova Г.А. Охрана почв. – Астана: Фолиант, 2008. – 296 с.
- Алексеев С.В., Груздева Н.В., Муравьев А.Г., Гущина Э.В. Практикум по экологии. – М.: АО МДС, 1996. – 192 с.
- Бродский А.К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. Оқу күралы. – Алматы: Ғылым, 1997.- 192 б.
- Голубкина Н.А., Шалина М.А. Лабораторный практикум по экологии. – М.: ФОРУМ-ИНФРА, 2004. – 56 с.
- Гринин А.С., Новиков В.Н. Промышленные и бытовые отходы: Хранение, утилизация, переработка. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2002. – 336 с.
- Инженерная экология: Учебник / Под ред. проф. В.Т. Медведева. – М.: Гардарики, 2002. – 687 с.
- Қалыбеков Т.Қ. Экология және ашық кен. – Алматы: Казакстан, 1988. -96 б.
- Қазақша-орынша түсіндірме сездік: Экология және тіршілік қауіпсіздігі / А.Ж. Ақбасова, Н.А. Ахметов, О.Ә. Исақов, т.б. – Алматы: Мектеп, 2012. – 672 б.
- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Астана, 2007.
- Қазақстан Республикасының Су кодексі. – Астана, 2003.
- Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Астана, 2003.
- Основные направления развития и размещения производительных сил Казахстана на период до 2015 года / под ред. А.Е. Есентугелова и Ж.А. Кулекеева. – Алматы: РГП Институт экономических исследований, 2002. – 656 с.

15. Очистка производственных сточных вод / Под ред. С.В. Яковлева. – М.: Стройиздат, 1985.
16. Очистка промышленных газов от пыли / В.Н. Ужов и др. – М.: Химия, 1985. – 297 с.
17. Санитарно-защитные зоны и санитарная классификация предприятий, сооружений и иных объектов. СанПиН 2.2.1/2.1.1.1200-03.
18. Санитарные нормы проектирования промышленных предприятий. – СН-245-71. – М.: Стройиздат, 1972.
19. Сборник методик по расчету выбросов в атмосферу загрязняющих веществ различными производствами. – Л.: Гидрометеоиздат, 1975. – 92 с.
20. Степановских А.С. Биологическая экология. Теория и практика: учебник для студентов вузов, обучающихся по экологическим специальностям. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. – 791 с.
21. Тарасова Н.П., Кузнецов В.А. Химия окружающей среды: атмосфера: учебное пособие для вузов. – М.: ИКЦ «Академкнига», 2007. – 228 с.
22. Тимонин А.С. Инженерно-экологический справочник. В 3т. – Калуга: Изд-во Н. Бочкаревой, 2003.
23. Усольцев Ю.А. Методические указания для практических занятий по экологии. – Курган: КГСХА, 2004. – 96 с.
24. Федорова А.И., Никольская А.Н. Практикум по экологии и охране окружающей среды. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 288 с.
25. Хромов С.П., Петросянц М.А. Метеорология и климатология. – М.: МГУ и Колос, 2004. – 582 с.
26. Черкинский С.Н. Санитарные условия спуска сточных вод в водоемы. – М.: Стройиздат, 1972. – 223 с.
27. Чернова Н.М. Лабораторный практикум по экологии. – М.: Просвещение, 1986. – 96 с.
28. Экологические проблемы стран Азии и Африки /Под ред. Д.В. Стрельцова, Р.А. Алиева. – М.: Аспект Пресс, 2012. – 271 с.
29. Юсупова Г.М. Учебно-методическое пособие по дисциплине «Основы экологии» для обучения студентов-заочников. – Алматы: Бастау, 2002. – 172 с.
30. Яблоков А.В., Юсуфов А.Г. Эволюционное учение. – М.: Высшая школа, 1998. – 336 с.
31. Яковлев С.В., Воронов Ю.В. Водоотведение и очистка сточных вод. – М.: Изд-во АСВ, 2004. – 395 с.

ТЕРМИНДЕР МЕН ТУСІНКТЕР

АҚАБА СУ – бұрын өндірісте, тұрмыста немесе ауыл шаруашылығында пайдаланылған, сондай-ақ қандай да бір лас аймак, сонын ішінде елді мекен (өнеркәсіптік, ауылшаруашылықтық, коммуналдық-тұрмыстық, нөсер, т.б. ағындылары) арқылы өткен су.

АҚАБА СУДЫҚ ТҰНБАСЫ – құрамында минерал және органикалық қатты заттері бар ақаба суды тазалау кезінде тұнатын заттектер.

АТМОСФЕРАНЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАНЫ – антропогендік факторлардың әсерінен физикалық-химиялық агенттер мен улы заттектердің атмосфера ауасында түзілуі немесе атмосфера ауасына енуі.

АНТРОПОГЕНДІК ӨНДІРІСТИК ФАКТОР (АӨФ) – тікелей өндіріс үдерісіне қатысадын қызметкердің денсаулығын ете-мote колайсыз зардантарға ұшырататын және белгілі өндіріс үдерісінің патижесінде қоршаған ортаны антропогенді езгерістерге итеретін қабілеті бар фактор.

АТМОСФЕРА – әр түрлі газ, су буы және ауа тозаны болшектерінің коспаларынан тұратын Жердің газ тәрізді қабықшасы.

АТМОСФЕРА ГАЗДАРЫ – атмосфераның құрамына кіретін газдар. Бұларға азот, оттек, аргон, неон, гелий, криpton, сутек, көмірқышқыл газы, метан, азот тотығы, көміртек тотығы, озон, т.б. жатады.

АТМОСФЕРА СУЫ – атмосфера ауасында болатын су буы немесе конденсацияның олшенген өнімдері (тамшылар, кристалдар).

АУА САПАСЫ – ауаның физикалық-химиялық және биологиялық сипаттамаларының адам мүқтаждығына және технологиялық талаптарға сәйкес келуінің дәрежесі.

АУАТЕҢК – ақаба суды органикалық ластанудан ауа кабатында болатын микроағзалармен тотықтыру арқылы

биологиялық жолмен тазартуға ариалған тармақты резервуар түріндегі жасаңды имарат.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ – үй (кейде қолға үйретілген) жануарларын (малдарды, құстарды, торда ұсталатын жануарларды, омыртқасыз жануарларды) пайдалану және екле (кейде мәдени) өсімдіктерді өсіру, коргау, өнімдерін жинау, сактау және бірінші реттік өндеу (кейде қайта ондеу) кіретін халық шаруашылығының саласы.

БАКТЕРИЯЛАР – кез келген өкіжүйенің және тұтас алғанда биосфераның өз функциясын атқаруында маңызды рөл атқаратын прокариоттық (ядросызы) микроағзалар.

БИОГАЗ – органикалық қалдықтардың (коң, сабан, арам шөптер, ағаш ұнтаны, т.б.) немесе басқа да тұрмыстық органикалық қалдықтардың ыңғырау үдерістерінде пайда болатын газдардың қосындылары (орташа құрамы метан – 55–65%, көмірқышқыл газы – 35–45%, азот, сутек, оттек, күкірті сутек қосындылары).

БИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУ – қалдықтарды биологиялық нысандар көмегімен (су өсімдіктері, белсенді тұнба, ағаш үгінділері арқылы өткізу, т.б.) залалсыздандыру.

БИОТЕХНОЛОГИЯ – 1) адамның қажеттілігіне сай қоршаған табиги ортаны езгерту әдістері мен жолдарын зерттейтін биология мен техника аралығындағы ғылыми пән әрі практика саласы; 2) биологиялық агенттер көмегімен адамға пайдалы өнімдерді алу әдістері мен шараларының жиынтығы, мыс., микроорганизмдер көмегімен азықтық белоктарды өндіру, биологиялық сүзілірмен ағындыларды тазарту және т.б. Биотехнология текік клеткалық және экологиялық инженерия, сондай-ақ қолданбалы (инженерлік) биология болып белінеді.

ВИРУСТАР – белгілі бір тірі клеткаларға кіруге және бұл клеткалардың ішінде көбейуге қабілетті тіршілікін клеткасын түрі.

ГИДРОСФЕРА – Жер шарының сулы аудандарының жиынтығы. Гидросфераға мұхиттар, теңіздер, өзендер, тоғандар, ми батпақ, тонырактағы, жер астындағы және атмосфералық ауадағы сулар кіреді.

ГИДРОСФЕРАНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ТАЗАЛАНЫ – табиғи физикалық, химиялық және биологиялық үдерістердің нәтижесінде гидросферадағы ластағыштардың табиғи түрде ыдырауы.

ДІРІЛ – ортандың физикалық ластануының бір түрі. Ол айнымалы қысымның механикалық көзінен шығу нәтижесінде пайда болатын жүлік ауқымы кең күрделі тербелмелі үдеріс. Діріл биологиялық белсенділігі жоғары факторлардың бірі. Діріл децибелмен немесе діріл жылдамдығымен ($\text{м}/\text{с}$), шашшандату шамасымен ($\text{м}/\text{с}^2$) елшенеді.

ЕКІНШІ РЕТТЕК ЛАСТАНУ – тікелей ортада физикалық-химиялық үдерістер барысында қауіпті ластағыштардың пайда болуы (синтезделуі).

ЖЫЛУУЛЫҚ ЛАСТАНУ – жылу-энергетика кешендерінен, мұнай өндіру саласында қосалқы газдың жашуынан, мұнай-химия кәсіпорындарының газ алауларынан және т.б. қоршаған ортаға жылу берілуінен судың, ауаның және топырақтың жылынуы.

ЗИЯНДЫ ЗАТТЕК – 1) адам ағзасына енгенде өндірістік жарақатқа, кәсіптік ауруға немесе денсаулық жағдайын кінәрагтауға душар етуі мүмкін химиялық қосылыс; 2) адам ағзасының өсуінде, дамуында не жай-күйінде кінәрат туғызатын, сондай-ақ бұл корсеткіштерге уақыт ете келе, соның ішінде үрпактары тізбегінде ықпалы болуы мүмкін химиялық заттек.

КАНАЛИЗАЦИЯ – қар, жаңбыр және ақаба суларды жинақталған жерінен сорып алуды және оны елді мекенінен тыскары шыгаруды қамтамасыз ететін инженерлік имараттардың, құрал-жабдықтар мен санитарлық іс-шаралардың кешені. Әдетте, суқабылдағышқа төгер алдында суды залалсыздандыру және тазалау жүйесін де қамтиды.

КӨН, ҚОРДА – топырак күрілімын жақсартатын және ондағы қарашірік корын сақтауга мүмкіндік беретін жануарлардың інじсі, негізгі органикалық тынайтқыш.

КӨШЕТХАНА ГАЗЫ – күн сәулесін өткізу, жер бетінен жылулық ұзын толқынды сәуле шығаруға кедегі көлтіретін газдар (метан, көміртек оксидтері, азот оксидтері, озон, фреон). Атмосфераның сінірген сәулелерінің бір белгі жер бетіне кері кайтып, көшетхана эффектісін тудырып, сәуле шығарады.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗИЯНСЫЗДАНДЫРУ – өндірістік, тұрмыстық, т.б. қалдықтардың қоршаған табиғи орта мен адамның денсаулығына зиянды әсерін жою. Қалдықтарды зиянсыздандыру төрт әдіс: жағу, химиялық немесе биологиялық жолмен бейтараптау, көмү арқылы жүргізіледі.

ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР – құрамында зиянды заттектері бар, қауіпті қасиеттер (ұлылық, ортегетін және жарылатын қауіптілігі бар, жоғары радиоактивті) тән немесе жүқпалы аурулардың қоздырғыштары бар, сонымен катар өздігінен немесе басқа заттектермен қосылғанда адамның денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін қалдықтар

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИЕТИН ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ – жобаны іске асырғанда әсердің барлық потенциалды түрлерінің сипаттамасы мен қауіптілік дөрежесін алдын ала анықтау және оның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік зардалттарына баға беру; шаруашылық түрліктерінің дамыту мәселесі туралы дайындық және шешім қабылдау үшін экологиялық талаптарды ретті түрде тіркеу. Жана аумактарды менгеру, өндіріс кәсіпорындарын орналастыру, шаруашылық және азаматтық нысандарды жобалау, салу немесе қайта салу үшін қандай шаруашылық бастамасы болса да жобалау және жобалау алдындағы құжаттар дайындалғанда осы құжаттарда “Қоршаған ортанды корғау” деген белім, оның ішінде міндетті түрде “Қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау” белімшесінін болуы қажет.

ЛАСТАҒЫШ ЗАТТЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ – қоршаған ортанды ластайтын өнеркәсіптік, коммуналдық және тұрмыстық шыгарындыдагы, тогіндідегі және т.б. қалдықтардағы заттектерді бөліп алу, ондеу және шаруашылыктарда пайдалану.

ЛАСТАҒЫШТАР – коршаган ортага енгел немесе шектен тыс мөлшерде пайда болған және ортанды ластайтын кез келген физикалық агенттер, химиялық заттер немесе биологиялық түрлер (негізінен микрояздалар).

МОНИТОРИНГ – коршаган табиги орта жағдайларын антропогендік факторлардың әсерінен өзгеруін бағылау, бағалау, болжаяу жүйесі.

НОРМА – 1) заңдастырылған нұсқама, бір деңгениң міндетті деп танылған реті, күрылсы; 2) бір деңгениң тағайындалған елшемі, оргаша шамасы.

ОРТАНЫҢ АБИОТАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ – тірі ағзаларға тікелей немесе жанама әсер ететін өлі, бейорганикалық табиғаттың құбылыстары мен құрамды бөліктері.

ӨЗДІГІНЕН ТАЗАРУ – табиғатта үздіксіз жүретін физикалық, химиялық және биологиялық үдерістердің нағайесінде ортадағы (аудағы топырактагы және т.б.) ластағыштардың адамның катынауысыз ыдырауы.

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫ – бұйым немесе өнім алу үдерісінде шылкан және жартылай немесе түгелмен озінің баставпқы сапасын жоғалтқан шикізаттың, материалдардың, шала бұйымдардың қалдықтары.

ӨНДІРІСТІК ШУ – өндірістік жайдағы жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерден шығатын шу.

ӨНЕРКӘСІПТІК ШЫҒАРЫНДЫ – өндірістік үдерістерден және онымен өзара катынастагы үдерістерден пайда болатын шығарынды. Оның құрамы мен массасы экологиялық норматив талаптарына сай шикізаттың сипаттына, технологияның деңгейіне, тазалау ғимаратының болуына байланысты.

ӨТЕ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР – өте улы болғандықтан қоқыстар үйіндісіне (полигонға) шығарылмайтын және қоқыс өртейтін зауытқа апарылмайтын қалдықтар. Оларды арнайы коймада сақтайды.

РАДИОАКТИВТІК ҚАЛДЫҚТАР – ядролық реактормен жұмыс кезінде және оларды өндіргенде, радиоактивтік

изотоптарды колданғанда түзілетін, будан әрі колданылмайтын радиоактивтік заттер.

РАУАЛЫ ӘСЕР – экологиялық жүйені рауалы күй атырабынан (тұрактылық атырабынан) шығармайтын әсер.

РЕСУРСТАР – адамға қажетті материалдық және рухани игіліктерді алушың кез келген көздері.

РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕЙТІН ТЕХНОЛОГИЯЛАР – отынды және энергияның басқа да көздерін (энергия үнемдейтін технология), сондай-ақ шикізатты, материалдарды, суды, ауаны, т.б. ресурстарды технологиялық мақсат үшін барынша аз тұтынып, онім өндіруді қамтамасыз ететін технологиялық операциялардың жүйелі жиынтығы.

САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ БЕЛДЕМІ – арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ елді мекендерін өнеркәсіп үйымдары мен басқа да ондірістік, коммуналдық және қойма нысандарын жақын мандағы селитебті аумактардан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін азайту мақсатында боліп тұратын аумақ.

САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАЛАУ – санитарлық-гигиеналық көзкарас негізінде (яғни, адамға лайықталған санитарлық-гигиеналық нормаларды сактау негізінде) адамды коршаган табиги ортага антропогендік әсер нормативтерін және коршаган орта сапасының нормативтерін талдап-белгілеу.

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – санитарлық-профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды жасайтын және орындаітын, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер жүйесі.

САРАПТАУ – жобаны және оның баламаларын жүзеге асырудың ықтимал нәтижелерін бағалайтын жобалық-жоспарлық сипаттағы тәуелсіз зерттеу.

СҮТЕКТІК КӨРСЕТКІШ – ерітінділердегі сутек иондарының шоғырлануын (белсендігілін) сипаттайтын олшем.

Таза тұшысада pH = 7,0. Әдетте, өзен сұнын pH = 6,5 – 8,5, шалшық суда pH = 5,5 – 6,0, атмосфералық суда pH = 4,6 – 6,1, мұхит сұнын pH = 7,9 – 8,3, шахта суларында кейде pH = 1,0 дең болады.

ТАБИГАТ ҚОРҒАУ ШАРАСЫ – табиги жүйелерді, табиги ресурстарды, олардың сапасы мен молшерін сактайтын кез келген шаралар.

ТАБИГАТ ҚОРҒАУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТЫ – табиги ортаны қорғауга және қалпына келтіруге арналған мақсатты саясат.

ТАБИГАТТЫ БАСҚАРУ – озін-өзі реттеуге кабілетті шаруашылық-өндіргіш табиги кешендерді құру мақсатымен және экологиялық тәп-тәндікті сақтау үшін адамның орта түзетін қурауыштардың мелшері мен аракатынасын, қарқынды және экстенсивті пайдаланылатын аумақтардың ұштастырылуын, үйлесуін реттеу.

ТАБИГАТТЫ ҚОРҒАУ НОРМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ – табигатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатымен шаруашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға қажетті бірыңғайландырылған (бірыңгай стандартталған) регламент (күнделікті, келешектік, жалпыға бірдей, жергілікті, уақытша) жүйесі.

ТАБИГАТТЫ САҚТАУ – жердің және оған жақын гарыш көңістігінің табиги ресурстарын қазіргі және адамзаттың болашақ үрпактарының мұдделері үшін аймактық пайдалануға, жаңғыртуға және сақтауға бағытталған халықаралық, мемлекеттік, аймактық әкімшілік-шаруашылық, саяси және көғамдық шаралар жиынтығы.

ТАБИГИ РЕСУРСТАР – көғамнын материалдық және мәдени мұқтаждығын қанағаттандыру үшін қолданылатын қоршаған табиги ортаның ең манызды қурауыштары (жер, орман, жануарлар дүниесінің ресурстары, т.б.).

ТАЗАЛАУ ДӘРЕЖЕСІ – шығарылған газдан немесе қоршаған судан бөлініп алынған ластағыш заттек массасының тазартылғанға дейін газдың не судың құрамында болған

ластағыш заттек массасына пайыздық қатынасы.

ТАЗАРТҚЫШ ИМАРАТТАР – қақба суды ластағыш заттектерден жүйелі тазалауды жүргізуге арналған арнайы инженерлік күрылымдар.

ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ – топырак түрлерінің тұтас алғанда биосфераның және жекелеген зерттеушілердің экологиялық тұрғытының қамтамасыз ету кабілеті.

ТӨГІНДІЛЕР – коршаған ортаға түсетін құрамында ластағыш заттектері (коспалары) немесе артық мөлшердегі жылуы бар қақба судар.

ТҰЗСЫЗДАНДЫРУ – ауыз су, қақба су, технологиялық немесе салындардың су ретінде пайдалану үшін суды тұздан арылту.

ТҮНДЫРҒЫШ – қақба судардан тұпке тұнатын не қалқыма салынды және майлы заттектерді гравитациялық жіктел бөлуге арналған имарат.

ТҮРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАР – калалардың, сондай-ақ ауылдық жерлердің коммуналдық шаруашылығынан шықкан тікелей қолданылмайтын қалдықтар.

ТҮПТІК ШӨГІНДІ – табиги, сондай-ақ техногендік заттектерден сукойма ішінде физикалық-химиялық және биохимиялық үдерістер нәтижесінде су ысысанының түбінде түзіліп тұнбага түсетін түптікласындылар мен катты белшектер.

УАҚЫТША КЕЛІСІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАР – 1) өндірістің ен озық технологиясын игерген, қуатты шамалас және технологиялық үдерістері үксас қасіпорындардың зиянды заттектерді атмосфераға шығару мөлшері; 2) тазартқыш имараттардың салынуы және басқа да шаралар есебінен нақты техникалық және экономикалық мүмкіндіктерді негізге алғанда – атмосфераға ластағыш заттектер шығарындыларының көлемін шекті рауалы шығарылды (ШРШ) деңгейіне дейін кезең-кезеңмен азайтуды қөздейтін уақытша норматив.

УЛЫ ҚАЛДЫҚТАР – құрамында адам денсаулығына өте зиянды асер ететін, сондай-ақ коршаған ортаға қауіп тұгызатын заттектері бар қалдықтар.

ФАКТОР – 1) үдерістердің қозгауыш күші немесе оларға ықпалы бар жағдай, қайсыбір үдерістегі, құбылыстығы мәнді жағдай; 2) белгілі оқиганың қозгауыш күші немесе оған кажетті жағдайдың бірі.

АНТРОПОГЕНДІК ФАКТОР – адамның қызмет қарекетінен (жоспарлы және кездейсек, қазіргі және бұрынғы) жанама түрде туындағын фактор.

ФИЗИКАЛЫҚ ЛАСТАНУ – коршаган ортаның температуралық-энергетикалық, толқындық, радиациялық және басқа да физикалық касиеттерінің нормадан ауытқуларынан болатын ластану.

ХИМИЯЛЫҚ ЛАСТАНУ – коршаган ортаның табиғи химиялық касиеттерінің қарастырылып отырған уақыт кезеңі үшін қайсыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе коршаган ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсіні немесе нормадан артық шамада тұсуі.

ХИМИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУ – мамандандырылған қәсіпорындарда киім-кешектерден дақтарды көтіру мен жалпы кірдең тазартудың күшті әрекетті органикалық ерітінділер колданылатын әдіс.

ХЛОРЛАУ – суға газ тәріздес (не басқа нысанда) хлор қосу үдерісі нәтижесінде хлорлы қышқыл немесе гипохлоридті иондар түзіліп, олар бактериялардың өніп-өсүін, органикалық заттектердің қышқылдануын тоқтатады, коагуляция үдерісін жеделтеді және істі азайтады.

ШЛАМ – сұйықты тұндыруда немесе сузуде белгінетін ұсак қатты бөлікшелер түріндегі тұнба.

ШӨЛДЕНУ – адамның шаруашылық қарекетінің ықпалымен есімдік жамылғысы сирек шөлге ұқсас ландшафттардың пайда болуы.

ШУЛЫҚ ЛАСТАНУ – шудың қарқындылығы мен кайталауының табиғи деңгейден артуы салдарынан пайда болатын физикалық (әдетте антропогендік) ластану нысаны. Шұлық ластану адамның қажуын күшетуге аласып соғады,

ақыл-ой белсенділігін темендetedі, ал 90–100 дБ-ге жететін болса, адам біртіндеп естуден қалады.

ШЫҒАРЫНДЫ – қәсіпорындар тобынан, қәсіпорыннан немесе адамнан қысқа уақыт ішінде немесе белгілі бір уақыт аралығында (сағат, тәулік) коршаган ортаға кез келген ластағыштардың түсі.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ – сапалық және сандық түргыдан әсерлердің, заттектердің табиғатын және олардың көлемдік, массалық мөлшерін анықтап, белгілі рұқсат етілген шамалармен салыстырып, пайдалылығын немесе зияндылығын талдап анықтау жолы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАУ – коршаган табиғи ортаға немесе бұған дейін-ак бұзылған ортаға араласу тұрғысындағы кез келген жобаны экологиялық талаптар мен нормативтерге сүйсніп, сондай-ак экологиялық білімдердің бүкіл кешенін ескере отырып негіздеу.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ – тірі ағзалар жиынтығының коректену, есү және үрпак беру максатында белгілі бір тіршілік ету көністігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптаскан жүйесі.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУШ – антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, сонын ішінде, дүлей зілзілалар мен апаттар салдарынан коршаган ортаның жай-күй бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – жалпы дүниежүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлігі, адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық мәселелердің өзекті маңыздылығын баршаның терең көміл ұғынуыштырымын сипатталады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ – биологиялық нысандардың жағдайына және коршаган ортаның барлық курауыштарының сапасын бақылау, тексеріп отыру. Ол үш сатыдан тұрады: жағдайды бақылау, бағалау және болатын өзгерістерді болжау.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ – адамның табигатқа және көрініште табиғаттың адамга тигізетін қолайсыз әсерлеріне байланысты туындайтын кез келген құбылыс.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРС – табиғи ресурстар; оларға таза атмосфералық ауа, таза су, табиғаттың көрікті көріністері, тазалағыш және сүзгіштік қасиеті бар батпақты жерлер және т.б. жатады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАУ – адамдардың шаруашылық немесе басқа да іс-әрекетінің экологиялық қауіпсіздікке сәйкестігін тексеруге бағытталған шаралар жүйесі немесе таңдалған аймақ төңірегіндегі жаңадан енгізілген шаруашылық кешенінің тіршілік оргасына, табиғи ресурстарға және адам денсаулығына тигізетін әсерін бағалау.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ – қоғамның табигатқа мақсаткерлік әсеріне байланысты шаралар жүйесі, осындай әсердің адам мен табигат үшін жағымсыз салдарына жол бермеу, азайту не жою мақсатын көздейді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СТАНДАРТ – табиғи нысандардың заңдық мәні бар сандық немесе сапалық көрсеткіші.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕ-ТЕҢДІК – кез келген табиғи бірлестіктері тірі ағзалардың түрлік құрамының, олардың санының, өнімділігінің, кеңістікте бөлініп таралуының, сондай-ақ маусымдық өзгерістердің, заттектердің биоталық айналымдарының және басқа да биологиялық үдерістердің біршама тұрақтылығы.

ЭМИССИЯ – 1) коршаған ортага газ тәрізді калдықтардың және/немесе жылудың шығарылуы; 2) қыздырылған немесе сыртқы электрлік және электромагниттік өрістер не болмаса шапшаң белшектердің ағындары әсер еткен деңелерден фотондардың, электрондардың, иондардың және басқа да белшектердің шығуы.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЛАСТАНУ – коршаған ортаның жылулық шығарындымен, әртүрлі сәулелер және өрістермен ластануы.

МАЗМУНЫ

Алғы сез.....	3
---------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

1 ТАРАУ.

АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАЙТЫН ӨНДІРІСТІК ШЫҒАРЫНДЫЛАР.....	5
1.1 Атмосфералық ауаның құрамы мен құрылышы.....	5
1.1.1 Ауадағы қоспалардың мөлшерлерін сипаттайтын бірліктер және олардың көлемдерін есептеу жолдары.....	8
1.2 Атмосфералық ауа шығарындыларына сипаттама.....	26
1.3 Жұмыс орнындағы (немесе бөлмедегі) ауаны тазартуға қажетті таза ауаның кіргізілетін мөлшері.....	42
1.4 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қауіптілік категориясын анықтау.....	45
1.5 Ұлы шығарындылардың атмосферада таралуы.....	50
1.6 Өнеркәсіптік кәсіпорынның санитарлық-корғау белдемі.....	56

2 ТАРАУ.

АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАҒЫШ КӨЗДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ.....	66
2.1 Жылу электр станциясының қазандықтарынан коршаған ортага болінетін шығарындылар.....	66
2.1.1 Жылу электр станциясының қазандықтарынан коршаған ортага болінетін шығарындылардың көлемдерін айқындау...	67
2.2 Механикалық өндірілгенде әдісінен шығарындылар.....	71
2.2.1 Металл мен пластмасса материалдарын механикалық әдіспен өндегендегі түзілетін шығарындылар көлемін есептеу жолдары.....	72

2.2.2 Электрлік пісіру (балқытып біріктіру) жұмысынан	
бөлінетін шығарындының көлемін есептеу.....	75
2.2.3 Ағаш ондеу участкісінде шығарындылары.....	76
2.2.4 Гальваника участкісінде металдарды әндеуден	
өткізгенде бөлінетін шығарындылар.....	79
2.3 Аккумуляторды зарядтау участкесінде шығарындысы.....	87
2.3.1 Аккумуляторды зарядтау участкесі шығарындысының	
көлемін есептеу.....	88
2.4 Қоймалар мен қалдықсақғағыштардан болінетін	
шығарындылар.....	91
2.5 Шаңдаатын материалдарды аударып салу кезінде	
болінетін шығарынды көлемі.....	100
2.6 Карьерлерден болінетін шаңдануды есептеу.....	101
2.6.1 Карьerde автокөлікке катысты жұмыстардан	
болінетін шығарындыларды есептеу.....	101
2.6.2 Қазып алу мен гиу жұмыстары кезінде болінетін	
шығарындыны есептеу.....	104
2.6.3 Бұргылау жұмыстарынан болінетін шығарындылар	
көлемін есептеу.....	104
2.7 Жарылыс кезінде болінетін шығарынды.....	106
2.8 Төмір жол кәсіпорындарындағы күйдіру үдерістерінен	
болінетін ластагыш заттектердің шығарындылары.....	108
2.8.1 Рельстерді пісіріп жалғау өндірісі.....	108
2.9 Бөлшектер мен түйіншектерді жуганда болінетін	
зиянды заттектердің мөлшерін есептесу.....	111
2.10 Асфальтбетон зауыттындағы шаңустагыш жүйеге	
тиесті тазалау тиімділігін айқындау.....	113

3 ТАРАУ.	
ЖЫЛЫЖАЙ ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН	
ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	118
3.1 Кәсіпорындардың энергетикалық қызметтінен болған	
(зыныда жағу) жылыхай газдарын есептеу.....	120
3.1.1 Қомірқышқыл газы CO_2 шығарындысын есептеу.....	121

3.1.2 Метан (CH_4) және азот оксидінің (N_2O)	
шығарындылары.....	124
3.2 Автомобиль колігінде отын жағудан орын алатын	
жылыхай газдар шығарындыларын бағалау.....	130
3.2.1 Қеміртек оксидінің шығарындыларын бағалау.....	130
3.2.2 Метан және азот оксидінің шығарындыларын	
бағалау.....	132
3.3 Мұнайды өндіру, тасымалдау, сактау және өнділеу	
кезіндегі шығарындылар.....	134
3.4 Газды өндіру, тасымалдау және кайта ондеу кезіндегі	
шығарындылар.....	135
3.5 Илеспе газды алауларда жағу кезіндегі қеміртек	
оксидінің шығарындылары.....	135
3.6 Қемірлі өндіру және өндеде болінетін жылыхай	
газдары.....	136
3.7 Жылыхай газдарын шығаратын онеркәсіптік	
удерістер.....	137
3.7.1 Шойын және болат өндірісі.....	137
3.7.2 Шойын өндірісі.....	138
3.7.3 Болат өндірісі.....	139

ЕКІНШІ БӨЛІМ

4 ТАРАУ.	
ГИДРОСФЕРАНЫ ЛАСТАЙТИН ӨНДІРІСТІК	
ТӨГІНДІЛЕР.....	141
4.1 Гидроресурстар мен акаба суларға сипаттама.....	141
4.2 Акаба суға және оны нормалдау мен тазалауына	
катысты есептеу жолдарына сипаттама.....	146
4.3 Шектік рауалы төгіндінің шамасын есептеу.....	154
4.4 Зиянды заттектерден акаба суларды тазалау дәрежесін	
есептеу.....	156
4.4.1 Калкыма заттектерден акаба суды тазалау дәрежесін	
есептеу.....	156

4.4.2 pH көрсеткішінің өзгеруіне байланысты акаба сұларды тазалау дәрежесін есептеу.....	157
4.4.3 Су коймаларына акаба суды тастау алдында температураны есептеу.....	159
4.4.4 Акаба суды зиянды заттерден тазалауды есептеу...	159

ҰШТЫШІ БӨЛІМ

5 ТАРАУ.

ҚАЛДЫҚТАР – ПОТЕНЦИАЛДЫ ШИКІЗАТ КӨЗІ.....	166
5.1 Қалдықтарды жіктеу және оларға сипаттама.....	166
5.2 Коршаған табиғи ортанын сапасын, өндіріс қалдықтарымен ластануын бакылау жүйесі. Улы өндіріс қалдықтарын зиянсыздандыру, өңдеу және көму.....	177
5.3 Қалдықсактағыштар (полигондар).....	183
5.4 Қалдықтарды іске асыру (кәдеге жарату).....	186
5.5 Қатты тұрмыстық қалдықтар.....	194
5.6 Биогаз.....	198

6 ТАРАУ.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ (ФИЗИКАЛЫҚ) ЛАСТАНУ.....	202
-----------------------------------------------	-----

Пайдаланылған әдебиет.....	217
Терминдер мен түсініктер.....	220

Басуга 23.12.2013 ж. көл қойылды. Калпы 84 x108 1/16. Қағазы
оффсетке арналған №1. Қаріл түрі “Times New Roman”. Оффсеттік
басылыш. Баспа табағы 14,75.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №01

*Автордың дайын файлынан
“Нұрлы Әлем” баспасында басылды.*

Баста кітаптың ішкі мәзмұнына жауап бермейді.

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефони:
Алматы 8 (727) 230 18 00